2023
Жаңа жыл құтты болсын!
EGEMEN QAZAQSTAN
№1 (30480) 1 ҚАҢТАР, ЖЕКСЕНБІ 2023 ЖЫЛ
Жүз жылдық жылнама
www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

# Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа жылдық құттықтауы



**Құрметті отандастар!**

Міне, біз қазір бір ел болып, Жаңа жылды қарсы аламыз. Оны бәріміз ізгі ниетпен күтіп отырмыз. Осы сәтте мерекелік көңіл күймен бір-бірімізге ақ тілек айтамыз. Болашаққа сеніммен қарап, жоспар құрамыз. Миллиондаған азаматтарымыз сияқты мен де жаңа жыл жарылқасын деп келешекке үмітпен қараймын. Өтіп бара жатқан жыл еліміз үшін оңай болған жоқ, күрделі болды. Қаңтар айында тәуелсіздік тарихындағы зор сын-қатерге тап болдық. Бірақ халқымыздың мызғымас бірлігінің арқасында біз осы қатердің бетін қайтардық. Елдігімізді сақтап қалдық. Төл тарихымызға қарасақ, жұртымыз көптеген сыннан шыңдалып шыққан. Біз де қиындықтарды артқа тастап, алға қарай нық қадам бастық.

Жалпы, осы жыл Қазақстан үшін түбегейлі бетбұрыс жылына айналды. Біз мемлекеттігімізді нығайтып, жаңару және жаңғыру жолына түстік. Жалпыхалықтық референдум өткізіп, шын мәнінде жаңа Конституциямызды қабылдадық. Онда нағыз әділдік рухы көрініс тапты. Енді Президент 7 жылдық мерзімге бір рет қана сайланатын болды. Парламент жүйесінің реформасын бастадық. Халқымыз аукымды өзгерістерге қолдау білдірді. Сайлау жүйесіне жаңа ережелер енгізілді. Президент сайлауы ашық және әділ өтті. Мұның бәрі еліміздің саяси жүйесін жан-жақты жаңғырта түсті. Әкімшілік-аумақтық реформа жасадық. Абай, Ұлытау және Жетісу облыстары құрылды. Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы өтті. Ең өзекті мәселелерді ауқымды диалог арқылы шешетін болдық. «Республика күніне» ұлттық мереке мәртебесі берілді.

Биыл еліміз үшін несібелі жыл болды. 400 мыңға жуық сәби дүниеге келіп, көптеген отбасының шаңырағы бақытқа толды. Біз Балалар жылында «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын көтердік. Бұл – өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін жасалған өте маңызды қадам. Диқандарымыз 23 миллион тонна астық жинады. Бос жатқан 5 миллион гектар жер мемлекетке қайтарылды. Бірнеше ірі өндіріс іске қосылды. Мыңдаған жаңа жұмыс орны ашылды. «Қазақстан халқына» қоры құрылды, соның арқасында көптеген азаматқа нақты көмек көрсетіліп жатыр. Спортшыларымыз әлемдік жарыстарда көк туымызды желбіретті. Күрделі геосаяси жағдайда Қазақстанның халықаралық беделін арттырдық, біркатар алпауыт елдердің сенімді серіктесі атандық. Осылайша Барыс жылы ауқымды өзгерістер мен жаңа дәуірдің бастауы болды.

**Қадірлі отандастар!**

Өтіп бара жатқан 2022 жыл тарихта еңсеру жылы ретінде қалады. Еліміз алапат сынаққа төтеп берді. Қиындықпен бетпе-бет келген қазақстандықтар жарқын болашақ үшін біріге білді. Біз шыңдала түстік. Түбегейлі реформаларды жалғастыруымызға ешбір сынкатер кедергі бола алмады. Әділетті Қазақстанды құру үшін берік негіз қаланды. Саяси өзгерістер дәйекті түрде жүзеге асырылып жатыр. Конституциялық референдум мен Президент сайлауы негізгі билік институттарын жаңғыртуға жол ашты.

Келесі жылы Сенат, Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Тұрғындар аудан әкімдерін де тікелей сайлайды. Бұл қадам елімізде жаңа демократиялық дәстүрді қалыптастыруға, саяси мәдениетті арттыруға жол ашатынына сенімдімін.

Адам құқығын қорғау саласында едәуір табысқа жеттік. Экономикамызды монополиядан арылтып, оның құрылымын қайта құру үдерісін бастадық. Біз мұнымен шектелмейміз.

Жаңа жылда сапалы жолдар, қолжетімді тұрғын үйлер, заманауи мектептер мен ауруханалар саламыз.

Билік кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Инфляцияны ауыздықтап, халықтың нақты табысын арттыру және өндірісті жолға қою Үкіметтің басты міндеті болып қала береді. Мен Президент лауазымына қайта сайланғаннан кейін, ең алдымен, ауылды көркейтуге, ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған кешенді жұмыстарды бастау туралы Жарлыққа қол қойдым. Біз өз ісіне адал, Отанымыздың нағыз патриоттары мен кәсіби мамандарға жан-жақты қолдау көрсетеміз.

Кәсіпорындарда еңбек ететін жұмысшылар және шаруалар, ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері, әскерилер мен құқық қорғау жүйесінің қызметкерлері, инженерлер мен құрылысшылар, кәсіпкерлер мен спортшылар, меценаттар мен волонтерлер, журналистер мен медиасала мамандары, сондай-ақ мұғалімдер, тәрбиешілер, дәрігерлер, медицина және әлеуметтік сала қызметкерлері – халқымыздың ерен ерлері.

**Қадірлі достар!**

Біз келе жатқан Жаңа жылдан зор үміт күтеміз. Баршаңызға мәлім, әлемдегі ахуал аса күрделі. Соған қарамастан келесі жыл еліміз үшін жемісті жыл болады деп сенемін. Алдымызда ауқымды жұмыс тұр, көптеген жоспарымызды жүзеге асыруымыз керек. Негізгі мақсат – мемлекетімізді нығайту және халқымыздың әл-ауқатын арттыру. Мен Президент ретінде осы мақсаттарға жету үшін барлық күш-жігерімді саламын. Алдағы жылы ұлттың рухын көтеретін маңызды іс-шаралар өтеді. Біз бір ел болып, бір халық болып, бірлесе еңбек етіп, Жаңа жылда жаңа табысқа жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін.

Биылғы қиындықтарға қарамастан, біз келешекке үлкен үмітпен қараймыз. Алдағы 2023 жыл тың мүмкіндіктерге қол жеткізіп, биік белестерді бағындыратын жыл болады деп сенемін.

Алдағы жолымыз оңай болмайды. Алайда кідік пен күмәннен арылып, көздеген мақсатқа жету үшін батыл қадам жасау керек. Сонда ғана мұратымызға жетеміз.

«Жақсылық бар жерде тапшылық болмайды» дейді халқымыз. Жаңа жылда баршамыз жақсылыққа ұмтылайық. Бір-бірімізге жанашыр, қамқор болайық. Ең бастысы, табанды еңбек етіп, елімізді бірге дамытайық.

Жаңа жыл халқымыз үшін берекелі жыл болсын!

Әр шаңырақ шаттыққа, қуанышқа толсын!

Баршаңызға зор денсаулық, мол табыс тілеймін!

Жаңа жыл құтты болсын, ағайын!

## РЕСМИ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына:

1) 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жоғарғы Сот Төрағасы сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) ұсынуы негізінде Жоғары Сот Кеңесімен келісу бойынша әрбір аудандық сот үшін судьялардың санын белгілейді.»;

**(Жалғасы 10-бетте)**

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім):

**(Жалғасы 10-бетте)**

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы**

Осы Заң Қазақстан Республикасының азаматы төлемге қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға арналған негіздерді, оларды жүргізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

**(Жалғасы 16-бетте)**

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім):

**(Жалғасы 18-бетте)**

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

**(Жалғасы 19-бетте)**

## ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Мемлекет басшысының жарлықтарымен:

Қайрат Төлегенұлы Жақыпбаев Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы болып 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап тағайындалды, ол Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік құқық бөлімінің меңгерушісі лауазымынан босатылды;

Айжан Ержанқызы Жатқанбаева Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы лауазымына 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап тағайындалды;

Бақыт Маратұлы Нұрмұханов Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы лауазымына 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап тағайындалды;

Роман Анатольевич Подопригора Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы лауазымына 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап тағайындалды.

## Жарқын жеңісімен құттықтады

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев блиц-шахматтан әйелдер арасында әлем чемпионы атанған даңқты шахматшы Бибісара Асаубаеваны құттықтады.**

Мемлекет басшысы екінші рет қатарынан алтын медаль иеленген Бибісараның жеңісі оның асқан шеберлігі мен ерен ерік-жігерін тағы бір рет паш еткенін атап өтті.

Оның айтуынша, әлемдік сайыстарға отандық спортшылардың осындай елеулі жетістіктері еліміздің интеллектуал ұлт ретінде танытып, Қазақстанда шахмат спортының дәріптелуіне ықпал етеді және мыңдаған жас өренді жігерлендіреді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Бибісара Асаубаеваға әлемдік шахмат аренасында жарқын жеңістерге жете беруіне тілектестік білдірді.

## АЛТЫН БЕСІК

# Бақуатты ауыл – береке бастауы

**Халқымыз әуелден алтын бесік деп білетін, жусан исі аңқыған, шаруасы шалқыған ауылымыз – ынтымақ-бірліктің, ырыс-несібенің, молшылықтың алтын арқауы. Бірақ біраз жылдың бедерінде осы бедеріне нұқсан келген ауыл-аймақтың бүгінгі хал-ахуалы алаңдатарлық күйде екені, берекесі ортайып қалғаны тағы рас. Елдің еңсе тіктеуі, халықтың әл-ауқатының жақсаруы ауылдағы шаруашылықтың оңалуына да байланысты. Сондықтан ауылды көтеру қашанда назарда және алдымыздағы жылы айрықша көңіл бөлінеді.**

**Орынбек ӨТЕМҰРАТ,**
«Egemen Qazaqstan»

### Бес жылға жоспар әзірленеді

Бұлай деуіміздің себебі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа президенттік мерзімге сайланарда ауылды өркендету ісін ерекше назарында ұстайтынын баса айтты. Бұл ойын ұлықтау рәсімінде нықтай түсті.

«Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан ауылдағы жағдайды жақсарта алмасақ – бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қойдым. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Бұл менің жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығым болады. Үкімет ауылды дамытуға арналған барлық жобаны жүйелі түрде реттеп, жинақтауға тиіс. Содан кейін мақсатты түрде тиімді жұмыс жүргізетіз», деді Президент.

Бұған қоса Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында және Үкіметтің кеңейтілген отырысында ауыл шаруашылығын дамытуға қатысты қадау-қадау тапсырмалар берді. Енді осы тапсырмалардың ыңғайына қарай жаңа жылдарға жұмыс жоспары қалай болмақ? Осыған кеңінен тоқталып өткенді жөн көріп отырмыз.

**(Соңы 3-бетте)**

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: **EUR/KZT** 492.86 **USD/KZT** 462.65 **RUB/KZT** 6.43 **CNY/KZT** 66.73

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

2) 9-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

3) 12-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

4) 14-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы алып тасталсын;

5) 16-баптың 1-тармағының 5) және 8) тармақшалары алып тасталсын;

6) 20-баптың 1-тармағының 9-1) және 9-2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат саны лимитінің шегінде уәкілетті органның құрылымын және штат кестесін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келіседі;

9-2) Қазақстан Республикасының Президентіне уәкілетті органның басшысын тағайындау туралы ұсыну енгізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган басшысының орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;»;

7) 22-баптың 2-1-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) судьялардың еңбегіне ақы төлеу шарттарын бекітеді;»;

8) 29-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Судьяның кәсіптік міндеттерін атқаруына кедергі келтіретін аурулардың тізбесі уәкілетті орган мен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.»;

9) 4-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бөлім. Сот әкімшілігі»;

10) 56-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«56-бап. Сот әкімшілігі

1. Қазақстан Республикасының Президенті құратын уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға құқықтық статистикалық құжатталған ақпаратты ұсынуды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Тиісті уәкілетті мемлекеттік орган және уәкілетті органның облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері уәкілетті органның бірыңғай жүйесін құрайды.

3. Уәкілетті органның құзыреті Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін ережеде айқындалады.

4. Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары Сот Кеңесімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуымен уәкілетті органның басшысын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

5. Уәкілетті органның басшысы уәкілетті органның және оның облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерінің құрылымын және штат кестесін Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат саны лимитінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітеді.

6. Уәкілетті органның қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Уәкілетті органның қызметкерлері мәртебесі, жалақы деңгейі, материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етудің өзге де жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің тиісті қызметкерлеріне теңестіріледі.».

2. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 2007 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына:

6-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

«1-2) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуге байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлерін жүзеге асыру үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мөрлерінде;».

3. «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына:

1) 1-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қор биржасы – Орталықта қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;»;

2) 2-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасында сақтандыру, банктік қызметтер көрсету, исламдық қаржыландыру, қаржылық технологиялар, цифрлық активтер, электрондық коммерция және инновациялық жобалар нарығын дамыту;»;

3) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

«4-1-бап. Цифрлық активтер саласындағы реттеудің ерекше режимі

1. Цифрлық активтер ұғымы және олардың түрлері, сондай-ақ Орталықта цифрлық активтерді шығару (цифрлық майнингті қоспағанда), орналастыру, айналысқа жіберу, сақтау тәртібі мен шарттары Орталық актілерінде айқындалады.

2. Цифрлық активтер биржаларына қойылатын талаптар және оларды Орталықта лицензиялау тәртібі Орталық актілерінде айқындалады.

3. Цифрлық активтер биржалары ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін:

1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес ақпараттық қауіпсіздік жедел орталығының көрсетілетін қызметтерін сатып алуға;

2) Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығын және цифрлық активтер биржасына қызметтер көрсететін ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығын өз бетінше анықталған ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғалары туралы «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері мен ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде құлақтандыруға;

3) ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларын басқару жөніндегі саясатты және олардың қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын әзірлеуге және іске асыруға;

4) цифрлық активтер биржаларына Орталықтың актілерінде көзделген өзге де талаптарды сақтауға тиіс.

4. Цифрлық активтер биржалары тұтынушылардың мүддесін қорғау мақсатында жеке және заңды тұлғаларды қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді сатып алуға, иеленуге және олармен операциялар жасауға байланысты тәуекелдер туралы хабардар етуге міндетті.

5. Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер биржасының және (немесе) цифрлық активтерге байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар Орталық қатысушысының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкімен өзара іс-қимыл жасау тәртібі мен тетіктері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Орталық актісінде айқындалады.

6. Цифрлық активтер биржалары есептілігінің тізбесі, оны ұсыну мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша Орталық актісінде айқындалады.»;

4) 6-бапта:

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Цифрлық активтер биржасын қоспағанда, Орталық қатысушылары Орталықтың аумағында мынадай қаржылық қызметтерді көрсетуден алған кірістері бойынша корпоративтік табыс салығын төлеуден 2066 жылғы 1 қаңтарға дейін босатылады:»;

7-тармақ:

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларын қолдану мақсаты үшін қор биржасының ресми тізімдеріндегі бағалы қағаздар деп Орталықтың қолданыстағы құқығына сәйкес айқындалған бағалы қағаздар түсініледі.»;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігі 3) тармақшасының ережелері Орталықтың, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мен салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның бірлескен актісінде айқындалған өлшемшарттарға сәйкес биржада сауда-саттығы жүзеге асырылған бағалы қағаздар бойынша дивидендтерге қолданылады.»;

5) 12-баптың 3-тармағында:

5) тармақшадағы «Орталық» деген сөз «тұтынушылардың құқықтарын қорғауды, Орталық» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы актілерді әзірлейді, оларды жария талқылауға шығарады және оларды қабылдайды, сондай-ақ Орталық қатысушыларының оларды сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;».

2-бап. Осы Конституциялық заң:

1) «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 4) тармақшасының төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарын;

2) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 4) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 2) тармақшасын;

4) 2023 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 3) тармақшасын;

5) 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 30 желтоқсан
№ 176-VII ҚРЗ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**(Жалғасы. Басы 1-бетте)**

1) 740-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-3) тармақшамен толықтырылсын:

«2-3) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға;»;

2) 741-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-3) тармақшамен толықтырылсын:

«2-3) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға;».

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

119-2-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерінде жаңа өнім үшін шикізатты, материалдарды, заттарды, құрамдастарды өңдеуге байланысты өңдеу өнеркәсібі салаларына жататын жобаларды іске асыру кезінде арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шартта көзделген барлық объектілер (құрылыстар, құрылысжайлар) пайдалануға берілген кезден бастап үш жыл өткен соң сатып алуға құқылы.

Тиісті объектілерде (құрылыстарда, құрылысжайларда) өнім өндіруді жүзеге асыру осы тармақшаға сәйкес жер учаскесін сатып алудың міндетті шарты болып табылады.

Осы тармақшаның ережелері осы Кодекстің 84-бабына сәйкес арнайы экономикалық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеуі үшін мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан мәжбүрлеп иеліктен шығару жолымен мемлекеттік меншікке өткен жер учаскелеріне қатысты қолданылмайды;»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте республикалық немесе өңірлік маңызы бар арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың қатысушылары осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда жер учаскесін қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасалған кезде белгіленген кадастрлық (бағалау) құнына тең баға бойынша сатып алуға құқылы.».

3. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) 3-баптың 1-тармағының 17) тармақшасындағы «құруға (салуға) не қолда барларын реконструкциялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді іске асыруға арналған ақпараттандыру объектілерін, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін қоспағанда, ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде бюджет қаражаты есебінен бюджеттік бағдарлама әкімшісі тікелей іске асыратын және аяқталған сипаттағы» деген сөздер «құру (салу) не қолда барларын реконструкциялау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді іске асыруға арналған ақпараттандыру объектілерін, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін қоспағанда, ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту үшін бағытталған, бюджет қаражаты есебінен тікелей бюджеттік бағдарлама әкімшісі белгілі бір уақыт кезеңі ішінде іске асыратын және аяқталған сипаты бар, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекция белгілі бір уақыт кезеңі ішінде іске асыратын және аяқталған сипатты бар» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың 10) тармақшасы «қорына» деген сөзден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 6-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі «төлемдерін,» деген сөзден кейін «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының түсімдері мен шығыстарын,» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 41-баптың 4-1-тармағы бірінші бөлігінің 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«14) ұлттық экономиканың орнықты экономикалық дамуы саласында зерттеулер, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми экономикалық сараптама жүргізу бойынша;»;

5) 45-бап мынадай мазмұндағы 9-2-тармақпен толықтырылсын:

«9-2. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің жалпы сипаттағы трансферттерінің көлемдері:

1) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын, жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесіне сәйкес жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша нақтыланған жоспар ескерілген ағымдағы шығындардың көлемдері;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган ұсынатын, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруге арналған ағымдағы шығындардың болжамды көлемі;

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша тиісті салалардың (аялардың) орталық уәкілетті органдары ұсынатын, жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесіне сәйкес қалыптастырылатын көрсеткіштер мен коэффициенттер жөніндегі ақпарат;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша тиісті салалардың (аялардың) орталық уәкілетті органдары ұсынатын, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруға бағытталған жергілікті бюджеттік даму бағдарламалары шығындарының болжамы жөніндегі ақпарат ескеріле отырып айқындалады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жалпы сипаттағы трансферттердің есеп-қисаптары жөніндегі қорытындының жобасын жасайды және оны Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін қарау және айқындау ағымдағы қаржы жылының 1 тамызынан кешіктірілмей аяқталады.

Жалпы сипаттағы трансферттердің есеп-қисаптарына берілетін ақпараттың негізділігі, анықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті салалардың (аялардың) орталық уәкілетті органдарының басшылары және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері жауапты болады.

Тиісті салалардың (аялардың) орталық уәкілетті органдары жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде қабылданған көрсеткіштерге, жергілікті бюджеттің базасына енгізілген нысаналы трансферттерге және жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы заңда белгіленген қаржыландырудың ең аз көлемдеріне бюджеттік мониторингті қамтамасыз етеді.

Тиісті салалардың (аялардың) орталық уәкілетті органдары тиісті бюджеттік бағдарламаның атқарылуы туралы талдамалық есепті қалыптастыру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік мониторингтің нәтижелерін жылдың қорытындылары бойынша жібереді.

Бюджеттік мониторингті жүргізу және тиісті бюджеттік бағдарламаның атқарылуы туралы талдамалық есепті қалыптастыру бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын әдіснамалық және әдістемелік тәсілдерге сәйкес жүзеге асырылады.»;

6) 46-бапта:

5-1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Төмен тұрған жергілікті бюджеттен бюджеттік инвестицияларды қоса қаржыландыру шарты білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба шеңберіндегі бюджеттік инвестициялық жобаларға қолданылмайды.»;

7-тармақта:

бірінші бөліктегі «Жоғары» деген сөз «Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны қоспағанда, жоғары» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде іске асырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялардың сметалық құнын ұлғайтуға байланысты шығыстар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобада көзделген жағдайларда және тәртіппен қаржыландырылады.»;

7) 49-бапта:

1-тармақтың 7), 22), 30), 31), 33), 34), 35), 36) және 37-1) тармақшалары алып тасталсын;

2-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорына және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұл, санкциялар, өндіріп алулар;

5) мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорына және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер республикалық бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады.»;

8) 50-бапта:

1-тармақ 8) тармақшасындағы «төлемақы облыстық бюджетке түсетін салықтық түсімдер болып табылады.» деген сөздер «төлемақы;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8-1) және 8-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-1) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы;

8-2) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем облыстық бюджетке түсетін салықтық түсімдер болып табылады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4-2) және 4-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-2) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша объектілер операторларынан алынған қаражат;

4-3) мұнай секторы ұйымдарынан және салық салу саласындағы құқық бұзушылықтардан түсетін түсімдерді қоспағанда, сот орындаушылары, сот приставтары және сот төрағасы немесе сот отырысында төрағалық етуші уәкілеттік берген соттардың басқа да қызметкерлері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұл, санкциялар, өндіріп алулар;»;

9) 51-бапта:

1-тармақта:

8) тармақшаның жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанолға, нефрасқа, жеңіл көмірсутектер қоспаларына және экологиялық отынға акциздер;»;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен және 24) тармақшадағы «алым республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне түсетін салықтық түсімдер болып табылады.» деген сөздер «алым;» деген сөзбен ауыстырылып, 25) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы;»;

«25) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне түсетін салықтық түсімдер болып табылады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4-3) және 4-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-3) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша табиғат пайдаланушылардан алынған қаражат;

4-4) мұнай секторы ұйымдарынан және салық салу саласындағы құқық бұзушылықтардан түсетін түсімдерді қоспағанда, сот орындаушылары, сот приставтары және сот төрағасы немесе сот отырысында төрағалық етуші уәкілеттік берген соттардың басқа да қызметкерлері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұл, санкциялар, өндіріп алулар;»;

10) 52-баптың 1-тармағы 8) тармақшасының жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанолға, нефрасқа, жеңіл көмірсутектер қоспаларына және экологиялық отынға акциздер;»;

11) 8-тарау мынадай мазмұндағы 52-3-баппен толықтырылсын:

«52-3-бап. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына түсетін түсімдер

Мыналар Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына түсетін салықтық емес түсімдер болып табылады:

1) Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының мақсаттарына жеке және (немесе) заңды тұлғалардан мемлекеттік меншікке өтеусіз берілетін ақша;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша шығарылған сот актісі негізінде оларды тәркілеу нәтижесінде мемлекеттік меншікке түскен ақша;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша шығарылған сот актісі негізінде тәркіленген мүлікті өткізуден мемлекеттік меншікке түскен ақша;

4) жеке және (немесе) заңды тұлғалардан мемлекеттік меншікке өтеусіз берілген ақша;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша, егер олардың кем дегенде біреуі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болып табылса, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган тергеп-тексеретін қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша мемлекетке келтірілген залалды өтеу нәтижесінде мемлекет кірісіне, оның ішінде мүлікті өткізуден түсетін ақша.»;

12) 55-бапта:

1-тармақта:

3) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту;»;

6) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«коммуналдық меншіктегі сумен жабдықтау объектілерін, оның ішінде сумен жабдықтаудың, тазарту, сорғыту жүйелерінің, кәріздік, оның ішінде кәріздік сорғы станцияларының, жылу мен электр желілерінің тарату желілерін құру және реконструкциялау;»;

7) тармақша мынадай мазмұндағы он алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру;»;

10) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қалалардың көшелерін салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау, оның ішінде автомобиль жолдарын, сондай-ақ олардағы жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын ағымдағы жөндеу;»;

5-тармақ мынадай мазмұндағы 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23) және 24) тармақшалармен толықтырылсын:

«10) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы өзге де көрсетілетін қызметтерді іске асыру, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру;

11) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру;

12) тұрғын үй көмегі;

13) белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу;

14) жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру;

15) мүгедектігі бар балаларды қоса алғанда, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру;

16) халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету;

17) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

18) жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек;

19) жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру;

20) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету;

21) коммуналдық меншіктегі сумен жабдықтаудың, кәріздің, кәріздік сорғы станцияларының, газбен жабдықтау мен жарықтандырудың тарату желілерін жобалау, салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу және жаңғырту;

22) автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу;

23) тұрғын үй қорын түгендеу;

24) шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру.»;

13) 58-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражатын бөлу жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау және мәселелерді қарау;»;

14) 62-бапта:

тақырыптағы «және мемлекеттік органның меморандумы» деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақ алып тасталсын;

15) 70-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Білім беру, дене шынықтыру және спорт, сұрыптарды сынақтан өткізу, ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету, суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу және бағалау, ветеринария, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларының, Қарулы Күштердің спорт, мәдениет, әуежай қызметі салаларында, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету саласында маманданатын, арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарының тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету саласындағы мемлекеттік мекемелері, сондай-ақ мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік музейлер, музей-қорықтар және мемлекеттік архивтер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында кіріс келтіретін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылуға жатады.»;

16) 74-баптың 1-тармағының екінші бөлігі 4) тармақшасының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Түсіндірме жазбаға Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары бөлінісінде бюджеттік инвестициялардың, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыруға бағытталған бюджеттік инвестициялардың тізбесі қоса беріледі;»;

17) 79-баптың 2-тармағы екінші және үшінші бөліктерінің

1-2) тармақшалары алып тасталсын;

18) 82-баптың 8-тармағы «атқару рәсімдерін» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ бюджетті атқару саласындағы орталық уәкілетті органмен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру кезінде бюджеттің атқарылу рәсімдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

19) 83-баптағы «қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деген сөздер «қорғаныс қабілетін, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 88-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 12-1), 12-2) және 13-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«12-1) Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына жіберілетін ақша түсімдерін есепке жатқызуға және оларды Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес жұмсауға (Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының шоты);

12-2) Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының ақша түсімдерін есепке жатқызуға және оларды Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес жұмсауға (білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы органның шоты);»;

«13-1) бюджеттік ақшаны есепке жатқызуға және оларды білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жұмыстар, көрсетілетін қызметтер кешенін жүзеге асыруға пайдалануына (білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шоты);»;

2-тармақтың бірінші бөлігі «өтемақы қорының,» деген сөздерден кейін «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының,» деген сөздермен толықтырылсын;

21) 90-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы «өтемақы қоры» деген сөздерден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» деген сөздермен толықтырылсын;

22) 92-бапта:

тақырып «өтемақы қоры» деген сөздерден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» деген сөздермен толықтырылсын;

1 және 2-тармақтар «өтемақы қоры» деген сөздерден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» деген сөздермен толықтырылсын;

23) 94-бапта:

тақырыптағы «бюджеттен қайтару не оларды берешекті өтеу шотын» деген сөздер «бюджеттен, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан қайтару не оларды берешекті өтеу есебіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші бөлік «бюджеттен» деген сөзден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік:

«бюджетке» деген сөзден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына» деген сөздермен толықтырылсын;

«бюджеттен» деген сөзден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік:

«бюджетке» деген сөзден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына» деген сөздермен толықтырылсын;

«бюджеттен» деген сөзден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ «Бюджетке» деген сөзден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігінде:

«түсетін түсімдерді алуға,» деген сөздер «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді алуға, сондай-ақ» деген сөздермен ауыстырылсын;

«түсетін сомалардың, қарыздардың бюджетке артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен» деген сөздер «түсетін түсімдердің, қарыздардың бюджетке, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, Жәбірленушілерге өтемақы қорына артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ «бюджеттен» деген сөзден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорынан» деген сөздермен толықтырылсын;

24) 97-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның жергілікті бюджеттік бағдарламасы әкімшісінің қаражатты аударуы дирекция ұсынған қаржыландыру жоспарына сәйкес жасалған шарттар бойынша қаражатты аударуға арналған өтінімдер негізінде, оларда ағымдағы қаржы жылына көрсетілген сомалар шегінде жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 5-3, 5-4, 6-3 және 6-4-тармақтармен толықтырылсын:

«5-3. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының төлемдерін жүргізу кезінде, білім беру инфрақұрылымын қолдау жөніндегі жергілікті атқарушы орган шотын ағымдағы бақылауды жүзеге асырады, ол төлеуге берілетін шоттарды:

1) төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың: тауарларды беру туралы шот-фактура немесе жүкқұжат (акт) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрі көшірмелерінің бар-жоғын;

2) Қазақстан Республикасы банк заңнамасының нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығына қойылатын талаптарына сәйкестігін тексеруді білдіреді.

5-4. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотынан төлемдер жүргізу кезінде ағымдағы бақылауды жүзеге асырады, ол төлем тапсырмаларын:

1) төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың: электрондық шот-фактураның және орындалған жұмыстардың құны туралы анықтаманың бар-жоғын;

2) Қазақстан Республикасы банк заңнамасының нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығына қойылатын талаптарына сәйкестігін тексеруді білдіреді.»;

«6-3. Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражатын бөлу және оларды пайдалану кезінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражатын пайдалануға жауапты тиісті атқарушы органның бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

6-4. Осы баптың 5-4-тармағында көрсетілген растаушы құжаттардың анықтығы мен негізділігі үшін білім беру саласындағы

**(Жалғасы 11-бетте)**

(Жалғасы. Басы 1,10-беттерде)

пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекция Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.»;

25) 98-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі:

«өтемақы қорының» деген сөздерден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының» деген сөздермен толықтырылсын;

«бақылау шоттарына» деген сөздерден кейін «, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекцияның шотына» деген сөздермен толықтырылсын;

26) 104-бапта:

3-1-тармақ «қорының» деген сөзден кейін «, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы 4-2) және 4-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-2) Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резерв есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) бюджет қаражатын одан әрі пайдалануға;

4-3) өткен қаржы жылында міндеттемелер қабылданбаған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) тиісті бюджет комиссиясының ұсынысы бойынша және бюджеттік мониторинг негізінде олардың нысаналы мақсатын өзгертпей, одан әрі қаржыландыруға пайдаланылуы мүмкін.

Бюджет комиссиясының тиісті ұсынысы бюджетті түзету жылының алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейін әзірленеді.»;

27) 124-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының түсімдері мен шығыстары туралы есепті;»;

4) тармақша үшінші абзацындағы «есепті қамтиды.» деген сөздер «есепті;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы қамтиды.»;

28) 6-бөлім мынадай мазмұндағы 26-1-тараумен толықтырылсын:

«26-1-тарау. Мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндама

134-1-бап. Мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы қалыптастыру

1. Мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндама (бұдан әрі – ұлттық баяндама) мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару тиімділігін кешенді талдауды қамтитын құжат болып табылады.

2. Ұлттық баяндама мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқаруға байланысты қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында қалыптастырылады.

3. Ұлттық баяндаманы мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган қалыптастырады және онда мыналар қамтылуға тиіс:

1) мемлекеттік активтердің есепті кезеңдегі жай-күйі туралы талдамалық ақпарат;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің есепті кезеңдегі қызметі туралы ақпарат;

3) мемлекеттік активтер мен квазимемлекеттік секторды басқару тетіктерін одан әрі дамыту жөніндегі тұжырымдар мен ұсыныстар;

4) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі өзге де деректер.

4. Ұлттық баяндаманы қалыптастыру тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.

134-2-бап. Ұлттық баяндаманы ұсыну және бекіту

1. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын ұлттық баяндаманы Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық баяндама бекітілгеннен кейін оны ақпарат ретінде Қазақстан Республикасының Парламентіне есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей ұсынады.

3. Ұлттық баяндама туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.»;

29) 151-бапта:

14-тармақ «инвестицияларын» деген сөзден кейін «, сондай-ақ білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын бюджеттік инвестицияларды» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

«16. Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба шеңберінде бюджеттік инвестицияларды жоспарлау мен іске асыру тәртібін бюджеттік жоспарлау және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.»;

30) 153-бап мынадай мазмұндағы 22-тармақпен толықтырылсын:

«22. Осы баптың нормалары білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобаларға қолданылмайды.»;

31) 154-1-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктің бірінші абзацы «экономикалық қорытындының немесе» деген сөздерден кейін «әлеуетті жекеше әріптес жекеше бастаманы іске асыру шеңберінде әзірлеген конкурстық құжаттаманың ақпараттық парағының жобасына қорытындының немесе» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың ережелері саланы (аяны) дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар шеңберінде жоспарланатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына, егер көрсетілген құжаттарда мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының базалық параметрлері, оның ішінде мақсаттары мен міндеттері, бюджет қаражаты есебінен болжанатын төлемдер, мемлекеттік қолдау шаралары көзделсе, қолданылмайды.»;

32) 154-3-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының конкурстық құжаттамасы, оның ішінде техникалық-экономикалық негіздеме Қазақстан Республикасының заңнамасында, жекеше бастама негізінде іске асырылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларында көзделген жағдайларда, осы баптың 1 және 2-тармақтары қолданылмай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен әзірленеді.»;

33) 156-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың ережелері саланы (аяны) дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар шеңберінде жоспарланатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына, егер көрсетілген құжаттарда мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының базалық параметрлері, оның ішінде мақсаттары мен міндеттері, бюджет қаражаты есебінен болжанатын төлемдер, мемлекеттік қолдау шаралары көзделсе, қолданылмайды.»;

34) 160-баптың 7-тармағы «сыйақыны» деген сөзден кейін «, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру барысында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір көлемін қоса қаржыландыруды, мемлекеттің тұтыну кепілдігін» деген сөздермен толықтырылсын;

35) 48-тарау мынадай мазмұндағы 243-7-баппен толықтырылсын:

«243-7-бап. 2023 қаржы жылына арналған республикалық бюджетті нақтылау ерекшеліктері

2023 қаржы жылына арналған республикалық бюджетті нақтылау осы Кодекстің 12-бабының 6-тармағы қолданылмай жүзеге асырылады.».

4. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

161-баптың жетінші бөлігінің екінші абзацы «электрондық ақшаға,» деген сөздерден кейін «жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеуге арналған субсидиялар түрінде алынған, тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға,» деген сөздермен толықтырылсын.

5. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 70-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасында инвестициялық және пайдалану кезеңдерінің болуы.

Инвестициялық кезең мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін жобалауды (қажет болған жағдайда), салуды және (немесе) реконструкциялауды және (немесе) жаңғыртуды не құруды қамтиды. Пайдалану кезеңі мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін оның функционалдық мақсатына сәйкес пайдалануды не мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісінің инфрақұрылымына техникалық қызмет көрсетуді, не оны басқаруды қамтиды;»;

2) 72-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«72-бап. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілері

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру шеңберінде құрылатын (оның ішінде салынатын және қажет болған жағдайда жобаланатын) және (немесе) реконструкцияланатын және (немесе) жаңғыртылатын, сондай-ақ пайдаланылатын ғимараттар, құрылысжайлар және (немесе) жабдық, мүліктік кешендер, зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелері мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілері болып табылады.»;

3) 73-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаты – Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау мен іске асыру процестері туралы ақпаратқа ашық қол жеткізу;»;

4) 82-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы сауда саясаты жөніндегі консультативтік-кеңесші органның шешімі негізінде ішкі нарықта елеулі маңызды тауарлар тізбесіне енгізілген азық-түлік тауарларының немесе өзге де тауарлардың аса жетіспеушілігін болғызбау не азайту және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тыйым салулар мен сандық шектеулер және кедендік-тарифтік реттеу шараларын енгізуге;»;

5) 90-бапта:

1) тармақшадағы «және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды» деген сөздер алып тасталсын;

2-4) және 2-5) тармақшалар алып тасталсын;

6) 90-6-бап мынадай мазмұндағы 39-5) тармақшамен толықтырылсын:

«39-5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспарды, республикалық мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын, республикалық мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық (аукциондық) құжаттамасын, оның ішінде оларға жекеше әріптестердің мемлекеттік функциялардың іске асырылуын қамтамасыз етуін көздейтін жобалар бойынша бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласына қатысты бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде келіседі;»;

7) 92-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің креативті индустриялар саласындағы қызметі;»;

8) 116-баптың 3-тармағында:

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуге және бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары үшін көтерме саудада өткізуге;»;

11) тармақшадағы «шекті бағасын» деген сөздер «бағасын» деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 122-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«122-бап. Бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуге және бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары үшін көтерме саудада өткізуге баға белгілеу

1. Мемлекет Қазақстан Республикасының мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңнамасына сәйкес мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуге және стационарлық автожанармай құю станцияларында өткізуге арналған мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізуге бағаларды реттейді.

2. Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуге және бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген, стационарлық автожанармай құю станцияларында өткізуге арналған мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізуге шекті бағаларды белгілейді.

3. Мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізушілер мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы өткізу кезінде бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізудің белгіленген шекті бағаларынан асырмауға міндетті.

Мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары үшін көтерме саудада өткізушілер бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізуге белгіленген шекті бағалардан асырмауға міндетті.

4. Мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуге және стационарлық автожанармай құю станцияларында өткізуге арналған мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізуге бағалар мемлекеттік реттелген жағдайда, шекті бағалар айына бір реттен асырылмай белгіленеді.»;

10) 124-2-бапта:

тақырыптағы «газдың шекті бағасын» деген сөздер «газ бағасын» деген сөздермен ауыстырылсын;

«газдың шекті бағасын бекітеді» деген сөздер «газ бағасын бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 193-бапта:

3-тармақта:

екінші бөлік «кәсіпорын,» деген сөзден кейін «акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген талап Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторына және дауыс беретін акцияларының елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі, бағалы қағаздардың бастапқы нарығында акцияларды орналастырған заңды тұлғаларға, сондай-ақ олармен үлестес тұлғаларға қолданылмайды.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Нарық субъектілеріне осы баптың талаптарын бұза отырып, бәсекелес нарықта қандай да бір тауарды өндіруге, өткізуге және (немесе) сатып алуға өзге де айрықша немесе артықшылықты құқықтар беруге тыйым салынады.»;

12) мынадай мазмұндағы 282-2-баппен толықтырылсын:

«282-2-бап. Инвестициялар тарту саласындағы ұлттық компания және оның өңірлік өкілдері мен өкілдіктері

1. Инвестициялар тарту саласындағы ұлттық компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалады.

2. Инвестициялар тарту саласындағы ұлттық компания және оның өңірлік өкілдері мен өкілдіктері:

1) Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын жақсарту бойынша талдамалық зерттеулер жүргізеді;

2) инвесторлардың қызметін қолдап отыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде инвесторлардың мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарымен, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерімен, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен кездесулерін ұйымдастырады, инвестициялық тақырып бойынша бизнес-форумдар, конференциялар мен семинарлар өткізеді, жұмыс істеп тұрған және перспективалы инвесторлардың деректорын қалыптастырады және жүргізеді, туындайтын мәселелерді шешуде инвесторларға жәрдемдеседі;

3) Қазақстан Республикасының қолайлы инвестициялық имиджін ілгерілетеді, оның ішінде инвестициялық мүмкіндіктер туралы ақпарат береді;

4) инвесторлармен келіссөздердің қорытындылары бойынша қол жеткізілген ресми уағдаластықтардың іске асырылуына мониторинг жүргізеді;

5) инвесторлардың қатысуымен іске асырылатын өнеркәсіптік-инновациялық жобаларға мониторинг жүргізеді;

6) инвесторлардың мемлекеттік қызметтерді, сондай-ақ өзге ұйымдар көрсететін басқа да қызметтерді алуын қолдап отыру бөлігінде инвесторлармен «бір терезе» қағидаты бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

7) өнеркәсіптік өнімді, оның ішінде басым тауарлар тізбесіне сәйкес өндіруге инвесторларды тарту бойынша жұмыс жүргізеді.»;

13) 289-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «5-тармағында» деген сөздер «4-тармағында» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 295-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«295-2-бап. Инвестициялар туралы келісім

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген тұлға мен заңды тұлға, оның ішінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясында тіркелген заңды тұлға арасында жасалатын, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің жеті жарым миллион еселенген мөлшерінен кем емес мөлшерде инвестицияларды жүзеге асыруды көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған шарт инвестициялар туралы келісім болып табылады.

Инвестициялар туралы келісімде инвестициялар туралы келісім жасалған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген преференциялар мен жеңілдіктер беру шарттары мен тәртібі айқындалады, сондай-ақ инвестициялар туралы келісім жасасқан заңды тұлғалар үшін қарсы міндеттемелер белгіленеді.

Инвестициялар туралы келісімдер мынадай қызмет түрлеріндегі жобаларды іске асыру үшін жасалмайды:

1) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына байланысты қызмет;

2) акцизделетін өнімді өндіру және (немесе) көтерме саудада өткізу;

3) лотерея өткізу;

4) ойын бизнесі саласындағы қызмет;

5) радиоактивті материалдардың айналымына байланысты қызмет;

6) банк қызметі (не банк операцияларының жекелеген түрлері) және сақтандыру нарығындағы қызмет (сақтандыру агентінің қызметінен басқа);

7) аудиторлық қызмет;

8) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіптік қызмет;

9) цифрлық майнинг саласындағы қызмет;

10) кредиттік бюролардың қызметі;

11) күзет қызметі;

12) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына байланысты қызмет;

13) жер қойнауын пайдалану саласындағы қызмет, оның ішінде кен іздеушілердің қызметі;

14) пайдалы қазбаларды өткізу, оның ішінде трейдерлердің қызметі, көмір, мұнай өткізу жөніндегі қызмет.

2. Инвестициялар туралы келісімнің мерзімі, оны өзгертудің және бұзудың тәртібі мен шарттары инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган бекіткен инвестициялар туралы келісімдерді жасасу, өзгерту және бұзу қағидаларында белгіленген.

3. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын ережелерді, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша инвестициялар туралы келісімге өзгерістер енгізу жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда инвестициялар туралы келісімнің ережелері жасалған күнінен бастап жиырма бес жыл бойы өз күшін сақтайды.»;

15) 295-3-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен заңды тұлға арасында жасалатын, заңды тұлғаның мұндай келісімді жасасуға өтінім берілген жылды қоса алғанда, сегіз жыл ішінде, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және оны жасасуға өтінім берілген жылдың 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің жетпіс бес миллион еселенген мөлшерінен кем емес жиынтық мөлшерінде, капиталдандырылатын кейінгі шығыстарды және (немесе) жаңа тіркелген активтерді сатып алуға, өндіруге, салуға арналған шығыстарды қаржыландыру жөніндегі, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және (немесе) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес тіркелген активтердің құнын ұлғайтатын басқа да шығындарды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерін көздейтін шарт инвестициялық міндеттемелер туралы келісім болып табылады.

Пайдалы қатты қазбаларды өндіру және (немесе) қайта өңдеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғамен инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасасқан жағдайда мұндай келісім тек қана пайдалы қатты қазбаларды өндіру және (немесе) қайта өңдеу саласындағы қызмет бойынша жасалады.

2. Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін заңды тұлғамен жасалады:

1) көмірсутекті пайдалы қазбаларды өндіретін жер қойнауын пайдаланушылар мен мұнай өнімдерін өндірушілерді қоспағанда, заңды тұлға тауар өндіруші болып табылады. Осы баптың мақсаттары үшін тауар өндіруші деп инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасасуға өтінім берілген жылдың алдындағы жылдағы жиынтық жылдық кірісінің кемінде жетпіс пайызын өз өндірісінің тауарларын өткізуден не осындай тұлға өндірген пайдалы қазбаларды және (немесе) осындай тұлғаның пайдалы қазбаларды қайта өңдеуі нәтижесінде алынған өнімді өткізуден түсетін кіріс құрайтын заңды тұлға түсініледі;

2) заңды тұлға осы Кодекске сәйкес ірі немесе орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;

3) акцизделетін тауарларды өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асырмайды;

4) арнаулы салық режимдерін қолданбайды.»;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көзделген соманың кемінде елу пайызын қаржыландыру, инвестициялық міндеттемелер туралы келісім жасасуға өтінім берілген жылды қоса алғанда, алғашқы төрт жыл ішінде жүзеге асырылуға тиіс.».

6. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

156-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының екінші абзацы «тұрғын үй төлемдеріне,» деген сөздерден кейін «жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға,» деген сөздермен толықтырылсын.

7. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 532-бапта:

1-тармақта:

5) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 275, 277, 280, 280-1, 521, 522, 523, 524, 525, 526, 527, 528, 529, 530, 531, 532, 533, 534, 536, 537, 538, 539, 540, 542, 543, 544, 545, 548, 549, 550, 551, 552, 553, 554, 555, 556 және 558-баптары бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін;»;

6) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 184, 190, 192-1, 193, 200, 207, 209, 213, 214, 216, 216-1, 218, 219, 221, 222, 222-1, 226, 228, 231, 233, 233-1, 235-1, 243, 250, 259, 311, 312 және 313-баптары бойынша, сондай-ақ 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 198, 214, 216, 218, 223, 232, 234, 235, 236, 238, 239, 241, 242, 244, 245, 246, 248, 250, 253, 255, 256, 263, 275, 286, 297, 366, 367 және 368-баптары бойынша;»;

9) тармақшадағы «автокөлік құралының» деген сөздер «жүк автомобилінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) егер тауарларды жөнелту (шығару, транзиттеу) елінің кедендік декларациясын уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша толтыру тауарларды жөнелту (шығару, транзиттеу) елінде көзделсе, кедендік декларациялау кезінде мұндай кедендік декларациялардың көшірмелерін ұсынуға келісім беру туралы міндеттеменің болуы.»;

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы баптың 1-тармағының 1), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген шарттар;»;

2) 533-баптың 14-тармағындағы «және 8)» деген сөздер «, 8) және 11)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 534-бапта:

1-тармақта:

5) тармақша:

«137-бабының 4-тармағына» деген сөздерден кейін «, 417-бабының 3-1 және 8-тармақтарына, 419-бабының 5-тармағына» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Хабарламаға осы Кодекстің 55-тарауында көзделген тәртіппен шағым жасалған жағдайда, куәліктің қолданысын тоқтата тұру шағым бойынша шешім шығарылғаннан немесе шағым жасалған хабарлама бойынша сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін жүзеге асырылады;»;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес берешектің (берешінің) туындауы;»;

11) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар акцияларының он және одан көп пайызына ие акционерлер, мұндай заңды тұлғалардың құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары, бас бухгалтерлері болып табылатын жеке тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасында 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 184, 190, 192-1, 193, 200, 207, 209, 213, 214, 216, 216-1, 218, 219, 221, 222, 222-1, 226, 228, 231, 233, 233-1, 235-1, 243, 250, 259, 311, 312 және 313-баптары бойынша, сондай-ақ 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 198, 214, 216, 218, 223, 232, 234, 235, 236, 238, 239, 241, 242, 244, 245, 246, 248, 250, 253, 255, 256, 263, 275, 286, 297, 366, 367 және 368-баптары бойынша қылмыстық іс қозғау;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 275, 277, 280, 280-1, 521, 522, 523, 524, 525, 526, 527, 528, 529, 530, 531, 532, 533, 534, 536, 537, 538, 539, 540, 542, 543, 544, 545, 548, 549, 550, 551, 552, 553, 554, 555, 556 және 558-баптары бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау.»;

4-тармақта:

«5),» деген цифрдан кейін «5-1),» деген цифрлармен толықтырылсын;

«және 10)» деген сөздер «, 10), 12) және 13)» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Осы баптың 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген негіздер бойынша тоқтатыла тұрған куәліктің қолданысы соттың немесе өзге де уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулының күшін жою не істі тоқтату туралы шешімі күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайта басталады.»;

7-тармақта:

5) тармақшадағы «275, 277, 280, 280-1, 522, 527, 528, 533, 534, 543, 548, 549, 550, 551, 552» деген цифрлар «275, 277, 280, 280-1, 521, 522, 523, 524, 525, 526, 527, 528, 529, 530, 531, 532, 533, 534, 536, 537, 538, 539, 540, 542, 543, 544, 545, 548, 549, 550, 551, 552, 553, 554, 555, 556» деген цифрлармен ауыстырылсын;

6) тармақшаның бірінші абзацындағы «190, 192-1, 193, 209, 213, 214, 218, 233, 233-1, 250, 259, 311 және 312», «214, 216, 218, 234, 235, 236, 241, 245, 255, 256, 286, 297, 366 және 367» деген сөздер тиісінше «184, 190, 192-1, 193, 200, 207, 209, 213, 214, 216, 216-1, 218, 219, 221, 222, 222-1, 226, 228, 231, 233, 233-1, 235-1, 243, 250, 259, 311, 312 және 313», «198, 214, 216, 218, 223, 232, 234, 235, 236, 238, 239, 241, 242, 244, 245, 246, 248, 250, 253, 255, 256, 263, 275, 286, 297, 366, 367 және 368» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер уәкілетті экономикалық операторға қатысты кедендік тексеру нысанында кедендік бақылау жүргізілсе, уәкілетті экономикалық операторлар тізілімінен алып тастау осындай тексеру аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.»;

4) 541-баптың 1-тармағында:

1) тармақшадағы «7) тармақшасында» деген сөздер «7), 9), 10) және 11) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы «және 137-бабының 4-тармағына» деген сөздер «, 137-бабының 4-тармағына, 417-бабының 3-1 және 8-тармақтарына және 419-бабының 5-тармағына» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Хабарламаға шағым жасалған жағдайда оны орындау мерзімі осы Кодекстің 55-тарауына сәйкес тоқтатыла тұрады.»;

5) 570-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Осы Кодекстің 532-бабы 1-тармағының 9) және 11) тармақшаларында белгіленген уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне заңды тұлғаны қосу шарттары енгізілгенге дейін уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар осы Кодекстің 532-бабы 1-тармағының 9) және 11) тармақшалары қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде өз қызметін көрсетілген шарттарға сәйкес келтіреді.».

8. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 173-баптың 9-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Келісімшарттың өндіру кезеңін ұзарту шарттарының Қазақстан Республикасы үшін жер қойнауын пайдалану құқығы берілген шарттарға қарағанда пайдасы аз болмауы тиіс.»;

2) 277-баптың 3-тармағының отыз бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«173, 174-баптарда, 176-баптың 7 және 8-тармақтарында, 178 – 181-баптарда;»;

3) 278-баптың 12-тармағының он бірінші бөлігі «көмірсутектер» деген сөзден кейін «мен уран» деген сөздермен толықтырылсын.

9. 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне:

175-бап мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

«2-1. 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін мыналардың:

1) осы Кодекстің 4-бабы бірінші бөлігінің 12) және 16) тармақшаларының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөліктің 16) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«16) жолданым – әкімшілік органға немесе лауазымды адамға жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) немесе ауызша нысанда, сондай-ақ бейнеконференцбайланыс нысанында жіберілген өтініш немесе шағым;»;

2) осы Кодекстің 64-бабының бесінші бөлігінің қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«5. Әкімшілік рәсімге қатысушылардың мемлекеттік органдардың басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс арқылы жүгіну тәртібін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.».

10. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 7-баптың 24) тармақшасы алып тасталсын;

2) 9-баптың 9) тармақшасы алып тасталсын;

3) 12-баптың 2-тармағының 24) тармақшасы алып тасталсын.

11. 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексіне:

1) 386-баптың 6-тармағы 8) тармақшасындағы «импорттаушыларға қолданылмайды.» деген сөздер «импорттаушыларға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) Қазақстан Республикасының аумағына көлік құралын бастапқы тіркеуден өтпеген көлік құралдарын 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелуді жүзеге асырған жеке тұлғаларға қолданылмайды.

Бұл ретте мұндай көлік құралдарын әкелу тәртібін, шарттары мен мерзімдерін, сондай-ақ олардың санаттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

2) 387-бапта:

1-тармақтағы «заңды тұлға» деген сөздер «мемлекеттік кәсіпорын, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын.

12. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

3-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің стратегиялық жоспары

Қазақстанның Ұлттық Банкі бес жылдық кезеңге арналған стратегиялық жоспар әзірлейді, онда Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің стратегиялық бағыттарын, мақсаттары мен нысаналы индикаторларын айқындайды.

Стратегиялық жоспарды Қазақстан Республикасының Президентімен не оның уәкілеттік беруі бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысымен келісу бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы бекітеді.».

13. «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

31-баптың екінші бөлігіндегі «2023» деген цифрлар «2024» деген цифрлармен ауыстырылсын.

14. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 16-бап мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

«3-2. Қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету және (немесе) сауықтыру үшін мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) оның еншілес ұйымдарының қаражаты пайдаланылатын банк мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) оның еншілес ұйымдарының қаражатын беру туралы шешім қабылданған кезден бастап және алынған қаражатты қайтару жөніндегі міндеттемелерді банк толық орындағанға дейінгі кезеңде пайданы бөледі, қарапайым және (немесе) артықшылықты акциялар және (немесе мерзімсіз қаржы құралдары бойынша дивидендтерді есепке жазады, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген шарттар сақталған кезде өз акцияларын кері сатып алуды жүргізеді.»;

2) 17-1-баптың 2-1-тармағының бірінші бөлігі алып тасталсын;

3) 36-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі «көзделген тұрғын үй төлемдерін» деген сөздерден кейін «, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаны» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 51-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

«2-2) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға;».

15. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 24-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«Қазақстанның халық әртісі;»;

2) 25-бап мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«- Қазақстанның халық әртісі» – Қазақстан Республикасының театр, цирк, музыка өнері мен кино өнерін дамытуға ерекше үлес қосқан, бұрын «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі» (Заслуженный артист Казахстана) және (немесе) «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (Заслуженный деятель Казахстана) құрметті атағына ие болған адамдарға;».

16. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

27-баптың екінші бөлігіндегі «2023» деген цифрлар «2024» деген цифрлармен ауыстырылсын.

17. «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

4-баптың 9-24) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9-24) Қоғамдық тамақтандыру объектілері жанындағы жазғы алаңдарды орнату қағидаларын әзірлейді және бекітеді;».

18. «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы» 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-бапта:

1-тармақ 4) тармақшасындағы «жүргізу тұрғын үй құрылысы жинақ банктері қызметінің негізгі түрлері болып табылады.» деген сөздер «жүргізу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызу үшін ағымдағы шоттарды ашу және жүргізу тұрғын үй құрылысы жинақ банктері қызметінің негізгі түрлері болып табылады.»;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 6-2) тармақшамен толықтырылсын:

«6-2) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу және ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызу үшін сенім білдірушінің мүддесінде және тапсырмасы бойынша ақшаны басқарудың сенімгерлік операциялары;».

19. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы»2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 12-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қордың мүлкін осы баптың 1-тармағында көрсетілген мақсаттар үшін міндетті мүліктік жарналар негізінде қалыптастыруға жол беріледі.»;

2) 35-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда міндетті мүліктік жарналар;».

20. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 29-баптың 1-тармағының 2-1) тармақшасы алып тасталсын;

2) 38-бап мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2-тармақтармен толықтырылсын:

«5-1. Республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аудан әкімінің аппараты:

1) шаруашылық бойынша есепке алуды жүзеге асырады;

2) шұғыл жағдайларда ауыр науқас адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастырады;

3) елді мекендердің санитариясын, жерлеу орындарын күтіп-ұстауды және туған-туысы жоқтарды жерлеуді қамтамасыз етеді;

4) елді мекендерді абаттандыруды және көгалдандыруды қамтамасыз етеді;

5) әлеуметтік көмекті және әлеуметтік қамсыздандыруды, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруды ұйымдастырады;

6) тұрғын үй көмегі жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

7) жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

8) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

9) коммуналдық меншіктегі сумен жабдықтаудың, кәріздің, кәріздік сорғы станцияларының, газбен жабдықтау мен жарықтандырудың тарату желілерін жобалау, салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу және жаңғырту жөніндегі жұмыстарға жәрдемдеседі;

10) автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеуді жүзеге асырады;

11) тұрғын үй қорын түгендеу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

12) шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыруды жүзеге асырады;

13) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

5-2. Облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала), қаладағы аудан әкімінің аппараты осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

21. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 30-2) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды іске асыруға бағытталған қаражат;».

22. «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

26-баптың 3-тармағы 5) тармақшасындағы «қабылдаса, өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқығы жоқ.» деген сөздер «қабылдаса;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқығы жоқ.».

23. «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 9-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Кеден ісі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау және күзету саласындағы уәкілетті органдар және өзге де мемлекеттік органдар деректорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген (әкелінген) көлік құралдары туралы мәліметтерді ақпарат алмасу жүйесі арқылы ұсынады.»;

2) 10-бап мынадай мазмұндағы 5-2-тармақпен толықтырылсын:

«5-2. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде тіркелген (мемлекеттік тіркелуге жататын) көлік құралдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық қозғалыста жоқ көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға жол берілмейді.»;

3) 13-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты:

(Жалғасы 12-бетте)

(Жалғасы. Басы 1,10-11-беттерде)

1) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы халықаралық қозғалыстағы көлік құралдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде;

2) жеке немесе заңды тұлғада көлік құралын иелену құқығы пайда болған кезде, бірақ осы көлік құралы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалуға тиіс.».

24. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-тарау мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

«9-1-бап. Қазақстан Республикасының аумағына кіретін (әкелінетін) және басқа мемлекетте тіркелген автокөлік құралына қойылатын талаптар

1. Басқа мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне (әкелінуіне) мынадай:

1) автокөлік құралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық іздестіруде немесе іздестіруде болған;

2) көлік құралының басқа мемлекетте тіркелгені туралы куәлік болмаған;

3) автокөлік құралының меншік иесі туралы мәліметтерді, автокөлік құралының сәйкестендіру белгілерін, осындай автокөлік құралын жеткізу орны және қабылдау шарттары туралы мәліметтерді қамтитын, Қазақстан Республикасының аумағына автокөлік құралын тасымалдау туралы қызметтер көрсетуге арналған шарт болмаған (автокөлік құралдарын тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді пайдалана отырып, автокөлік құралдарын әкелген жағдайда);

4) көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассиінің паспорттары) және өздігінен жүретін машиналардың және басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттары жүйесінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдарының сәйкестендіру белгілері және олардың тіркеу есебі туралы мәліметтер болмаған жағдайларда, жол берілмейді.

2. Басқа мемлекеттің құзыретті органында тіркелген автокөлік құралдарының кіруі (әкелінуі) және оларды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану басқа мемлекеттің құзыретті органында тіркелген автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына кіруінің (әкелінуінің) және оларды Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланудың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртібі мен талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.»;

2) 14-1-бапта:

1-тармақтағы «ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша, салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіп пен талапқа сәйкес конкурс қорытындылары бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Мемлекеттік кәсіпорын, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалап отырудың ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы бола алады.»;

3) 44-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«44-бап. Шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен жолаушыларды, багажды, жүктерді автомобильмен тасымалдаулар

Шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен:

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында;

Қазақстан Республикасының аумағында уақытша мемлекеттік есепке қойылған автокөлік құралдары үшін халықаралық қатынаста жолаушыларды, багажды, жүктерді тасымалдау жөніндегі кәсіпкерлік қызметке тыйым салынады.».

25. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 41) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«41) Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторы – Тауарлардың ұлттық каталогын әзірлеуді, жүргізу мен жаңартуды қоса алғанда, тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесін әзірлеуді, әкімшілендіруді, қолдап отыруды және пайдаланушылық қолдауды және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік;»;

2) 6-бапта:

11-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11-2) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесіне қойылатын талаптарды бекітеді, сондай-ақ Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторын айқындайды;»;

мынадай мазмұндағы 14-5) тармақшамен толықтырылсын:

«14-5) Қазақстан Республикасында өндірілетін, оған әкелінетін және (немесе) өткізілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ең төмен көтерме сауда бағасын белгілеу тәртібін бекітеді;»;

3) 7-бапта:

1-1) тармақша «қалыптастырады» деген сөзден кейін «және іске асырады» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 15-5), 15-6), 15-7), 15-8), 15-9) және 15-10) тармақшалармен толықтырылсын:

«15-5) Қазақстан Республикасында өндірілетін, оған әкелінетін және (немесе) өткізілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ең төмен көтерме сауда бағаларын Қазақстан Республикасында өндірілетін, оған әкелінетін және (немесе) өткізілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ең төмен көтерме бағаны белгілеу тәртібіне сәйкес бекітеді;

15-6) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін әзірлейді;

15-7) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізеді;

15-8) жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау үшін сауда саласындағы нысаналы индикаторларды есептеу әдістемесін бекітеді;

15-9) ақпараттық жүйеде тіркеу қағидаларын бекітеді;

15-10) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;»;

4) 7-3-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

5) 8-баптың бірінші бөлігінің 7), 7-1) және 7-2) тармақшалары алып тасталсын;

6) 10-баптың 2-7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-7. Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес қызметінің негізгі түрі ірі сауда объектілеріндегі, сондай-ақ сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беру, мұндай объектілердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және олардың жұмысын ұйымдастыру болып табылатын дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар:

1) ішкі сауда субъектілері мен олардың әкімшілігінің жұмыскерлері үшін ірі сауда объектісінің, сауда базарының жұмыс режимін қамтитын жұмыс регламентін бекітеді;

2) ішкі сауда субъектілеріне сауда объектілері мен сауда инфрақұрылымына тең қолжетімділік береді;

3) ішкі сауда субъектілеріне ірі сауда объектілері, сауда базарлары беретін қосымша көрсетілетін қызметтердің тізбесін (бар болса) бекітеді;

4) сауда объектілеріндегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына жол берілетін шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін ішкі сауда субъектілерінің (әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізетін) назарына жеткізеді;

5) ақпараттық жүйеде тіркеледі, оған қол жеткізе алады және өз қызметін ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырады;

6) ақпараттық жүйеде жалға алу шарттарын жасасады немесе оларға өзгерістер енгізеді;

7) сауда инфрақұрылымын құрады және жаңғыртады;

8) ірі сауда объектісінің, сауда базарының аумағындағы көтерме және бөлшек саудада сату аймағының аражігін ажыратады;

9) аумақтарында техникалық жағдайлар болған кезде сауда базарларында автодүкендерден сауданы ұйымдастырады;

10) сауда орнын жалға алғаны (пайдаланғаны) үшін төлемді ақпараттық жүйе арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен не екінші деңгейдегі банктер арқылы төлеуге шот жазып беру жолымен қабылдауды қамтамасыз етеді.»;

7) 16-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Еуразиялық экономикалық комиссияның актілерінде және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, әкелу кезінде тауарлардың нысаналы мақсатына растама берілуі қажет болатын жекелеген тауар түрлеріне қатысты кедендік-тарифтік реттеу шараларын қолдану мақсатында уәкілетті орган немесе өзге де мемлекеттік органдар тауардың нысаналы мақсатына растама береді.

Тауарлардың нысаналы мақсатын растауды уәкілетті орган немесе уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдар айқындайтын тәртіпке сәйкес және нысан бойынша өз құзыреті шегінде уәкілетті орган немесе мемлекеттік органдар жүзеге асырады.»;

8) 16-1-баптың 3-тармағының екінші бөлігі «шарттарға» деген сөзден кейін «және Еуразиялық экономикалық комиссия актілеріне» деген сөздермен толықтырылсын;

9) 17-баптың 2-тармағында:

«Тарифтік» деген сөз «Жекелеген тауарларға қатысты тарифтік» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Экспорты және (немесе) импорты осы баптың 1-тармағында белгіленген шараларға сәйкес рұқсат беру құжаттарының негізінде жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесін орталық мемлекеттік органдар уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде айқындайды.»;

10) 33-1-бап алып тасталсын;

11) 33-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«33-2-бап. Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және оның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жоспардан тыс тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы бапқа сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін ішкі сауда субъектілері, дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау субъектілері болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талаптар мен шектеулер қолданылатын қызмет пен мүлік Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау объектілері болып табылады.

4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган және оның лауазымды адамдары жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына осындай бағаларды белгілеу туралы шешімдерінің негізінде жүзеге асырады.

5. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік бақылау субъектісін осы бақылауды жүргізудің басталғаны туралы алдын ала хабардар ету талап етілмейді.

6. Уәкілетті орган өздеріне қатысты әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізілетін мемлекеттік бақылау субъектілерінің тізімін жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының шекті бөлшек сауда бағаларын белгілеу туралы шешімдерінің негізінде қалыптастырады.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу қорытындылары бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда уәкілетті орган мемлекеттік бақылау субъектісіне (объектісіне) жою мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою туралы нұсқама береді.

7. Әлеуметтік маңызы бар азық түлік тауарларының жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын мемлекеттік бақылау қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы көрсетілген мерзімдерде орындамау жоспардан тыс тексеру жүргізуге негіз болып табылады.».

26. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 15-3-бап мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

«10. Бірыңғай сатып алушының электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметті сатып алуына байланысты құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы қолданылмайды.»;

2) 16-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде электр энергиясына кепілдік беріп жеткізушілерге энергиямен жабдықтаушы өзге ұйымдарға қарағанда артықшылықтар беруге болмайды.»;

3) 25-бап мынадай мазмұндағы 4-1 және 9-тармақтармен толықтырылсын:

«4-1. Осы Заңның 13-бабының 3-3-тармағы бірінші бөлігінің

2) тармақшасында көзделген тыйым салу 2030 жылғы 1 қаңтарға дейін электр энергиясына кепілдік беріп жеткізушілерге қолданылмайды.»;

«9. Осы Заңның 15-3-бабының 10-тармағының күші бірыңғай сатып алушы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап жасасқан электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттарға қолданылады.».

27. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

24-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қарулы Күштердің спорт, мәдениет, әуежай қызметі саласында, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету саласында маманданатын мемлекеттік мекемелері өздерінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін және өздерінің негізгі қызметіне жатпайтын қызметтерді көрсетуге және осындай көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін ақшаны Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайтын тәртіппен пайдалануға құқылы.»;

екінші бөліктегі «мәдениет, сондай-ақ» деген сөздер алып тасталсын.

28. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 1-тармағында:

7) тармақшаның үшінші абзацындағы «бағалары мен нарықтарының» деген сөздер алып тасталсын;

38) тармақша алып тасталсын;

2) 19-2-баптың 2-тармағы «органдардың» деген сөзден кейін «, сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның» деген сөздермен толықтырылсын.

29. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

2-1), 2-2) 2-3) және 2-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1) креативті индустриялар – жеке және заңды тұлғалардың креативті қызметінің нәтижелерін жасау, шығару, қайта жаңғырту және жаппай тарату жөніндегі индустриялар;

2-2) креативті қызмет – шығармашылық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға байланысты экономикалық қызмет түрлері;

2-3) Қазақстан кітапханаларының жиынтық электрондық каталогы – Қазақстан Республикасы кітапханаларының қорлары туралы библиографиялық мәліметтер қамтылған электрондық ақпараттық ресурс;

2-4) Қазақстан Республикасының баспасөз архиві (бұдан әрі – баспасөз архиві) – Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының қорындағы баспа өнімінің жиынтығы;»;

мынадай мазмұндағы 2-5), 2-6) және 18-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-5) Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасы – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және материалдық емес мәдени құндылық болып табылатын салттар, түсініктер мен пайымдардың нысандары, білім мен дағдылар, сондай-ақ оларға байланысты құралдар, заттар;

2-6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік музей қоры каталогы – Қазақстан Республикасының музей қорына енгізілген барлық музей заттары және музей коллекциялары туралы мәліметтер қамтылған электрондық ақпараттық ресурс;»;

«18-1) шығармашылық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру – кіріс алуға бағытталған, жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, шығармашылық қызмет нәтижелерін іс жүзінде қолдануға байланысты қызмет;»;

2) 3-бап мынадай мазмұндағы 10-1) және 10-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«10-1) креативті қызметтен нәтижелер алуға, оның ішінде кіріс алуға тартылған тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне кепілдік беру;

10-2) мәдениетті, шығармашылықты, білімді, ғылымды, өндірісті және даму институттарын интеграциялау;»;

3) 6-бапта:

1) тармақша «мәдениет,» деген сөзден кейін «креативті индустриялар,» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) жеке кәсіпкерлік субъектілерін креативті индустриялар субъектілеріне жатқызу өлшемшарттарын бекітеді;

1-2) креативті индустрияға жататын экономикалық қызмет түрлерінің тізбесін бекітеді;»;

4) 7-бап мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2), 3-3) және 3-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) креативті индустриялар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

3-2) шығармашылық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

3-3) жеке кәсіпкерлік субъектілерін креативті индустриялар субъектілеріне жатқызу өлшемшарттарын әзірлейді;

3-4) креативті индустрияға жататын экономикалық қызмет түрлерінің тізбесін әзірлейді;»;

5) 4-тарау мынадай мазмұндағы 18-2-баппен толықтырылсын:

«18-2-бап. Креативті индустриялар саласындағы авторлық және сабақтас құқықтар

Автордың және орындаушының құқықтарын пайдалануға байланысты креативті индустриялар саласындағы құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.».

30. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

10-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10-1) Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры – орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды қаржыландыру мақсатында ақша түсімдерін есепке жатқызу және жұмсау үшін Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоты;»;

мынадай мазмұндағы 10-2) және 12-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«10-2) білім беру кредиті – қаржылық ұйымдар оқыту ақысын төлеу үшін қарыз алушыға мерзімділік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарымен беретін ақша;»;

«12-1) білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі дирекция – дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалатын, тапсырыс берушінің функциялары берілген, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобада көзделген жұмыстар, көрсетілетін қызметтер кешенін жүзеге асыратын заңды тұлға;»;

2) 2-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) сатып алынуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобада айқындалған тәртіппен жүзеге асырылатын жұмыстарды, тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайды.»;

3) 5-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-7) тармақшамен толықтырылсын:

«2-7) Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражатын бөлу, жұмсау, мониторингтеу және оның есептілігі тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

4) 6-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды қамтамасыз етеді;»;

3-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары өздеріне жүктелген функцияларды білім беруді басқарудың тиісті органдары және республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аудандар әкімдерінің аппараттары арқылы іске асырады.

Аудандарда, қалаларда немесе облыстық және республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аудандарда орналасқан білім бөлімдері облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармаларына есеп береді және олардың бақылауында болады.»;

5) 61-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобаларды қаржыландыру көздері болып табылады.»;

6) 64-бап мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

«3-2. Өздеріне тиесілі мүліктік кешендері бар мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар, балаларға арналған мемлекеттік қосымша білім беру ұйымдары иеліктен шығарылуға жатпайды.».

31. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-1-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

«9. Қаржы-есеп айырысу орталығының электр энергиясын сатып алуына байланысты құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы қолданылмайды.»;

2) 11-1-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен жасасқан шарттарына осы Заңның 7-1-бабы 9-тармағының күші қолданылады.».

32. «Босқындар туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

21-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацындағы «2023» деген цифрлар «2024» деген цифрлармен ауыстырылсын.

33. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 58-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;»;

2) 62-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;»;

3) 98-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 18-3) тармақшамен толықтырылсын:

«18-3) тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшадан;».

34. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

6-3-бапта:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы сатушының (дайындаушының, орындаушының), тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілерінің тұтынушылардың жолданымдарын қабылдауы мен қарауы және уәкілетті органның оларға мониторинг жүргізуі қамтамасыз етіледі.

Тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілері тұтынушылардың қаралған жолданымдарының нәтижелері, сондай-ақ оларды қараудан бас тарту себептері туралы барлық ақпаратты Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Тұтынушылардың жолданымдарын сатушылар (дайындаушылар, орындаушылар) Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы олар онда ерікті түрде тіркелген кезде қарайды.

4. Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы қаралатын тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы жолданымдарға мыналар жатады:

1) тұтынушылардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатушыларға (дайындаушыларға, орындаушыларға) өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарды жою, сондай-ақ тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан осы бұзушылықтар келтірген залалды (зиянды) өтеу туралы наразылығы бар жолданымдары;

2) тұтынушылардың ұтыс түрінде берілген (орындалған, көрсетілген) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасы бойынша ойын бастамашыларына (ұйымдастырушыларына) наразылығы бар жолданымдары;

3) тұтынушылардың тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілеріне өздерінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан келтірілген залалды (зиянды) өтеу, моральдық зиянды өтеу үшін берілген жолданымдары.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сотқа жолданымдар Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы жіберілмеуге тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. «Электрондық жолданымдар» ақпараттық талдау жүйесі арқылы қаралатын, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы жолданымдарға мыналар жатады:

1) тұтынушылардың тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы өз құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған сатушыларға (дайындаушыларға, орындаушыларға), ойын бастамашыларына (ұйымдастырушыларына) қатысты өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау мақсатында уәкілетті органға және тиісті мемлекеттік органдарға жолданымдары;

2) тұтынушылардың тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілерінің және (немесе) тұтынушылардың заңды мүдделерін білдіретін өкілдердің тұтынушылық дауларды қарау және (немесе) өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті тиімсіз жүзеге асыруына байланысты оларға қатысты өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау мақсатында уәкілетті органға және тиісті мемлекеттік органдарға жолданымдары;

3) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің, қауымдастықтардың (одақтардың) қауіпсіздік пен сапа жөніндегі белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тауарларды шығарған және өткізген (жұмыстарды орындаған және қызметтер көрсеткен) тұлғаларға қатысты өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау мақсатында; тұтынушылардың өтініштері, шағымдары келіп түскен жағдайда тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасын бағалау мақсатында; тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу фактісін қарауға жәрдемдесу мақсатында уәкілетті органға және тиісті мемлекеттік органдарға, оның ішінде қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша жолданымдары.».

35. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 2-тармағы «сақтау» деген сөзден кейін «, сондай-ақ әуежай қызметінің көрсетілетін қызметтерін ұсыну» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 15-1-баптың тақырыбы және бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«15-1-бап. Азаматтық (мемлекеттік) авиация саласындағы уәкілетті органның табиғи монополиялар саласындағы құзыреті

Азаматтық (мемлекеттік) авиация саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:»;

3) 65-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі «азаматтық» деген сөзден кейін «(мемлекеттік)» деген сөзбен толықтырылсын.

36. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

«22-1-бап. Мемлекеттік заңды тұлғаның айырбастау шарты бойынша мүлікті сатып алуы

Қазақстан Республикасының азаматтық және өзге де заңнамасына сәйкес мемлекеттік және мемлекеттік емес заңды тұлғалар арасында жасалатын айырбастау шарты мемлекеттік заңды тұлғаның мүлікті сатып алуына негіз болып табылады.»;

2) мынадай мазмұндағы 116-1-баппен толықтырылсын:

«116-1-бап. Мемлекеттік заңды тұлғаның айырбастау шарты бойынша мүлікті иеліктен шығаруы

Қазақстан Республикасының азаматтық және өзге де заңнамасына сәйкес сәйкес мемлекеттік және өзге де мемлекеттік емес заңды тұлғалар арасында жасалатын айырбастау шарты мемлекеттік заңды тұлғаның мүлікті иеліктен шығаруына негіз болып табылады.»;

3) 161-баптың 2-тармағы «Қарулы Күштердің спорт» деген сөздерден кейін «, мәдениет, әуежай қызметі» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 213-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы бапта көрсетілген мүлікті өткізуден түскен қаражат Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджет кірісіне немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына есепке жатқызылады.»;

5) 215-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ақша түріндегі мүлік Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджет кірісіне немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына есепке жатқызылады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік мүліктің құрамына түскен салымдар (депозиттер) сомасын банктер Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес номиналды түрде толық көлемде бюджет кірісіне немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына аударады.».

37. «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 9) тармақшасы алып тасталсын;

2) 4-бапта:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуге шекті бағаларды белгілеу;»;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары үшін көтерме саудада өткізуге шекті бағаларды белгілеу;»;

3) 7-бапта:

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуге шекті бағаларды белгілейді;»;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

«15-1) бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары үшін көтерме саудада өткізуге шекті бағаларды белгілейді;»;

21-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«21-3) бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуге, сондай-ақ бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары үшін көтерме саудада өткізуге шекті бағаны айқындау тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

4) 9-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау тәртібін, сондай-ақ көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңдерінде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемдерін қалыптастыру және бөлу тәртібін бекітеді;»;

5) 11-1 және 14-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«11-1-бап. Мұнай беруші

Өзі дербес өндірген, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес заттай нысанда төленетін салықтар ретінде Қазақстан Республикасы алған, Қазақстан Республикасының аумағына өзі дербес әкелген (оның ішінде импорттаған) және (немесе) өзара байланысты жер қойнауын пайдаланушыдан және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді (оның ішінде импорттауды) жүзеге асырған тұлғадан тікелей сатып алынған шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын мұнай өнімдерін өндірушіге, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан мұнай өңдеу зауыттарына беретін және осындай мұнайды және (немесе) газ конденсатын қайта өңдеу нәтижесінде алынған мұнай өнімдерін осы Заңда белгіленген шарттармен өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға мұнай беруші болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағына дербес әкелінген (оның ішінде импортталған) және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді (оның ішінде импорттауды) жүзеге асырған тұлғадан сатып алынған және (немесе) жер қойнауын пайдаланушы өзі дербес өндірген шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын қайта өңдеу нәтижесінде алған және (немесе) оларды өзі дербес өндірген шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын қайта өңдеу нәтижесінде алған өзара байланысты жер қойнауын пайдаланушыдан тікелей сатып алынған шикі мұнайды немесе газ конденсатын қайта өңдеу өнімдерін мұнай өнімдерін өндірушіге (қуаты аз мұнай өнімдерін өндірушіні қоспағанда) беретін заңды тұлға да мұнай беруші болып табылады.

Осы Заңның мақсаттары үшін мынадай шарттардың кемінде біреуі сақталған кезде:

мұнай берушіге жер қойнауын пайдаланушыдағы акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тиесілі болса;

жер қойнауын пайдаланушыға мұнай берушідегі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тиесілі болса;

мұнай берушіні және жер қойнауын пайдаланушыны мұнай берушідегі және жер қойнауын пайдаланушыдағы акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тиесілі тұлға бақыласа, жер қойнауын пайдаланушымен өзара байланысты тұлға мұнай беруші деп танылады.»;

«14-бап. Мұнай өнімдеріне бағаларды мемлекеттік реттеу

1. Қазақстан Республикасында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында маңызды әлеуметтік мәні бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикасына елеулі ықпал ететін мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуге және стационарлық автожанармай құю станцияларында өткізуге арналған мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізуге бағаларды мемлекеттік реттеу мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен белгіленуі мүмкін.

2. Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуге және стационарлық автожанармай құю станцияларында өткізуге арналған мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізуге шекті бағаларды белгілейді.

3. Мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізуге белгіленген шекті бағаларды асырмауға міндетті.

Мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары үшін көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізуге белгіленген шекті бағаларды асырмауға міндетті.

4. Мұнай өнімдерін стационарлық автожанармай құю станциялары арқылы бөлшек саудада өткізуге және стационарлық автожанармай құю станцияларында өткізуге арналған мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізуге бағаларды мемлекеттік реттеу жағдайларында шекті бағалар айына бір реттен артық белгіленбейді.»;

6) 17-баптың 2-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде мұнай өнімдерінің базасына иелік етуге тиіс.

Мұнай өнімдері базасын жалға алу шарты кемінде бір жыл мерзімге жасалуға тиіс;»;

мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

«3) мұнай өнімдерін өндірушілер, мұнай берушілер авиациялық отынды өткізген және (немесе) мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізген жағдайларда және мұнай өнімдерін импорттау жағдайларында меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде мұнай өнімдерінің базасына немесе резервуарға иелік етуге;

4) мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы берушілер тізіліміндегі көтерме сауда арқылы берушілер үшін меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде мұнай өнімдері базасындағы резервуарға иелік етуге тиіс.»;

3-тармақтағы «Резервуарды немесе мұнай өнімдерінің базасын» деген сөздер «Мұнай өнімдерінің базасын» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 21-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мұнай өнімдерін өндірушілер мен мұнай берушілер жыл сайын 1 наурыз бен 31 мамыр аралығындағы және 1 шілде мен 30 қыркүйек аралығындағы кезеңде мұнай өнімдерін беру жоспарына сәйкес стационарлық автожанармай құю станцияларының атына бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай өнімдерінің көлемдерін беруге міндетті.».

38. «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

63-баптың 1-1-тармағындағы «2023» деген цифрлар «2024» деген цифрлармен ауыстырылсын.

39. «Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

39) тармақша «, ірі коммерциялық тұтынушы, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлға» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 42-1) тармақшамен толықтырылсын:

«42-1) ірі коммерциялық тұтынушы – өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторды және электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушыны қоспағанда, тауарлық газды өз қызметінде пайдалану үшін сатып алатын, осы Заңның 8-бабының 4-1-тармағында белгіленген өлшемшарттарға сай келетін заңды тұлға;»;

2) 6-баптың 6) тармақшасындағы «шекті бағасын» деген сөздер «бағаларын» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 8-бапта:

4-тармақ 10) тармақшасындағы «тұтынушылар тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің субъектілері болып табылады.» деген сөздер «тұтынушылар;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

«11) ірі коммерциялық тұтынушылар;

12) цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің субъектілері болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Газ тұтыну жабдығының санына қарамастан, жылына 10 миллион текше метр және одан көп көлемде тауарлық газды сатып алатын заңды тұлғалар ірі коммерциялық тұтынушылар болып табылады.»;

4) 15-бапта:

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі газдың бағасы:»;

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы баптың 4-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын тауарлық газдың бағасы:»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. 2023 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша өз қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар өндіретін тауарлық газдың бағасы көрсетілген күнге дейін жер қойнауын пайдалануға арналған өзге келісімшарттар (лицензиялар) шеңберінде шикі газ өндіру жүзеге асырылмаған жер қойнауы учаскесіне (учаскелеріне) қатысты:

1) ұлттық операторға тауарлық газды өткізудің болжамды орнынан Қазақстан Республикасының шекарасына дейін тауарлық газды магистральдық газ құбыржолдары жүйесі арқылы тасымалдауға арналған шығыстар;

2) тауарлық газды жер қойнауын пайдаланушыдан ұлттық операторға тауарлық газды өткізудің болжамды орнына дейін тасымалдауға арналған шығыстар;

3) ұлттық оператордың он пайызға дейінгі мөлшердегі рентабельділік нормалары шегеріле отырып, тауарлық газды

(Жалғасы 13-бетте)

**(Жалғасы. Басы 1,10-12-беттерде)**

көтерме саудада өткізудің шекті бағалары мен тауарлық газдың экспорттық бағаларының орташа арифметикалық мәні негізге алынып, көмірсутектер кен орнын әзірлеу мен шикі газды қайта өңдеудің күрделілігі ескеріле отырып айқындалады.

Осы тармақта көзделген тауарлық газдың бағасын айқындау тәртібі өз қызметін 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған (берілген) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (лицензия) бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар өндіретін тауарлық газдың осындай жер қойнауын пайдаланушының ұлттық операторға жылдық тауарлық газды өткізу көлемінің 2023 жылдың алдындағы қатарынан күнтізбелік бес жылдағы орташа арифметикалық мәнінен асатын көлемдеріне де қолданылады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың бағасын жер қойнауын пайдаланушы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес айқындайды және ол уәкілетті органның сараптауына және бекітуіне жатады.»;

6-тармақтағы «газдың шекті бағасының» деген сөздер «газ бағасының» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы «газдың шекті бағасының», «газдың шекті бағасын» деген сөздер тиісінше «газ бағасының», «газ бағасын» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Жер қойнауын пайдаланушылар мемлекеттің артықшылықты құқығын сақтауға міндетті.»;

9-тармақтың 2) тармақшасындағы «бағасын» деген сөз «бекітілген бағасын» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 17-бапта:

6-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы «, ірі коммерциялық тұтынушыларға, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға, цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын тұлғаларға, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларды электр энергиясымен жабдықтауды жүзеге асыратын тұлғаларға» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушыларға, ірі коммерциялық тұтынушыларға, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға, цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын тұлғаларға, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларды электр энергиясымен жабдықтауды жүзеге асыратын тұлғаларға тауарлық газды өткізу шарттарында:

электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушылардың халықты, заңды тұлғаларды, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларды энергиямен жабдықтау үшін тауарлық газдың пайдаланылуын бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі;

ірі коммерциялық тұтынушылардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын, сондай-ақ халық пен заңды тұлғалар үшін жылу және (немесе) электр энергиясын және басқа да тауарларды өндіру үшін тауарлық газдың пайдаланылуын бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі;

цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалардың цифрлық майнингті және өзге де қызметті жүзеге асыруға тауарлық газдың пайдаланылуын бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі;

электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын тұлғалардың цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға және өзге де тұлғаларға электр энергиясын өндіру үшін тауарлық газдың пайдаланылуын бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі;

тұтынушыларды электр энергиясымен жабдықтауды жүзеге асыратын тұлғалардың цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға және өзге де тұлғаларға электр энергиясын өткізу көлемін бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі міндеттемелері көзделеді.»;

9-тармақ 5) тармақшасындағы «болған жағдайларда, газ тасымалдау немесе газ тарату ұйымы немесе топтық резервуарлық қондырғылардың иесі бұзушылықтар жойылғанға дейін тұтынушыға тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын беруді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға құқылы.» деген сөздер «болған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) осы баптың 6-1-тармағында көзделген, тауарлық газды бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі шарт талаптары бұзылған жағдайларда, газ тасымалдау немесе газ тарату ұйымы немесе топтық резервуарлық қондырғылардың иесі бұзушылықтар жойылғанға дейін тұтынушыға тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын беруді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға құқылы.»;

6) 19-баптың 2-тармағы «енгізілген тұтынушылар» деген сөздерден кейін «, ірі коммерциялық тұтынушылар, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар, цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын тұлғалар» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 20-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«20-бап. Тауарлық және сұйытылған мұнай газына баға белгілеу»;

2, 2-1 және 2-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағалары Қазақстан Республикасының өңірлерін газбен жабдықтаудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары ескеріле отырып, жылдарға бөлу арқылы әрбір бес жыл сайын әрбір облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, тұтынушыларға одан әрі өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газ өндіру үшін тауарлық газды сатып алатын өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторлар үшін жеке белгіленеді және қажет болған кезде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жыл сайын 1 шілдеде түзетіліп отырады.

Түзету тауарлық газды сатып алу бағаларының, тауарлық газ құрылымының және (немесе) көздерінің және (немесе) тауарлық газды магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдауға, тауарлық газды жерасты газ қоймаларында сақтауға арналған мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің өзгеруіне байланысты ұлттық оператордың уәкілетті органға жүгінуі негізінде жылына бір реттен асырылмай жүргізіледі.

2-1. Мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында тауарлық газды өнеркәсіптік өндірісте отын және (немесе) шикізат ретінде пайдалану үшін сатып алатын өнеркәсіптік тұтынушы-инвесторлар үшін тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағалары олар пайдалануға енгізілген күннен бастап жылдарға бөлу арқылы әрбір бес жыл сайын әрбір облыс, республикалық маңызы бар қала, астана үшін жеке белгіленеді және қажет болған кезде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жыл сайын 1 шілдеде түзетіліп отырады.

Түзету тауарлық газды сатып алу бағаларының, тауарлық газ құрылымының және (немесе) көздерінің және (немесе) тауарлық газды магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдауға, тауарлық газды жерасты газ қоймаларында сақтауға арналған, мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің өзгеруіне байланысты ұлттық оператордың уәкілетті органға жүгінуі негізінде жылына бір реттен асырылмай жүргізіледі.

2-2. Электр станцияларының тізбесіне енгізілген тұтынушылар үшін тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағалары электр станцияларының тізбесіне енгізілген әрбір тұтынушы үшін жылдарға бөлу арқылы әрбір бес жыл сайын жеке белгіленеді және қажет болған кезде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жыл сайын 1 шілдеде түзетіліп отырады.

Түзету тауарлық газды сатып алу бағаларының, тауарлық газ құрылымының және (немесе) көздерінің және (немесе) тауарлық газды магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдауға, тауарлық газды жерасты газ қоймаларында сақтауға арналған, мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің өзгеруіне байланысты ұлттық оператордың уәкілетті органға жүгінуі негізінде жылына бір реттен асырылмай жүргізіледі.»;

мынадай мазмұндағы 2-3 және 2-4-тармақтармен толықтырылсын:

«2-3. Ірі коммерциялық тұтынушыларға, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру жөніндегі тұлғаларға кейіннен өткізуге арналған тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағалары осы баптың 3-3-тармағына сәйкес жыл сайын 1 шілдеде әрбір облыс, республикалық маңызы бар қала, астана үшін жеке белгіленеді.

2-4. Ірі коммерциялық тұтынушылар үшін белгіленетін шекті бағалар:

әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын;

цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларды қоспағанда, халық және заңды тұлғалар үшін жылу және (немесе) электр энергиясын өндіруге қажетті тауарлық газды өткізу жөніндегі қатынастарға қолданылмайды.»;

3-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1. Уәкілетті орган табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру мақсатында тауарлық газды өнеркәсіптік өндірісте отын және (немесе) шикізат ретінде пайдалану үшін сатып алатын өнеркәсіптік тұтынушы-инвестор үшін тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын кейіннен 1 шілдеден бастап бесжылдық кезеңге бекіте отырып, жоба пайдалануға енгізілген күнге дейін отыз жұмыс күнінен кешіктірмей бекітеді және қажет болған кезде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жыл сайын 1 шілдеде түзетіп отырады.

Түзету тауарлық газды сатып алу бағасының, тауарлық газ құрылымының және (немесе) көздерінің және (немесе) тауарлық газды магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдауға, тауарлық газды жерасты газ қоймаларында сақтауға арналған мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің өзгеруіне байланысты ұлттық оператордың уәкілетті органға жүгінуі негізінде жылына бір реттен асырылмай жүргізіледі.»

мынадай мазмұндағы 3-3-тармақпен толықтырылсын:

«3-3. Уәкілетті орган табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісу бойынша жыл сайын 15 мамырдан кешіктірілмейтін мерзімде:

ірі коммерциялық тұтынушыларға;

цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғаларға немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру жөніндегі тұлғаларға кейіннен өткізуге арналған тауарлық газды алдағы жылы ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекітеді.»;

8) 25-баптың 4-1-тармағы «тұтынушылар» деген сөзден кейін «, ірі коммерциялық тұтынушылар, цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар не цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру жөніндегі тұлғалар» деген сөздермен толықтырылсын;

9) 27-баптың 1-тармағының 4-1) тармақшасындағы «өнім беру жоспарынан тыс» деген сөздер алып тасталсын;

10) 28-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тұрмыстық, коммуналдық-тұрмыстық және өнеркәсіптік тұтынушылардың сұйытылған мұнай газын сақтау ыдыстарына құю арқылы бөлшек саудада өткізген жағдайда, сондай-ақ сұйытылған мұнай газын тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушыларға тұрмыстық баллондарда бөлшек саудада өткізген жағдайда, газ толтыру станцияларының иелері;»;

11) 34-бап мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«4. Мыналар:

1) осы Заңның 20-бабының 5-тармағы 2022 жылғы 2 наурыздан бастап 2022 жылғы 1 шілдеге дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«5. Өнім беру жоспары шеңберінде тауар биржаларынан тыс өткізілетін сұйытылған мұнай газының шекті бағасы тоқсан сайын белгіленеді және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.»;

2) осы Заңның 27-1-бабының 11-тармағы 2022 жылғы 1 қаңтар – 2024 жылғы 31 желтоқсан аралығында мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

«11. Өнім беру жоспары шеңберінде өткізілетін сұйытылған мұнай газын сатып алу құқығына:

1) газ толтыру станцияларының иелері;

2) топтық резервуарлық қондырғылардың иелері;

3) газ толтыру пункттерінің иелері;

4) автогаз құю станцияларының иелері;

5) сұйытылған мұнай газын мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылар ие болады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында аталған өнеркәсіптік тұтынушылардың тізбесін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспарын қалыптастыру қағидаларына сәйкес бекітеді.».

5. Осы Заңның 27-1-бабы 4 және 5-тармақтарының қолданысы 2022 жылғы 1 қаңтар – 2024 жылғы 31 желтоқсан аралығында тоқтатыла тұрсын.».

40. «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-бапта:

1-тармақтағы «осы Заңда белгіленген тәртіппен сайланатын» деген сөздер «Қордың жалғыз акционері сайлайтын» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

2) 10-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) Қордың интернет-ресурсында орналастырылатын Қор қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы жария есепті дайындау;

3-2) Қор қызметінің мәселелері бойынша бизнес-қоғамдастықпен және шетелдік инвесторлармен тұрақты негізде кездесулер өткізу;»;

3) 13-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қордың қызметі туралы сұратылатын кез келген ақпарат беріледі.»;

4) 20-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Жалғыз акционердің шешімі бойынша және ол айқындайтын тәртіппен Қор жыл сайын «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры түріндегі коммерциялық емес ұйымға Қордың таза кірісінің кемінде жеті пайызы мөлшерінде қаражат бөледі.»;

5) 24-баптың 5-тармағындағы «2-тармағында» деген сөздер «1-тармағында» деген сөздермен ауыстырылсын.

41. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

80-баптың 1-1-тармағының бірінші абзацындағы «2023» деген цифрлар «2024» деген цифрлармен ауыстырылсын.

«42. «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 22-баптың 1-тармағының 1-1) тармақшасындағы «2023» деген цифрлар «2024» деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 31-баптың екінші бөлігіндегі «2023» деген цифрлар «2024» деген цифрлармен ауыстырылсын.

43. «Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-бап мынадай мазмұндағы 24-2) тармақшамен толықтырылсын:

«24-2) жол жүрісі саласындағы ақпараттық жүйелерді интеграциялауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

Жол жүрісі саласындағы ақпараттық жүйелерді интеграциялауға бірыңғай ақпараттық кеңістіктегі ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық жүйелері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жатады;»;

2) 65-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«65-бап. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы халықаралық жол жүрісіне көлік құралдарының қатысуына рұқсат беру

1. Көлік құралы, егер оны Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты жоқ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам пайдаланса және:

1) Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бар жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі болса;

2) Қазақстан Республикасында тіркелмесе;

3) Қазақстан Республикасына уақытша әкелінсе, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы халықаралық жол жүрісінде деп есептеледі.

2. Халықаралық жол жүрісіне қатысатын көлік құралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезден бастап бір жылға дейін Қазақстан Республикасының аумағында бола алады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін халықаралық жол жүрісіндегі көлік құралы Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерге ұзақтығы кемінде үзіліссіз күнтізбелік отыз күн болатын мерзімге әкетілуге жатады.

3. Халықаралық жол жүрісіндегі көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағындағы жол жүрісіне қатысуына рұқсат беру Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес берілген:

1) көлік құралын, тіркемені тіркеу туралы куәлік;

2) көлік құралының тіркеу нөмірі;

3) мемлекеттің айырым белгісі;

4) көлік құралының таным белгісі;

5) көлік құралының техникалық қарап-тексеруден өтуі фактісін растайтын құжат;

6) көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;

7) көлік құралдарының электрондық паспорттары (көлік құралдары шассиінің паспорттары) және өздігінен жүретін машиналар мен басқа да техника түрлерінің электрондық паспорттары жүйесінен алынған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдарының сәйкестендіру белгілері және оларды тіркеу есебі туралы мәліметтер болған кезде жүзеге асырылады.»;

3) 67-бапта:

1-тармақ «арналған» деген сөзден кейін «немесе М1 санатындағы көлік құралының шанағын ауыстыруға байланысты немесе соңғы тіркеу жүзеге асырылған мемлекетте тіркеу есебінен шығарылмаған» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

«1-2. Осы баптың 1 және 1-1-тармақтарында көзделген ережелер Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде айналымға шығарылған және Қазақстан Республикасының аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген көлік құралдарына қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген көлік құралдарын бастапқы тіркеу тәртібін, шарттары мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

2-тармақ 7) тармақшасындағы «болған жағдайда тыйым салынады.» деген сөздер «болған;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) М1 санатындағы көлік құралының шанағы ауыстырылған жағдайда тыйым салынады.»;

4) 88-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік «тіркелген» деген сөзден кейін «, сондай-ақ басқа мемлекеттерде тіркелген» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген (кіргізілген) күннен бастап қатарынан күнтізбелік тоқсан күннен аз уақыт Қазақстан Республикасының аумағы арқылы халықаралық жол жүрісіне қатысатын осындай көлік құралдарына қолданылмайды.».

44. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 18-бапта:

1-тармақ «тәртібі» деген сөзден кейін «, осы Заңның 37-бабына сәйкес тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына немесе импортына рұқсат беру тәртібін енгізуді қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі «Рұқсат» деген сөз «Осы баптың 4-1-тармағында көзделген нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, рұқсат» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Ішкі нарықтағы аса жетіспеушілікті болғызбау не азайту, елдің қорғанысы мен Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарларды, өсімдіктерді, мәдени құндылықтарды сақтау, қоғамдық мораль мен құқықтық тәртіпті қорғау мақсатында тауарлардың жекелеген түрлерінің экспорты мен импортына рұқсат беру құжаттарын алу тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер, егер актілердің өзінде өзге мерзімдер көрсетілмесе, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.»;

2) 37-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы «көзделген болса, сондай-ақ» деген сөздер «, Еуразиялық экономикалық одақтың актілерінде көзделген болса немесе егер» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік «шарттарға» деген сөзден кейін «, Еуразиялық экономикалық одақтың актілеріне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына және орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілеріне» деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігіндегі «сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

9-тармақтың бірінші бөлігіндегі «рұқсат беру құжаттарын беруді жүзеге асыратын» деген сөздер алып тасталсын;

3) 1-қосымшаның 53-жолының 3-бағаны мынадай мазмұндағы 28-тармақпен толықтырылсын:

«28. Тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінің жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарын ашуы және жүргізуі.».

45. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

3-баптың 4-1-тармағы алып тасталсын.

46. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) әлеуетті жекеше әріптес – мемлекеттік заңды тұлғаларды, сондай-ақ жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және акционерлік қоғамдарды қоспағанда, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа (аукционға) не тікелей келіссөздерге қатысуға үміткер дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;

2) жекеше әріптес – мемлекеттік заңды тұлғаларды, сондай-ақ жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және акционерлік қоғамдарды қоспағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталы – мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған жинауға, өңдеуге, сақтауға, жекеше әріптесті айқындауға, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуын мониторингтеуге, мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық-коммуникациялық платформа;

6-2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталының операторы – мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған заңды тұлға;»;

11), 13), 20) және 21) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«11) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспар – тікелей келіссөздер кезінде әлеуетті жекеше әріптес әзірлейтін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының мақсаттарын, міндеттерін, шығындарды өтеу және кірістерді алу көздерін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асырудан пайда алушыларды, мемлекеттік қолдау шараларын сипаттау, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін және (немесе) сервистік келісімшарт шеңберінде көрсетілетін қызметтерді сипаттау көзделетін құжат;»;

«13) мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілері – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру шеңберінде құрылатын (оның ішінде салынатын және қажет болған жағдайда жобаланатын) және (немесе) реконструкцияланатын және (немесе) жаңғыртылатын, сондай-ақ пайдаланылатын ғимараттар, құрылысжайлар және (немесе) жабдықтар, мүліктік кешендер, зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелері;»;

«20) сервистік келісімшарт – жекеше әріптеске меншік құқығында тиесілі мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісі пайдаланыла отырып, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, қызметтер көрсетуді көздейтін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты;

21) тікелей келісім – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру үшін мемлекеттік әріптес, жекеше әріптес пен жекеше әріптестің кредиторы арасында жасалатын жазбаша келісім;»;

2) 3-баптың 2-тармағы 5) тармақшасындағы «құру болып табылады.» деген сөздер «құру;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаты – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау мен іске асыру процестері туралы ақпаратқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте ашық қол жеткізу болып табылады.»;

3) 4-бап 5) тармақшасындағы «жүзеге асыруы жатады.» деген сөздер «жүзеге асыруы;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасында инвестициялық және пайдалану кезеңдерінің болуы жатады.

Инвестициялық кезең мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін жобалауды (қажет болған жағдайда), салуды және (немесе) реконструкциялауды және (немесе) жаңғыртуды не құруды қамтиды. Пайдалану кезеңі мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін оның функционалдық мақсатына сәйкес пайдалануды не мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісіне техникалық қызмет көрсетуді не оның инфрақұрылымын басқаруды қамтиды.»;

4) 7-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген келісімшарттық мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарында инвестициялық шығындардың өтемақысы бюджеттік тиімділік болған жағдайда ғана, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасына мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізілетін сараптамада расталған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асырудан коммерциялық тиімділікке қол жеткізу мүмкін болмаған кезде көзделуі мүмкін.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру үшін салаларды (аяны) дамыту тұжырымдамаларында, ұлттық жобаларда мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының базалық параметрлері, оның ішінде мақсаттары мен міндеттері, бюджет қаражаты есебінен болжанатын төлемдер, мемлекеттік қолдау шаралары көзделуі мүмкін.

Салаларды (аяны) дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар шеңберінде жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу тәртібін әзірлеу қажеттігі туралы шешім тиісті тұжырымдамада немесе ұлттық жобада айқындалады.»;

5) 9-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын орындау шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу;»;

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Егер әлеуметтік инфрақұрылым мен тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектісін пайдалану жекеше әріптес инвестицияларының өзін-өзі ақтауын қамтамасыз етпесе, осындай жобалар әлеуметтік инфрақұрылым мен тыныс-тіршілікті қамтамасыз етудің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары болып табылса, жекеше әріптестің шығындарын толық өтеу тек қана мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, телекоммуникация, байланыс, қоғамдық қауіпсіздік, көлік инфрақұрылымы, газбен, электрмен, жылумен және сумен жабдықтау және су бұру, қалдықтарды басқару объектілерін қоса алғанда, қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдаланылатын, қамтамасыз етілуі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарға жүктелген объектілер, объектілердің кешендері әлеуметтік инфрақұрылым мен тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріне жатады.»;

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

«2-2. Сервистік келісімшарттарда инвестициялық шығындарды өтеу көзделмейді.»;

6) 10-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын жоспарлау және іске асыру»;

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы мемлекеттік бастаманың немесе жекеше бастаманың негізінде мынадай реттіліктегі сатылардан өту арқылы іске асырылуы мүмкін:»;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) мыналарды:

мемлекеттік бастаманы іске асыру шеңберінде – инвестициялық ұсынысты және конкурстық (аукциондық) құжаттаманы әзірлеуді; немесе

жекеше бастаманы іске асыру шеңберінде – осы Заңда белгіленген тәртіппен тиісті саланың орталық уәкілетті мемлекеттік органы немесе жергілікті атқарушы орган қалыптастырған және жариялаған тізбеге енгізілген қажеттіліктермен айқындалатын әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған жобалар бойынша конкурстық (аукциондық) құжаттаманың ақпараттық парағын әзірлеуді; немесе

жекеше әріптесті айқындау бойынша тікелей келіссөздер жүргізудің жекеше бастамасы шеңберінде – бизнес-жоспар әзірлеуді қоса алғанда, жоспарлау;»;

7) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«15-бап. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы ақпараттық қамтамасыз ету тәртібі

1. Тиісті салалардың орталық уәкілетті мемлекеттік органдары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жыл сайын өз құзыретін іске асыру шеңберінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары негізінде, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың ұсыныстары мен халықтың қажеттіліктерін ескере отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін қалыптастырады және жариялайды.

2. Тиісті саланың орталық уәкілетті мемлекеттік органдары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары, мемлекеттік әріптестер және Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жоспарланатын және іске асырылатын жобалары туралы ақпараттық қамтамасыз етуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталын пайдалану арқылы жүзеге асырады.»;

8) 18-бапта:

2-тармақ «қатысатын» деген сөзден кейін «, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қолдап отыру жөніндегі консультациялық көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ «қатысатын» деген сөзден кейін «, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қолдап отыру жөніндегі консультациялық көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын» деген сөздермен толықтырылсын;

9) 19-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) жекеше әріптесті айқындау жөнінде тікелей келіссөздер жүргізе отырып, жекеше бастама негізінде технологиялар трансферін көздейтін бірегей объектілерді құруға және пайдалануға бағытталған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру туралы шешім қабылдайды;»;

10) 20-бапта:

3) және 7) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) үлгілік конкурстық құжаттамаларды және мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарттарын қоса алғанда, саланы (аяны) дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар шеңберінде жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу тәртібін келіседі;»;

9) тармақша мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуын бағалау қорытындыларын Қазақстан Республикасының заңдарында ақпаратты қорғау бөлігінде белгіленген шектеулерді ескере отырып, мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің веб-порталында жариялайды;»;

мынадай мазмұндағы 11-1), 11-2) және 11-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

11-2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын бөлу және олардың тәуекелдерін бағалау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

11-3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша шарттық мемлекеттік міндеттемелерді есепке алу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;»;

11) 21-бапта:

2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша мемлекеттің қаржылық міндеттемелері туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен береді;»;

12) 23-бапта:

2) тармақша алып тасталсын;

2-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1) үлгілік конкурстық құжаттамаларды және мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің үлгілік шарттарын қоса алғанда, салаларды (аяны) дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар шеңберінде жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) және 9-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін қалыптастырады және бекітеді;»;

«9-1) жекеше әріптестердің мемлекеттік функциялардың іске асырылуын қамтамасыз етуін көздейтін жобалар бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің республикалық жобасына бизнес-жоспарды, мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің республикалық жобасының конкурстық (аукциондық) құжаттамасын, оның ішінде оларға бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласына қатысты бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен монополияға қарсы органмен келіседі;»;

13) 24-баптың 1) тармақшасы алып тасталсын;

14) 25-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін қалыптастырады және бекітеді;»;

12) тармақша алып тасталсын;

15) 3-тарау мынадай мазмұндағы 26-1-баппен толықтырылсын:

«26-1-бап. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталының операторы

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталының операторы:

1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталын дамытуды, қолдап отыруды және оған жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

2) мүдделі тұлғаларға мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталының жұмыс істеуі мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетеді;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталында орналастырылған электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды интеграциялау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша уәкілетті субъектілермен өзара іс-қимыл жасайды;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен конкурсқа қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді енгізу және қайтару процесін операциялық қолдап отыруды қамтамасыз етеді;

6) жоспарланатын және іске асырылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары туралы ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

7) мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталы арқылы электрондық қызметтер көрсетеді.»;

16) 27-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарды тек қана мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру мақсаттарына және мерзіміне беру;»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қоса қаржыландыру инвестициялардың болжанатын мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жарым миллион еселенген мөлшерінен асатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша көзделуі мүмкін, бұл ретте қоса қаржыландыру мөлшері инвестициялардың болжанатын мөлшерінің отыз пайызынан аспайды.»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қоса қаржыландырудың және мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құруға (реконструкциялауға) байланысты шығыстарды өтеуге бағытталған инвестициялық шығындар өтемақысының жиынтық көлемі мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құрудың және (немесе) реконструкциялаудың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін әдістемеге сәйкес айқындалатын құнынан аспауға тиіс.»;

үшінші бөлік алып тасталсын;

17) 28-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ведомствоаралық жобалау тобына, талқылауларға, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстық (аукциондық) комиссияға, тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияға қатысу;»;

18) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«31-бап. Жекеше әріптесті айқындау

1. Жекеше әріптесті айқындау:

1) конкурс тәсілімен жүзеге асырылады.

Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын объектілерге қатысты жабық болуы мүмкін;

2) тікелей келіссөздер;

3) аукцион тәсілімен жүзеге асырылады.

2. Ақпараттандырудың сервистік моделі бойынша жекеше әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу осы Заңның нормалары қолданылмай, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Егер салаларды (аяны) дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар шеңберінде жоспарланатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларында:

1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының базалық параметрлері, оның ішінде мақсаттары мен міндеттері, бюджет қаражаты есебінен болжанатын төлемдер, мемлекеттік қолдау шаралары;

2) экономиканың жекелеген салалары (аясы) бойынша жекеше әріптесті айқындаудың және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасудың өзгеше тәртібін қолдануға нұсқау көзделсе, оларға осы баптың ережелері қолданылмайды.»;

19) 35-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Конкурсты (аукционды) ұйымдастырушы мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың (аукционның) нәтижелері, сондай-ақ жекеше әріптесті айқындау жөніндегі жабық конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді қазақ және орыс тілдерінде өзінің интернет-ресурсында орналастырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жариялау үшін Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығына жібереді.».

20) 36-бап мынадай мынадай редакцияда жазылсын:

«36-бап. Конкурсты (аукционды) өткізу туралы хабархат

Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты (аукционды) өткізу туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік-жекешелік әріптестік веб-порталында қазақ және орыс тілдерінде орналастырылады.»;

21) 40-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Осы Заңның 40-1-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурсты (аукционды) ұйымдастырушы конкурстық (аукциондық) комиссияның шешімі негізінде жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың (аукционның) жеңімпазымен мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасады.

Конкурсты ұйымдастырушы ерекше маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру үшін конкурстық (аукциондық) комиссияның шешімі негізінде конкурстың жеңімпазы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру мақсатында құрған, құрылатынын конкурстың жеңімпазы конкурстық өтінімде мәлімдеген заңды тұлғамен мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасады (мемлекеттік әріптеске мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында айқындалған көлемде және талаптарда осындай заңды тұлғаның міндеттемелерін орындаудың банктік кепілдіктері ұсынылған жағдайда).»;

22) мынадай мазмұндағы 40-1-баппен толықтырылсын:

«40-1-бап. Жекеше бастама негізінде жекеше әріптесті таңдау ерекшеліктері

1. Әлеуетті жекеше әріптестің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттер тізбесінен бір немесе бірнеше міндетті шешу үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына конкурстық (аукциондық) құжаттаманың ақпараттық парағының жобасын әзірлеу арқылы бастамашылық жасауы жекеше бастама деп танылады.

2. Жекеше бастаманы іске асыру шеңберіндегі конкурстық (аукциондық) құжаттаманы тиісті саланың орталық уәкілетті мемлекеттік органдары, жергілікті атқарушы органдар келісілгеннен және сараптамадан кейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бекітеді.

**(Жалғасы 14-бетте)**

(Жалғасы. Басы 1,10-13-беттерде)

3. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасқан конкурстың (аукционның) жеңімпазы жобаға бастамашылық жасаған әлеуетті жекеше әріптеске оның конкурстық (аукциондық) құжаттаманың ақпараттық парағының жобасын және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының жобасын әзірлеуге жұмсаған шығындарын өтеуге міндетті.

Конкурстық өтінімдер болмаған кезде жоба бойынша конкурс өтпеді деп есептеледі. Бұл ретте қайта конкурс өткізуге жол беріледі.»;

23) 43-бап алып тасталсын;

24) 44-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«44-бап. Тікелей келіссөздер негізінде жекеше әріптесті айқындау

Тікелей келіссөздер негізінде жекеше әріптесті айқындау технологиялар трансферін көздейтін бірегей объектілерді құруға және пайдалануға бағытталған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.»;

25) 45-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

26) 46-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының мақсаттары, міндеттері, тікелей және түпкілікті нәтижелері;»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сервистік келісімшарттарды қоспағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құрудың (оның ішінде салудың және қажет болған кезде жобалаудың) немесе реконструкциялаудың немесе жаңғыртудың, сондай-ақ пайдаланудың шарттары мен көлемдері;»;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) сервистік келісімшарт бойынша қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын мүлік туралы мәліметтер және мүлікке қойылатын талаптар;»;

7) және 18) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«7) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптар, оның ішінде ұсынылатын қызметтердің сапа индикаторларын және толық пайдалану әзірлігінің өлшемшарттарын бұзғаны үшін ақаулы ұпайларды есептеу;»;

«18) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша дауларды сот арқылы және (немесе) соттан тыс шешу тәртібі;»;

19) тармақша «айыбын» деген сөзден кейін «(ақша сомасында немесе сомада пайызбен міндетті түрде көрсете отырып)» деген сөздермен толықтырылсын;

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«23) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының орындалуын бақылауды жүзеге асыру және оған мониторинг жүргізу тәртібі;».

47. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бапта:

2-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылықтар белгілері анықталған кезде материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдемелерімен бірге әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілеттік берілген органдарға беру;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) мемлекеттік аудит объектісі нұсқаманы орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар материалдарды мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының тиісті аудиторлық дәлелдемелерімен бірге процестік шешім қабылдау үшін қылмыстық қудалау органдарына беру прокуратура органдары арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік аудит объектісі, мүдделерін аудиторлық іс-шаралар қозғаған кәсіпкерлік субъектілері және өзге де тұлғалар мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелеріне шағым жасаған кезде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдемелерімен бірге процестік шешім қабылдау үшін қылмыстық қудалау органдарына беру дауларды реттеудің апелляциялық және (немесе) сот тәртібі сақталғаннан кейін прокуратура органдары арқылы жүзеге асырылады;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ішкі аудит қызметтері мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған кезде материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдемелерімен бірге қылмыстық қудалау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға беру бойынша ден қою шараларын жүзеге асырады.»;

2) 37-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) мүдделерін мемлекеттік аудиттің аудиторлық іс-шаралары қозғаған кәсіпкерлік субъектілерінің және өзге де тұлғалардың анықталған қаржылық бұзушылықтары туралы хабардар етуге;».

48. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

6-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1) ашық диалогтың интернет-порталы – мемлекет жүз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы ақпарат пайдаланушылардың сұрау салуды жіберу, сондай-ақ ақпарат пайдаланушылардың интернет-конференцияларға және сауалнамаларға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) мемлекет жүз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері бірінші басшыларының

блог-платформасы – азаматтардың сұрау салуды жіберу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларынан оларға жауап алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;»;

11-1) тармақша алып тасталсын;

2) 11-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жазбаша сұрау салуда:

1) ақпаратты сұрататын жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) заңды тұлға атынан жүгіну кезінде – заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, сұрау салудың шығыс нөмірі және күні, оған қол қойған адамның тегі, аты-жөні мен лауазымы көрсетіледі.

Сұрау салуда пошта мекенжайы немесе электрондық поштасының мекенжайы, телефон немесе телефакс нөмірі, өзге де байланыс құралдары көрсетілуге тиіс.

Жазбаша сұрау салуға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қоюға тиіс. Электрондық құжат түріндегі сұрау салу электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылуға тиіс.

Мемлекет жүз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы жіберілген электрондық нысандағы сұрау салу жазбаша сұрау салуға теңестіріледі.

Ақпарат пайдаланушының «электрондық үкіметтің» веб-порталында есепке алу жазбалары болған және оған ұялы байланыс операторы берген ақпарат пайдаланушының абоненттік нөмірі қосылған жағдайда мемлекет жүз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы жіберілетін сұрау салуға оның қол қоюы талап етілмейді.»;

3) 17-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Ашық диалогтың интернет-порталында осы Заңның 8-бабының

1) және 3) тармақшаларында көрсетілген ақпарат иеленушілер интернет-конференциялар мен сауалнамалар өткізеді, сондай-ақ 3) тармақшада көрсетілген ақпарат иеленушілер, мемлекет жүз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы келіп түскен сұрау салуларға жауап береді.».

49. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы»

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 15-бап мынадай мазмұндағы 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

«5. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында уәкілетті орган белгілеген мәннен төмен емес оқу нәтижесімен оқуын бітірген адамдар оқуды бітіргеннен кейін бір жыл ішінде жергілікті атқарушы органдарда, мәслихаттар аппараттарында, ревизиялық комиссияларда, орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінде (астана мен оның аудандарындағы жергілікті атқарушы органдардан, мәслихат аппаратынан, ревизиялық комиссиялардан, орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінен басқа) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша конкурс өткізілместен орналаса алады.

6. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім беру ұйымдарында уәкілетті орган белгілеген мәннен төмен емес оқу нәтижесімен оқуын бітірген адамдар осы оқуды бітіргеннен кейін бір жыл ішінде конкурс өткізілместен «Б» корпусының мына мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына:

1) облыс ауданының немесе облыстық маңызы бар қаланың (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) әкімі және мәслихаты аппараттарының төменгі лауазымына;

2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыс ауданы және облыстық маңызы бар қала (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) атқарушы органының басшылық емес лауазымына;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының басшылық емес лауазымына;

4) орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының облыс ауданындағы немесе облыстық маңызы бар қаладағы (облыстың әкімшілік орталығы болып табылатын қаладан басқа) аумақтық бөлімшесінің басшылық емес лауазымына орналаса алады.

7. «Б» корпусының:

1) орталық мемлекеттік органның дербес құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

2) орталық мемлекеттік органның және оның ведомствосының облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесінің басшысы;

3) облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органының басшысы;

4) орталық мемлекеттік органның ведомствосы басшысының орынбасары;

5) Жоғарғы Соттың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган басшысының орынбасары;

6) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Аппараты басшысының орынбасары мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына уәкілетті органмен келісу бойынша конкурс өткізілместен орналасуға жол беріледі.»;

2) 17-баптың 4-тармағының екінші бөлігі «(орган)» деген сөзден кейін «уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«26-бап. «Б» корпусының мемлекеттік лауазымдарына мемлекеттік қызметке алғаш рет кіретін немесе қайтадан кіретін азаматтарды іріктеу

«Б» корпусының мемлекеттік лауазымдарына алғаш рет кіретін немесе мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін оған қайтадан кіретін азаматтар Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын іріктеу кезеңдерінен өтеді.»;

4) 27-бапта:

1-1-тармақтың бірінші бөлігіндегі «іріктеуді мемлекеттік лауазымдарға тағайындауға құқығы бар лауазымды адамның (органның) шешімімен құрылатын мемлекеттік органның конкурстық комиссиясы жүзеге асырады» деген сөздер «іріктеу уәкілетті орган айқындайтын конкурс өткізу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурстың кезеңдерін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.»;

5) 33-баптың 6-тармағының бірінші бөлігінде:

«Б» корпусының» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мемлекеттік қызметшілердің қызметіне бағалау жүргізу тәртібі мен мерзімдеріне сәйкес «Б» корпусының» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қатарынан екі жыл бойы» деген сөздер алып тасталсын.

50. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«14) мемлекеттік сатып алу – Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қызметтер көрсетуге байланысты халықаралық әуежайлардың кірістерін қоспағанда, тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді толықтай немесе ішінара бюджет қаражаты, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан бөлінген ақша және (немесе) меншікті кірістері есебінен сатып алуы;»;

2) 5-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан бөлінген ақша немесе жеке қаржыландыру жоспары негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен және нысанда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын экономикалық сыныптаманың мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу талап етілетін өзіндік ерекшеліктері (шығыстар баптары) бойынша жиынтықта бюджетке (даму жоспарына), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан бөлінген ақшаға немесе жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес келмейтін көлемде бекітуге (нақтылауға) жол берілмейді.»;

7-тармақтың екінші бөлігі 6) тармақшасындағы «сатып алу жағдайларына қолданылмайды.» деген сөздер «сатып алу;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан бөлінген ақша есебінен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жағдайларына қолданылмайды.»;

мынадай мазмұндағы 15-тармақпен толықтырылсын:

«15. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік сатып алу осы баптың талаптары сақтала отырып іске асырылады.»;

3) 39-баптың 3-тармағында:

6) тармақша алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) жедел есепке алу ісі бойынша жедел-іздестіру қызметін, барлау, қарсы барлау қызметін жүзеге асыру үшін, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру үшін, халықаралық сұранысты орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдардың, сондай-ақ өздеріне қатысты Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың және дауыс беретін акцияларының жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың:

жедел-іздестіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдарға құпия түрде жәрдем көрсетуге келісім берген адамдар көрсететін қызметтерді;

қызметтік үй-жайларды, көлік құралдары мен өзге де техникалық құралдарды, ақпараттық жүйелерді, мүлікті, сондай-ақ оларды ұстау, қызмет көрсету және техникалық қолдау бойынша көрсетілетін қызметтерді;

астыртын ұйымдар мен объектілерді құру және ұстау үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

қажетті ғылыми-техникалық немесе өзге де арнаулы танымдары бар лауазымды адамдар, аудармашылар, сарапшылар мен мамандар көрсететін қызметтерді сатып алуы.

Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың штаттағы жасырын қызметкерлерінің қызметін қамтамасыз ету үшін жедел есепке алу ісі шеңберінен тыс осы тармақшада көрсетілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол беріледі;»;

53) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес актімен айқындалған тұрғын емес мақсаттағы ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды, үй-жайды сатып алу, сондай-ақ тұрғын емес мақсаттағы ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды, үй-жайды жалдау» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес актімен айқындалған тұрғын емес мақсаттағы ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды, үй-жайды жалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 41-бапта:

1-тармақтағы «және 5)» деген сөздер «, 5) және 6)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасындағы «және 5)» деген сөздер «, 5) және 6)» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 43-бапта:

11-тармақ мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Тапсырыс беруші тікелей мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және авансты қамтамасыз етуді (мемлекеттік сатып алу туралы шартта аванс көзделген жағдайда) енгізу туралы талапты ақшаның оңтайлы және тиімді жұмсалуын ескере отырып айқындайды.»;

19-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) осы баптың 23-1-тармағында көзделген шектеулер бұзылған;».

51. «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

3-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті орган басшысының лауазымына кандидатты тағайындауға және оны лауазымынан босатуға келісім беру туралы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды;».

52. «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 19-баптың 1-тармағының төртінші бөлігіндегі «Кәсіпкерлік» деген сөз «Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы сауда саясаты жөніндегі консультативтік-кеңесші органның шешімі негізінде елеулі маңызды тауарлар тізбесіне енгізілген азық-түлік тауарларының немесе өзге де тауарлардың ішкі нарықта аса жетіспеушілігін болғызбау не азайту және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тыйым салу мен сандық шектеуді және кедендік-тарифтік реттеу шараларын енгізуді көздейтін, сараптамалық қорытынды ұсыну мерзімі бес жұмыс күнін құрайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қоспағанда, кәсіпкерлік» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 42-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Ішкі нарықтағы аса жетіспеушілікті болғызбау не азайту, елдің қорғанысы мен Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарларды, өсімдіктерді, мәдени құндылықтарды сақтау, қоғамдық мораль мен құқықтық тәртіпті қорғау мақсатында тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына немесе импортына рұқсат беру тәртібін енгізу үшін орталық мемлекеттік органдар әзірлеген нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік немесе рұқсат беру талаптарын және біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекітетін нормативтік құқықтық актілер алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткенге дейін қолданысқа енгізілмейді.».

53. «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Лотереядан аударымдар

Лотерея операторы өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан түскен түсім мен жүлде қоры арасындағы айырманың кемінде он пайызын дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бірыңғай операторға дене шынықтыру мен спортты дамыту үшін, сондай-ақ өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан түскен түсім мен жүлде қоры арасындағы айырманың кемінде он пайызын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына міндетті мүліктік жарна нысанында тоқсан сайын жіберуге міндетті.».

54. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 27-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларының ережелері:

1) клиент – жеке тұлғаға мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді немесе мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды, сондай-ақ алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке қабілетсіз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған банктік шотты;

2) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде банктік шоттар ашу жағдайларына қолданылмайды.»;

10-тармақтың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

«2-2) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға;»;

11-тармақтың екінші бөлігі «банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаға» деген сөздерден кейін «, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 46-баптың 7-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасы «зейнетақы төлемдерін,» деген сөздерден кейін «жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйге ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаны,» деген сөздермен толықтырылсын.

55. «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

39-баптың екінші бөлігіндегі «2023» деген цифрлар «2024» деген цифрлармен ауыстырылсын.

56. «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-бапта:

мынадай мазмұндағы 24-3) тармақшамен толықтырылсын:

«24-3) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға, жергілікті атқарушы органға, осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 10), 12) және 13) тармақшаларында көзделген реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын және мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардан берілетін мүлікті беру шартын келіседі;»;

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«25) табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлік жергілікті атқарушы органдардан өтеусіз пайдалануға алу кезінде, оның ішінде электр желілері басқа энергия беруші ұйымдардан балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға алынған жағдайда, бекітілген тарифтік сметаға тиісті жылға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы деңгейінен асырмай өзгеріс енгізеді;»;

мынадай мазмұндағы 35-1) тармақшамен толықтырылсын:

«35-1) жергілікті атқарушы органдарға, осы Заңның 5-бабы

1-тармағының 10), 12) және 13) тармақшаларында көзделген реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарын келіседі;»;

2) 10-бап мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарын уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;»;

3) 15-бапта:

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) инвестициялық бағдарламалар шеңберінде нысаналы көрсеткіштері бар субъектілерді жөндеу картасы;»;

21-тармақ «туралы» деген сөзден кейін «электрондық нысандағы» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 21-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Уәкілетті органның және тиісті салада басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның не жергілікті атқарушы органның бірлескен шешімімен инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту қабылданады.»;

5) 22-бапта:

1-тармақта:

4) тармақша «бағдарламаның» деген сөзден кейін «, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) және 9-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«9-1) осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 10), 12) және 13) тармақшаларында көзделген реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілерін қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілері реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынған кезде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлік өтеусіз пайдалануға алынған жағдайда оны мүлікті балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға беру жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардан балансқа және (немесе) сенімгерлік басқаруға алуы;

9-2) өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық номиналды жалақысының өзгеруі;»;

2-тармақтың бірінші бөлігі «9)» деген цифрдан кейін «, 9-1), 9-2)» деген цифрлармен толықтырылсын;

4-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы баптың 1-тармағының 4), 6), 9-1) және 9-2) тармақшаларында көзделген жағдайларда оның ұсынылған күнінен бастап отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімді;»;

6) 25-баптың 12-тармағы мынадай мазмұндағы екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

«Жария тыңдаулар, табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есептері онлайн-трансляция ұйымдастыру арқылы да жария тыңдауларға қатысушылардың кедергісіз қол жеткізуі қамтамасыз етіле отырып өткізіледі.

Елде төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері, табиғи монополиялар субъектілері жария тыңдауларды, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есептерді онлайн-трансляциялар арқылы өткізеді.

Жария тыңдаулар онлайн-трансляциялар арқылы өткізілген кезде уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі жария тыңдаулар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурста жария тыңдаулардың күнін, уақытын және онлайн-трансляцияға сілтемені көрсете отырып, алдағы жария тыңдау туралы хабарландыруды орналастырады.

Егер табиғи монополия субъектісінің қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті аудитке жататын болса, оны бұқаралық ақпарат құралдарында осы баптың 2-тармағында көзделген орналастыру аудит аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде жүзеге асырылады.»;

7) 26-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

17) тармақша «есептерді» деген сөзден кейін «электрондық нысанда» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 24-2) және 24-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«24-2) табиғи монополиялар субъектісінің меншігіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті сенімгерлік басқару шартын уәкілетті органмен келісуге;

24-3) халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тарту үшін кредиттік келісімдерді уәкілетті органмен келісуге;»;

34) тармақшадағы «тұтынушы жылжымалы құрамның жүріп өтуі үшін пайдаланатын кірме жолдың» деген сөздер «тұтынушыға (контрагентке) дейінгі» деген сөздермен ауыстырылсын.

57. «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

20-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың жобасы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, осы Заңға және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, мемлекеттік органдардың даму жоспарларына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен міндеттемелеріне сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушылардың өтінімдері бойынша қалыптастырылады.».

58. «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) арнайы экономикалық аймақ – Қазақстан Республикасы аумағының дәл белгіленген шекаралары бар, осы Заңға сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын бір бөлігі;»;

5) тармақшадағы «уәкілетті орган айқындайтын» деген сөздер «арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жүзеге асырылатын басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізілген» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2) және 5-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-1) бейінді емес қызмет түрлері – басым қызмет түрлерінің тізбесіне кірмейтін, өңдеу өнеркәсібі салаларына жататын, шикізатты, материалдарды, заттарды, жаңа өнімге арналған құрамдастарды өңдеумен байланысты қызмет түрлері;

5-2) бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға – бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізіліміне енгізілген және осындай қызметті арнайы экономикалық аймақ аумағында жүзеге асыратын тұлға;

5-3) бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт – бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын бірнеше тұлға мен арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы арасында жасалатын, арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметті жүзеге асыру шарттарын, тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейтін шарт;»;

7) тармақшадағы «басым қызмет түрі», «басым қызмет түрінің» деген сөздер тиісінше «басым немесе бейінді емес қызмет түрі», «басым және (немесе) бейінді емес қызмет түрінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) және 17) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«8) жоба – арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушысының, өтініш берушісінің, қатысушысының немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның басым немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыруы үшін, сондай-ақ индустриялық аймақтың әлеуетті қатысушысының, өтініш берушісінің немесе қатысушысының кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы үшін өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті заманауи өндірістер мен көрсетілетін қызметтер құруды көздейтін іс-шаралар кешені;»;

«17) өтініш беруші – арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясына басым немесе бейінді емес, немесе қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған өтінішті не индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына индустриялық аймақтың қатысушысы ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға арналған өтінішті беретін тұлға;»;

2) 10-баптың 2) тармақшасы бесінші абзацындағы «айқындау туралы шешімдер қабылдау;» деген сөздер «айқындау;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«арнайы экономикалық аймақтың атауын өзгерту туралы шешімдер қабылдау;»;

3) 11-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жүзеге асырылатын басым қызмет түрлерінің тізбесін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жүзеге асырылатын басым қызмет түрлерінің тізбесін жүргізу;»;

5) тармақша тоғызыншы абзацындағы «нысанын әзірлеу және бекіту;» деген сөздер «нысанын;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

«бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шарттарды әзірлеу және бекіту;»;

8) тармақша алып тасталсын;

14) тармақша «тізілімін» деген сөзден кейін «және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізілімін» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 12-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

5) 13-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

6) 14-бапта:

13) тармақша «қызметті жүзеге асыру туралы шарттардың талаптарын» деген сөздерден кейін «, бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттардың талаптарын» деген сөздермен толықтырылсын;

13-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13-1) осы Заңның талаптарына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің салынған объектісі мемлекеттік меншікке берілген жағдайда арнайы экономикалық аймақтың қатысушысымен немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғамен арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясынан уақытша жер пайдалану құқығын бір мезгілде жекеше әріптес болып табылатын арнайы экономикалық аймақ қатысушысының немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның пайдасына иеліктен шығаруға байланысты арнайы экономикалық аймақ құрылатын, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартын жасасу;»;

7) 17-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Арнайы экономикалық аймақтар осы баптың 3-2-тармағына сәйкес арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары сатып алған жер учаскелерінде де жұмыс істейді.»;

3-тармақта:

бірінші бөлік «қосалқы» деген сөзден кейін «және бейінді емес» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қызметті жүзеге асыру туралы шарттар негізінде басым қызмет түрлерін жүзеге асыратын арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына, бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт негізінде бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға – өтеусіз негізде;»;

үшінші, төртінші, бесінші және жетінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Қосалқы және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған арнайы экономикалық аймақ аумағының жиынтық алаңы арнайы экономикалық аймақ аумағының жалпы алаңының елу пайызынан аспауға тиіс.

Бұл ретте арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларына және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға беру үшін жер учаскелерін бөлуді жүзеге асырады.

Қызметті жүзеге асыру туралы шарттарға немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттарға сәйкес арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы жер учаскесінің жобаны іске асыру үшін көзделген бір бөлігін онда айқындалған кезеңдерге сәйкес резервке қоюға міндетті. Бұл ретте осылайша резервке қойылған жер учаскелерін басқарушы компания тиісті шарт жасалған арнайы экономикалық аймақ қатысушысының немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның келісімінсіз өзге тұлғаларға бере алмайды немесе өзгеше түрде иеліктен шығара алмайды, бұған осындай қатысушының немесе тұлғаның жобаны кезең-кезеңімен іске асыру жөніндегі міндеттемелерді орындамау жағдайлары кірмейді.»;

«Басқарушы компания кейінгі жер пайдалануға (қосалқы жалға) берілген мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерінде толық немесе ішінара түрде бюджет қаражаты есебінен құрылған инфрақұрылым объектілерін қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға және (немесе) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына мүліктік жалдауға (жалға) немесе қосымша жалдауға (қосалқы жалға) бере алады.»;

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

«3-2. Арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес сервитуттар ескеріле отырып, шетелдік заңды тұлғаларды қоспағанда, арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына меншікке берілуі мүмкін.

Қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін осындай учаскелер осы Заңның 16-бабына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын аумақтағы жерлердің құрамынан шығарылуға жатады.»;

4-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар арнайы экономикалық аймақтың аумағы шегінде өздеріне берілген учаскелердің шекарасынан тыс жерде өздеріне қажетті инфрақұрылым объектілерін өз қаражаты есебінен салуды, осындай құрылыс учаскелерін қозғайтын арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларымен немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалармен және арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен осындай құрылыс келісілген жағдайда жүзеге асыруға құқылы.»;

5 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Арнайы экономикалық аймақ құрылатын, басым және (немесе) қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған жеке меншіктегі жер учаскелерін олардың меншік иелері арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалдау) шартына сәйкес басқарушы компанияға уақытша пайдалануға (жалға) бере алады.

Басқарушы компания арнайы экономикалық аймақ құрылатын, басым және (немесе) қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған жеке меншіктегі жер учаскелерін арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша кейінгі пайдалану (қосалқы жалдау) шартына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға уақытша кейінгі пайдалануға (қосалқы жалға) беруге құқылы.

Арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалдау) және арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша кейінгі пайдалану (қосалқы жалдау) шарттары тиісінше арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдаланудың (жалдаудың) және арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша кейінгі пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгілік шарттарына сәйкес осындай арнайы экономикалық аймақ құрылатын мерзімнен аспайтын мерзімге жасалады.

Жер учаскесінің меншік иесі осы Заңның талаптарына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың аумағында арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға ретінде қызметті жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте жер учаскесінің меншік иесімен арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалдау) шарты жасалмайды.»;

«9. Арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыру үшін қажет объектілерді салуды және пайдалануға енгізуді жүзеге асыруға тиіс мерзімдерді көрсету:

1) қызметті жүзеге асыру туралы;

2) бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы;

3) басқарушы компания мен арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға арасында жасалатын, арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) және кейінгі жер пайдалану (қосалқы жалдау);

4) жер учаскесінің меншік иесі мен арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға арасында жасалатын, арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалдау) және уақытша кейінгі пайдалану (қосалқы жалдау) шарттарындағы міндетті талап болып табылады.»;

8) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған өтініштерді қарау рәсімі

(Жалғасы 15-бетте)

**(Жалғасы. Басы 1,10-14-беттерде)**

1. Арнайы экономикалық аймақ қатысушысының немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның қызметі қызметті жүзеге асыру туралы шартқа немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады, оларды жасасу үшін өтініш беруші осы бапқа сәйкес арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясына тиісті өтінішті береді.

2. Мыналар:

1) жер қойнауын пайдаланушылар;

2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 462-бабының

6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіруді, құрастыруды (жинақтауды) жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, акцизделетін тауарларды өндіретін ұйымдар;

3) арнаулы салық режимдерін қолданатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлер;

4) 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін инвестициялар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған, аяқталмаған келісімшарттар бойынша инвестициялық салықтық преференцияларды қолданатын ұйымдар;

5) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық басым жобаны және инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыратын (іске асырған) ұйымдар;

6) ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған өтінішті берушілерге жатпайды.

Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймаққа қатысты өтініш берушілерге шетелдік жеке және заңды тұлғалар жатпайды.

3. Егер осы баптың 4-тармағында өзгеше көзделмесе, арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған өтінішке қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мынадай құжаттар:

1) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша өтініш берушінің сауалнамасы;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

3) өтініш берушінің бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) заңды тұлға жарғысының көшірмесі;

5) заңды тұлғаның жоғары органының арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шешімінің көшірмесі;

6) өтініш берушінің бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адам, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған, соңғы қаржы жылы үшін қаржылық есептіліктің көшірмесі қоса беріледі.

Егер өтініш беруші қызметті өтініш берілген күнге дейін 12 айдан аз жүзеге асырса, онда қаржылық есептілікті ұсыну ол болған кезде соңғы есепті күнге жүзеге асырылады;

7) жобаның уәкілетті орган белгілеген талаптарға сай келетін техникалық-экономикалық негіздемесі қоса беріледі.

Ақпараттық-коммуникациялық және инновациялық технологиялар саласында арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыруға өтініш берілген кезде жобаның негіздемесі қоса беріледі;

8) қызмет көрсететін банктің өтініш берушінің банктік шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірмесі және кредиттік бюродан алынатын кредиттік есеп;

9) тіркеу есебіне қойылған жеріндегі мемлекеттік кіріс органының салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар немесе жоқ екені туралы анықтамасы;

10) осы баптың 16 және 17-тармақтарына сәйкес жобаны қаржылық қамтамасыз етудің растамасы;

11) егер жобаны іске асыру объектілер (құрылысжайлар, құрылыстар) салуды талап етсе, аумақтың эскиздік жобасы қоса беріледі.

Егер заңды тұлға құжаттарды беру кезінде Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, онда мемлекеттік кіріс органдарында салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеуде жоқ екендігі туралы анықтаманың көшірмесі ұсынылады.

Шетелдік заңды тұлғалар осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген заңдастырылған құжаттарды, сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді көшірмені немесе шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын заңдастырылған басқа құжатты қазақ және орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасымен бірге ұсынады.

4. Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақ үшін арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған өтінішке қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мынадай құжаттар:

1) дара кәсіпкер үшін:

уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша өтініш берушінің сауалнамасы;

дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған өтініш беруші жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

тіркеу есебіне қойылған жеріндегі мемлекеттік кіріс органының салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар немесе жоқ екені туралы анықтамасы;

осы баптың 16-тармағына сәйкес жобаны қаржылық қамтамасыз етудің растамасы (бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар үшін);

егер жобаны іске асыру объектілер (құрылысжайлар, құрылыстар) салуды талап етсе, аумақтың эскиздік жобасы;

2) заңды тұлға үшін:

уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша өтініш берушінің сауалнамасы;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

өтініш берушінің бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

жарғының көшірмесі;

өтініш беруші заңды тұлғаның жоғары органының арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шешімінің көшірмесі;

өтініш берушінің бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адам, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған соңғы қаржы жылы үшін қаржылық есептіліктің көшірмесі қоса беріледі. Егер өтініш беруші қызметті өтініш берілген күнге дейін 12 айдан аз жүзеге асырса, онда қаржылық есептілікті ұсыну ол болған кезде соңғы есепті күнге жүзеге асырылады;

тіркеу есебіне қойылған жеріндегі мемлекеттік кіріс органының салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар немесе жоқ екені туралы анықтамасы;

осы баптың 16-тармағына сәйкес жобаны қаржылық қамтамасыз етудің растамасы (бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар үшін);

егер жобаны іске асыру объектілер (құрылысжайлар, құрылыстар) салуды талап етсе, аумақтың эскиздік жобасы қоса беріледі.

5. Өтініш беруші өтініш берген кезде арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы:

1) өтініш берілген күні оны өтініштерді тіркеу журналында тіркеуге және бірыңғай үйлестіру орталығының интернет-ресурсында орналастыруға;

2) ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын тексеруге міндетті.

6. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы өтінішті жобаларды іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарына сәйкес қарайды.

7. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы мәлімделген қызмет түрі, оның ішінде бірыңғай технологиялық процесс шеңберіндегі қызмет түрлері арнайы экономикалық аймақты құру мақсаттарына, басым қызмет түрлеріне, өтініш берушілердің жобаларын іріктеу өлшемшарттарына және (немесе) ұсынылған құжаттар осы баптың 3 немесе 4-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда өтініш берушіге қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасудан бас тартады.

8. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы мәлімделген қызмет түрі өтініш берушілердің жобаларын іріктеу өлшемшарттарына және (немесе) ұсынылған құжаттар осы баптың 3 немесе 4-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда өтініш берушіге бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасудан бас тартады.

9. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шартты немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты жасасудан бас тарту туралы шешімді оны қабылдау негіздемесімен бірге өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жазбаша түрде жіберуге және бірыңғай үйлестіру орталығының интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

10. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы осы баптың 7 және 8-тармақтарында көзделген талаптарды ескере отырып, өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қызметті жүзеге асыру туралы шартқа немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартқа қол қояды.

11. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шарт немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасалған кезден бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, бірыңғай үйлестіру орталығына қызметті жүзеге асыру туралы шарттың немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттың көшірмесін жібереді және шарт жасасу туралы ақпаратты бірыңғай үйлестіру орталығының интернет-ресурсында орналастырады.

12. Бірыңғай үйлестіру орталығы тиісті шарттың көшірмесін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде өтініш беруші туралы мәліметтерді арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізіліміне енгізеді және тұлғаның арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде тіркелгенін куәландыратын куәлік береді немесе куәлік бермей бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізіліміне енгізеді.

Арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізіліміне немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізіліміне мәліметтер енгізілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бірыңғай үйлестіру орталығы осындай тұлғаларды және арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясын арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға мәртебесін алғаны туралы хабардар етеді. Бірыңғай үйлестіру орталығы мемлекеттік кіріс органдарын да тұлғаны арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізіліміне енгізу туралы хабардар етеді.

Аталған тұлғаларды арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізіліміне немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізіліміне енгізу туралы ақпарат бірыңғай үйлестіру орталығының интернет-ресурсында орналастырылады.

13. Тұлғаның арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде тіркелгенін куәландыратын куәлік алынғаннан кейін арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы арнайы экономикалық аймақтың аумағында басым қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен салықтық жеңілдіктерді алуға құқылы.

14. Мемлекеттік кіріс органдары бірыңғай үйлестіру орталығының хабарламасын алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен арнайы экономикалық аймақтың қатысушысын есепке алуды жүзеге асырады.

15. Қызметті жүзеге асыру туралы шарттың немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданысы:

1) арнайы экономикалық аймақ таратылған кезде;

2) қызметті жүзеге асыру туралы шарттың немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттың мерзімі өткен немесе ол мерзімінен бұрын бұзылған кезде;

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында немесе қызметті жүзеге асыру туралы шартта немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартта көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шарттың немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданысы тоқтатылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай үйлестіру орталығын және мемлекеттік кіріс органдарын тиісті шарт қолданысының тоқтатылғаны туралы хабардар етеді.

16. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға ретінде қызметті жүзеге асыруға өтініш берген кезде өтініш берушілер жоба құнының кемінде он пайызы мөлшерінде қаржылық қамтамасыз етудің бар екенін мынадай тәсілдердің бірімен:

1) ақшамен;

2) банктік кепілдікпен;

3) өтініш беруші үшін осы тармақта көзделген тәсілдермен кепілгердің қаржылық қаражатының бар екенінің растамасы қоса берілген кепілгерлікпен;

4) мүлік кепілімен;

5) сақтандыру шартымен растауға тиіс.

Өтініш беруші қаржылық қамтамасыз ету тәсілдерінің кез келгенін, оның ішінде бірнеше тәсілді комбинациялау арқылы таңдауға құқылы.

Осы тармақтың ережелері шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына қолданылмайды.

17. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға, осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға мәртебесін алған кезден бастап екі жыл ішінде жоба құнының қалған бөлігіне қаржылық қамтамасыз етудің бар екенін растауға тиіс.

Жобасының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің он бес миллион еселенген мөлшерінен асатын арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға мәртебесін алған кезден бастап үш жыл ішінде қаржылық қамтамасыз етудің бар екенін растауға тиіс.

Осы тармаққа сәйкес қаржылық қамтамасыз етуді арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға қаржылық қамтамасыз етуді ұсыну кезінде іске асырылмай қалған жоба құнының бір бөлігіне ұсынады.»;

9) 19-бапта:

1-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті органның қызмет түрін басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу туралы өтінішті қарау қорытындылары бойынша тиісті шешім мен өтінішті уәкілетті орган қорытынды беру үшін мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді.»;

үшінші бөлік алып тасталсын;

2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қызмет түрін басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу туралы өтінішке жобаның паспорты, жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін бағалауды талдау және республикалық және жергілікті бюджеттердің шартты шығасыларының есеп-қисаптары қоса беріледі.

3. Қызмет түрлерін басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу туралы өтінішті қарау тәртібі мен мерзімі арнайы экономикалық аймақтардың аумағында жүзеге асырылатын басым қызмет түрлерінің тізбесін жүргізу қағидаларына сәйкес қаралады.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар қызмет түрін басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу туралы оң қорытынды берген жағдайда уәкілетті орган мәлімделген қызмет түрін арнайы экономикалық аймақтардың аумағында жүзеге асырылатын басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізеді.

Басым қызмет түрлерінің тізбесі бірыңғай үйлестіру орталығының ресми интернет-ресурсында жарияланады.»;

10) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«20-бап. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға мәртебесінен айыру рәсімі

1. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға осы Заңның 18-бабының 16 және 17-тармақтарында көзделген талаптарды сақтамаған жағдайда осындай қатысушымен немесе тұлғамен жасалған қызметті жүзеге асыру туралы шарт немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт осы Заңда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және қызметті жүзеге асыру туралы шартта немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартта көзделген тәртіппен бұзылуға жатады.

2. Арнайы экономикалық аймақ қатысушысының немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның жобаны іске асыруға әсер ететін шарттың талаптарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамағаны анықталған кезде арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы анықталған бұзушылықтарды жою үшін күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзім белгіленетін тиісті акт жасайды және оны осындай қатысушыға немесе тұлғаға жібереді.

3. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға шарт бойынша міндеттемелерді елеулі бұзған мынадай жағдайларда:

1) қатысушы немесе тұлға шартта көзделген объектілерді жобалауды жүргізу, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыру және пайдалануға беру мерзімдерін дәлелсіз себептермен қатарынан күнтізбелік алты айдан артық сақтамаса;

2) арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен келісілмей қатысушының немесе тұлғаның қызметі күнтізбелік екі айдан астам мерзімге тоқтатыла тұрса;

3) қатысушы немесе тұлға шарт талаптарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды осы баптың 2-тармағында көзделген актіде айқындалған мерзімде жоймаса, қызметті жүзеге асыру туралы шартты немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты біржақты тәртіппен бұзады.

4. Осы баптың 3-тармағында көзделген негіздер бойынша шартты бұзу кейінгі жер пайдалану (қосалқы жалдау) шартын немесе жер учаскесін уақытша кейінгі пайдалану (қосалқы жалдау) шартын бұзуға да алып келеді.

5. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шарт немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт бұзылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде бұл туралы мемлекеттік кіріс органын, бірыңғай үйлестіру орталығын, сондай-ақ облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органын хабардар етеді.»;

11) 24-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өздеріне арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы жер учаскелерін кейінгі жер пайдалану (қосалқы жалдау) құқығы тиесілі арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының Қазақстан Республикасының шекаралық аймағы мен шекаралық белдеуінде орналасқан жер учаскелерін беру үшін көзделген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен және негіздерде оларды сатып алу құқығы бар.

Бұл ретте осындай арнайы экономикалық аймақтың аумағы – республикалық маңызы бар индустриялық аймақ мәртебесіне, оның басқарушы компаниясы – индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы мәртебесіне, ал осындай арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары мен қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар индустриялық аймақтың қатысушылары мәртебесіне ие болады.»;

12) 25-баптың 1-тармағындағы «басым қызмет түрлерін» деген сөздер «басым және (немесе) бейінді емес қызмет түрлерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 28-баптың 1-тармағындағы «техникалық-экономикалық негіздемесі мен» деген сөздер алып тасталсын;

14) 29-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) дайын өндірістік үй-жайлардың құрылысы туралы ақпарат;»;

15) 33-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Жер учаскесінің меншік иесі мемлекеттік индустриялық аймақтың аумағында осы Заңның талаптарына сәйкес қызметін мемлекеттік индустриялық аймақтың қатысушысы ретінде жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте жер учаскесінің меншік иесімен мемлекеттік индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалдау) шарты жасалмайды.»;

16) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«37-бап. Бірыңғай үйлестіру орталығының құзыреті

Бірыңғай үйлестіру орталығының құзыретіне:

1) мемлекеттік органдармен, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының қатысушыларымен (акционерлерімен), басқарушы компанияларымен, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушыларымен, бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалармен осындай қатысушылар мен тұлғаларды тіркеу және арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың инфрақұрылымын дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу;

2) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

3) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының мемлекетке тиесілі жарғылық капиталына қатысу үлестерін (акцияларын) сенімгерлік басқару;

4) арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізу;

5) бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізілімін жүргізу;

6) тұлғаның арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде тіркелгенін куәландыратын куәлікті беру;

7) индустриялық аймақтардың бірыңғай тізілімін жүргізу;

8) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың аумақтарында қызметті жүзеге асыру туралы шарттар және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу;

9) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың инфрақұрылым объектілерінің жай-күйін мониторингтеу;

10) арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының даму стратегиясында көрсетілген нысаналы индикаторларға қол жеткізуін мониторингтеу;

11) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту және ілгерілету бойынша қызметтер көрсету, оның ішінде:

басқару, ішкі бизнес-процестер моделі мен корпоративтік құжаттарды әзірлеу және арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларына ендіру;

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың даму стратегиясын, арнайы экономикалық аймақтар үшін жобаларды іріктеу өлшемшарттарын әзірлеу, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларын қаржыландыруды жоспарлау, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды қаржыландыру жоспарларын әзірлеу (бюджетті жасау және шоғырландыру) бойынша ұсынымдарды (ұсыныстарды) тұжырымдау;

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының қызметкерлерін оқыту;

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың маркетингтік стратегиясын әзірлеу бойынша нарыққа талдау жүргізу және арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларына консультация беру;

нысаналы маркетинг жүргізу;

жобаларға талдау жүргізу;

отандық арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды халықаралық нарықта ілгерілетуді қамтамасыз ету;

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың қызметін ақпараттық қолдап отыруды қамтамасыз ету;

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарға әлеуетті инвесторларды тартуға жәрдем көрсету;

12) уәкілетті органның стратегиялық құжаттарының нысаналы индикаторларына қол жеткізуге жәрдем көрсету жатады.»;

17) 38-бапта:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Акционерлер (қатысушылар) басқарушы компанияның директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) құрамына Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұсынған адамдар қатарынан, лауазымы бойынша директорлар кеңесінің басқарушы компанияны стратегиялық жоспарлау мәселелері жөніндегі комитетін басқаратын (байқаушы кеңестің төрағасы болып табылатын) тәуелсіз директорды (байқаушы кеңестің мүшесін), бірыңғай үйлестіру орталығы ұсынған адамдар қатарынан тәуелсіз директорды (байқаушы кеңестің мүшесін), сондай-ақ инвестициялар тарту саласындағы ұлттық компания ұсынған инвестициялық жобаларды іске асыру тәжірибесі бар адамдар қатарынан тәуелсіз директорды сайлайды.»;

12-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Уәкілетті орган мен бірыңғай үйлестіру орталығы арнайы экономикалық аймақтың даму стратегиясын келіп түскен күнінен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қарайды.

Уәкілетті орган мен бірыңғай үйлестіру орталығы тарапынан ескертулер мен ұсыныстар болған жағдайда арнайы экономикалық аймақтың пысықталған даму стратегиясы бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға және бірыңғай үйлестіру орталығына келісу үшін қайта енгізілуге жатады.»;

18) 39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«39-бап. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функциялары

Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларына:

1) арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу;

2) арнайы экономикалық аймақтың басым қызмет түрлерін жүзеге асыратын қатысушыларына және қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға), кейінгі жер пайдалануға (қосалқы жалға), уақытша пайдалануға (жалға) немесе уақытша кейінгі пайдалануға (қосалқы жалға) беру және инфрақұрылым объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) немесе қосымша жалдауға (қосалқы жалға) беру;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің салынған объектісі мемлекеттік меншікке берілген жағдайда мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша жекеше әріптес болып табылатын арнайы экономикалық аймақ қатысушысының пайдасына уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын иеліктен шығару;

4) қызметті жүзеге асыру туралы шарттарды және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты жасасу және бұзу;

5) уәкілетті органға және бірыңғай үйлестіру орталығына арнайы экономикалық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы есептілікті уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының жыл сайынғы есептері негізінде ұсыну;

6) арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушыларын және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларды тарту;

7) инфрақұрылым объектілерін салу және арнайы экономикалық аймақтардың өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту;

8) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына берілмеген жер учаскелерінде бекітілген техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес инфрақұрылым объектілерін салуды жүзеге асыру;

9) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуі үшін қабылдау орындарын ұйымдастыру;

10) қызметті жүзеге асыру туралы шарттар және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу;

11) арнайы экономикалық аймақта жаңа өндірістерді құру бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізу;

12) арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және ілгерілету жөніндегі іс-шараларды өткізу;

13) арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларын, өтініш берушілерді, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларын ақпараттық қолдап отыруды қамтамасыз ету, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының, өтініш берушілердің, арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының мемлекеттік органдардың, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру;

14) арнайы экономикалық аймақта өнеркәсіптік-инновациялық және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту;

15) арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларымен, өтініш берушілермен, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларымен «бір терезе» қағидаты бойынша өзара іс-қимыл жасасу мен жұмыс жүргізу және осы қағидатты іске асыру шеңберінде, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алған кезде мемлекеттік органдармен және өзге көрсетілетін қызметтерді алған кезде өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу кезінде арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының мүдделерін білдіру;

16) коммуналдық, логистикалық және сервистік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

17) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына қатысу;

18) бизнес-жоспарларды, техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және өзге де жобалау құжаттамасын әзірлеу бойынша қызметтер көрсету;

19) арнайы экономикалық аймақтың аумағында құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру және арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға осындай көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

20) арнайы экономикалық аймақтың аумағын абаттандыру және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

21) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға консалтингтік және маркетингтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

22) арнайы экономикалық аймақтың аумағында тұрғызылатын инфрақұрылым және кәсіпкерлік қызмет объектілері бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында техникалық қадағалауды жүзеге асыру және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де функциялар жатады.»;

19) мынадай мазмұндағы 41-1-баппен толықтырылсын:

«41-1-бап. Бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

1. Бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құқықтық қорғау кепілдіктерін пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының Жер кодексінде және осы Заңда белгіленген тәртіппен бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін жер учаскелерін алуға және инфрақұрылым объектілерін салуға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

2. Бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар:

1) арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясына өз қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсынуға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартта көзделген міндеттерді адал және тиісінше орындауға міндетті.»;

20) 42-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«42-бап. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шарттар және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу

Қызметті жүзеге асыру туралы шарттар және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеуді:

арнайы экономикалық аймақтардың басқарушы компаниялары тұрақты түрде қызметті жүзеге асыру туралы шартты және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты орындау шеңберінде арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бастапқы құжаттамасы, сондай-ақ жыл сайынғы есептері негізінде;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары және бірыңғай үйлестіру орталығы арнайы экономикалық аймақтардың басқарушы компаниялары есептілік нысанында ұсынатын ақпарат, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары және бейінді емес қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат негізінде осы Заңға сәйкес жүргізеді.»;

21) 44-баптың 8-тармағы мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

«Уәкілетті орган және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы тиісті индустриялық аймақтың даму стратегиясын келіп түскен күнінен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қарайды.

Уәкілетті орган және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы тарапынан ескертулер мен ұсыныстар болған жағдайда республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың пысықталған даму стратегиясы бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына келісу үшін қайта енгізілуге жатады.»;

22) 51-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары үшін салықтық жеңілдіктер беру шарттары «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес жобаның құнына байланысты айқындалады.»;

23) 58-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Осы Заңның 51-бабы екінші бөлігінің ережелері 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.».

59. «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» 2021 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 15) тармақшасының үшінші абзацы «уәкілетті органмен» деген сөздерден кейін «және бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы уәкілетті органмен» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 7-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) әлеуетті өнім беруші тапсырыс беруші сатып алатын технологиялардың, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің және оларға техникалық құжаттаманың құқық иеленушісі (патент иеленуші) болып табылатын жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім беруші тіркелген жері салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін жеңілдікті салық салынатын мемлекеттердің тізбесіне енгізілген мемлекет немесе аумақ болатын заңды тұлға болып табылса, өткізілетін сатып алуға қатысуға құқылы емес.»;

3) 10-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы «конкурстық» деген сөз «тендерлік» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 11-бапта:

1-тармақтың 6) тармақшасындағы «арқылы;» деген сөз «арқылы жүзеге асырылады.» деген сөздермен ауыстырылып, 7) тармақшасы алып тасталсын;

6-тармақ алып тасталсын;

8-тармақтың 1) тармақшасы төртінші абзацындағы «болуы жағдайларын қоспағанда, тендерлік құжаттамада (аукциондық құжаттамада) әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеуге не тендерлік құжаттамада (аукциондық құжаттамада) немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпаратта сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілілігін айқындайтын сипаттамаларға нұсқау жасауға» деген сөздер «болуы» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

«мемлекеттік сараптаманың не аккредиттелген сараптама ұйымы сараптамасының оң қорытындысы бар жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкес мұнай өнімдері мен мұнай-газ-химия өнімдерін өндірушілердің тауарларды сатып алуы;

лицензиялық келісімдерге сәйкес технологиялық қондырғылар пайдаланылған жағдайда тауарларды сатып алу жағдайларын қоспағанда, тендерлік құжаттамада (аукциондық құжаттамада) әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеуге не тендерлік құжаттамада (аукциондық құжаттамада) немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпаратта сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілілігін айқындайтын сипаттамаларға нұсқау жасауға;»;

5) 15-баптың 4-тармағында:

1) тармақшадағы «тендерге не аукционға» деген сөздер «сатып алуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) тапсырыс беруші ұсынған бұзушылықтар туралы мәліметтер.».

60. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-баптың 2-тармағындағы «2023» деген цифрлар «2024» деген цифрлармен ауыстырылсын.

61. «Өнеркәсіптік саясат туралы» 2021 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«15) өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілері – өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген, даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық даму институттары, шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі бірыңғай оператор, сондай-ақ өнеркәсіпті дамыту қоры;»;

2) 8-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген, ұлттық даму институттарының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың, шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі бірыңғай оператордың тізбесін бекітеді;»;

3) 13-бапта:

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақтың бірінші бөлігінің 8) тармақшасы алып тасталсын;

4) 25-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті және инновациялық қызметті қолдау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі.»;

5) 43-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Өңдеу өнеркәсібінің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерін сервистік қолдауды сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі бірыңғай операторды тарта отырып, мыналар арқылы жүзеге асырады:».

62. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты ендіру және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 3-тармағында:

11) тармақшада:

сегізінші абзац «тізіліміне» деген сөзден кейін «, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

он бірінші және жиырма екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Реттеушілік актілер кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптардың тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес талаптар тізіліміне кәсіпкерлік қызметті реттеу кезінде оларды қолданатын реттеуші мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша енгізіледі.»;

«7. Талаптар тізілімін қалыптастыруды және жүргізуді кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

32) тармақшада:

он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші және қырық жетінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін реттеуші мемлекеттік органдар бақылау мен қадағалау субъектілерін (объектілерін) нақты тәуекел дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу графиктерін немесе тізімдерін автоматты режимде қалыптастыратын тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып жүргізеді, сондай-ақ ол мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқау қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Автоматты режимде тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүзеге асырылатын бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі белгілі бір бақылау мен қадағалау саласындағы осындай бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

Бақылау және қадағалау органдарының тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, автоматты режимде қалыптастыру тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарының өзіндік ерекшелігі мен құпиялылығы ескеріле отырып, реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыруы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.»;

«2. Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі автоматты режимде қалыптастырған график талаптарға сәйкестік тұрғысынан тексеру тағайындауға негіз болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы қырық сегізінші абзацпен толықтырылсын:

«Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі болмаған кезде графикті реттеуші мемлекеттік орган бекітеді.»;

**(Соңы 16-бетте)**

(Соңы. Басы 1,10-15-беттерде)

қырық сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«График өздеріне қатысты талаптарға сәйкестік тұрғысынан тексеру тағайындалған бақылау мен қадағалау субъектілерін (объектілерін) міндетті түрде көрсете отырып, бақылау мен қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жыл сайынғы негізде тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесінде автоматты режимде қалыптастырылады.»;

33) тармақшаның он бесінші және он жетінші абзацтарындағы «Реттеуші», «Бақылау және» деген сөздер тиісінше «Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйелерінде графиктер мен жартыжылдық тізімдерді автоматты режимде қалыптастыру жағдайын қоспағанда, реттеуші,», «Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйелерінде графиктер мен жартыжылдық тізімдерді автоматты режимде қалыптастыру жағдайын қоспағанда, бақылау және» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасындағы «төртінші – жетпіс жетінші» деген сөздер «төртінші – он бірінші, жиырма алтыншы, отыз екінші, отыз алтыншы – қырық бесінші, елу алтыншы – елу тоғызыншы, алпыс бесінші, алпыс жетінші – жетпіс жетінші» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Осы Заңның 1-бабының 3-тармағы 21) тармақшасының он екінші – жиырма бесінші, жиырма жетінші – отыз бірінші, отыз үшінші – отыз бесінші, қырық алтыншы – елу бесінші, алпысыншы – алпыс төртінші және алпыс алтыншы абзацтары Қазақстан Республикасының тексерулер жүргізу тәртібін регламенттейтін заңдары қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының осы заңдары қолданысқа енгізілгенге дейін бақылау және қадағалау органдары осы тексерулерді 2022 жылғы 31 желтоқсанға қолданыста болатын тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.».

2-бап.

1. Осы Заң:

1) 2022 жылғы 8 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 61-тармағының 2) тармақшасын, 3) тармақшасының үшінші абзацын және 5) тармақшасын;

2) 2022 жылғы 2 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 39-тармағының 9) және 10) тармақшаларын;

3) 2022 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 20) тармақшасының үшінші және алтыншы абзацтарын, 21), 22) және 23) тармақшаларын, 30-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацын;

4) 2022 жылғы 31 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 62-тармағын;

5) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 13, 16, 32, 38, 41, 42, 45, 55 және 60-тармақтарын;

6) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 14-тармағының 1) және 2) тармақшаларын және 22-тармағын;

7) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 5-тармағы 8) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын және 9) тармақшасын, 7-тармағы 3) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтарын, 24-тармағының 3) тармақшасын, 25-тармағы 2) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 3) тармақшасының төртінші және тоғызыншы абзацтарын, 6) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, тоғызыншы, оныншы және он бірінші абзацтарын және 11) тармақшасын, 37-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларын, 5) тармақшасының тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші абзацтарын, 6) және 7) тармақшаларын;

8) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 25-тармағы 6) тармақшасының жетінші, сегізінші және он екінші абзацтарын;

9) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 27) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын және 28) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналар:

1) осы Заңның 1-бабы 36-тармағының 1) және 2) тармақшалары 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін қолданылады;

2) осы Заңның 1-бабының 3-тармағы 11) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтары 2022 жылғы 1 қаңтар – 2024 жылғы 1 қаңтар аралығында қолданылады;

3) осы Заңның 1-бабы 3-тармағының 1), 6), 18), 19) тармақшалары, 20) тармақшасының бесінші абзацы, 24) тармақшасының екінші, үшінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он екінші абзацтары, 25) тармақшасының үшінші абзацы, 29) және 30) тармақшалары, 30-тармағы 1) тармақшасының алтыншы абзацы, 2) және 5) тармақшалары 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады деп белгіленсін.

3-бап. Мыналар:

1) осы Заңның 1-бабының 5-тармағы 11) тармақшасының үшінші абзацының күші 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін лотерея операторына қолданылмайды деп белгіленсін.

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін айрықша немесе артықшылықты құқық берілген нарық субъектілерінің қызметі осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде осы Заңға сәйкес келтірілуге тиіс;

2) осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) оның еншілес ұйымдарының қаражатын алған банктер осы Заңның 1-бабы 14-тармағының 1) тармақшасын ескере отырып, пайданы да бөледі, жай және (немесе) артықшылықты акциялар және (немесе мерзімсіз) қаржы құралдары бойынша дивидендтерді есепке де жазады, өз акцияларын кері сатып алуды да жүргізеді деп белгіленсін.

Осы Заңның 1-бабы 14-тармағының 2) тармақшасы қолданысқа енгізілген күнге банктің орналастырылған акцияларының (артықшылықты және банк сатып алған акциялар шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама түрде иеленетін, пайдаланатын және (немесе) оған билік ететін, сондай-ақ уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмай, банктің орналастырылған акцияларының (артықшылықты және банк сатып алған акциялар шегеріле отырып) он немесе одан көп пайызы мөлшерінде банк қабылдайтын шешімдерді бақылайтын немесе оларға ықпал ету мүмкіндігі бар тұлғалар осы Заңның 1-бабы 14-тармағының 2) тармақшасы қолданысқа енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде өз қызметін ірі қатысушы (банк холдингі) мәртебесін алуға тиісті өтініштер мен құжаттарды беру арқылы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келтіруге не тікелей немесе жанама түрде өздеріне тиесілі банк акцияларын «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабында белгіленген деңгейден төмен деңгейге дейін азайтуға міндетті;

3) осы Заңның 1-бабы 18-тармағының бесінші және алтыншы абзацтарында көрсетілген операцияларды 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейінгі кезеңде тұрғын үй құрылысы жинақ банкі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясынсыз жүзеге асырады;

4) осы Заңның 1-бабы 36-тармағының 1) және 2) тармақшалары айырбастау шарты бойынша автомобиль көлік құралдарын сатып алу және иеліктен шығару кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік органға қатысты қолданылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган айырбастау шарты бойынша автомобиль көлік құралдарын сатып алу (иеліктен шығару) тәртібін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді;

5) осы Заңның 1-бабының 5-тармағы 2) тармақшасының, 46-тармағы 1) тармақшасының оныншы және он бірінші абзацтарының, 4) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарының, 5) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтарының, 6), 9), 18), 21) және 22) тармақшаларының күші осы Заң қолданысқа енгізілген күнге дейін конкурстық құжаттамасы бекітілген немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру қажеттілігінің бар екендігі туралы уәкілетті тұлғаның қорытындысы берілген жобаларға қолданылмайды деп белгіленсін.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 30 желтоқсан
№ 177-VII ҚРЗ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы шығыстар – азаматтың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды сот қабылдаған күннен кейін пайда болған шығыстары, оның ішінде қаржы басқарушысының сыйақысы;

2) әдейі банкроттық – соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолданғанға дейін үш жыл ішінде Қазақстан Республикасы азаматының кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындаудан жалтару мақсатында мүлікті иеліктен шығару, жасыру немесе жою арқылы жеке мүдделері үшін жасаған әрекеттері;

3) банкрот – өзіне қатысты соттан тыс банкроттық рәсімі аяқталған немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы сот шешімі заңды күшіне енген борышкер;

4) борышкер – төлемге қабілетсіз болуы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолдануға негіз болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматы;

5) борышкердің мүліктік массасы – борышкердің сот арқылы банкроттық рәсімінде өндіріп алу қолданылуы мүмкін мүлкі;

6) бітімгершілік келісім – сот арқылы банкроттық рәсімінің кез келген сатысында борышкер мен кредиторлар арасында сот бекітетін келісім жасасу арқылы оны тоқтату мақсатында қолданылатын рәсім;

7) кредитор – борышкерге азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де міндеттемелерден, оның ішінде орындалуы борышкердің мүлік кепілімен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша туындайтын талаптары бар тұлға;

8) кредиторлар талаптарының тізілімі – борышкерге қойылатын кредиторлар талаптарының мөлшері, туындау негіздері және күні көрсетілген тізбесі;

9) қаржы басқарушысы – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерінде қызметті жүзеге асыратын адам;

10) сот арқылы банкроттық рәсімі – кредиторлардың талаптарын борышкердің мүліктік массасы есебінен қанағаттандыру мақсатында борышкерге қатысты сот тәртібімен жүзеге асырылатын рәсім;

11) соттан тыс банкроттық рәсімі – осы Заңға сәйкес екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың немесе коллекторлық агенттіктердің алдындағы міндеттемелерді тоқтату мақсатында борышкерге қатысты соттан тыс тәртіппен жүзеге асырылатын рәсім;

12) төлемге қабілетсіздік – борышкердің ақшалай міндеттемелерді және ақшалай сипаттағы өзге де талаптарды толық көлемде орындауға қабілетсіз болуы;

13) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары – іске асыру мерзімдері көрсетіле отырып, борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтитын құжат;

14) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі – сот тәртібімен қолданылатын рәсім, оның шеңберінде борышкерге борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған қаржылық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-шаралар қолданылады;

15) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғандағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

1. Осы Заң дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген Қазақстан Республикасы азаматының төлемге қабілетсіз болуына байланысты туындайтын қатынастарға қолданылады.

2. Кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмауына байланысты дара кәсіпкерлерде туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында реттеледі.

3. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану, сондай-ақ бітімгершілік келісім жасасу туралы арызды осы Заңда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарайды.

4-бап. Азаматтарға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану қағидаттары

Азаматтарға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) заңдылық;

2) әділдік;

3) жариялылық пен ашықтық;

4) мемлекеттік реттеу;

5) азаматтардың адалдығы;

6) салдардың басталуы.

5-бап. Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беру үшін негіздер

1. Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және арыз берілген күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен аспайтын міндеттемелердің болуы және жиынтығында мынадай:

1) ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің болмауы;

2) арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша мұндай арыз берілген күнге қатарынан он екі ай бойы өтеудің болмауы;

3) борышкерге қатысты «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуі шарттарына сәйкес келуі уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады.

Осы тармақшада көрсетілген берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алуды жүргізу жөніндегі шараларды мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап он сегіз айдан аспайтын мерзімдерде жүргізу қажет;

4) арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің қолданылмауы шарттарына сәйкес келуі уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады.

2. Егер борышкер арыз берілген күннің алдындағы алты ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылса, осы баптың 1-тармағы 2) тармақшасының ережесіне қарамастан, ол арыз беруге құқылы болады.

3. Егер міндеттемелерді орындамау мерзімі арыз берілген күнге бес жылдан асса, осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, борышкер арыз беруге құқылы болады.

6-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беру үшін негіздер

1. Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және арыз берілген күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен асатын міндеттемелердің болуы және мынадай:

1) кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша осындай арыз берілген күнге қатарынан он екі ай ішінде өтеудің болмауы;

2) борышкерге қатысты «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуі шарттарына сәйкес келуі сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады.

Осы тармақшада көрсетілген берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алуды жүргізу жөніндегі шараларды мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап он сегіз айдан аспайтын мерзімдерде жүргізу қажет;

3) арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану фактісінің болмауы шарттарына сәйкес келуі сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады.

2. Барлық міндеттеменің мөлшері (оның ішінде орындалу мерзімі басталмаған) өзіне тиесілі мүліктің құнынан аспайтын борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арызбен ғана сотқа жүгінуге құқылы.

3. Осы баптың 1-тармағының борышкердің міндеттемелерінің мөлшері бөлігіндегі ережесі, егер кредитор:

жеке тұлға;

заңды тұлға, оның ішінде, өзіне қатысты борышкер осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген шартқа сәйкес келмейтін соттан тыс банкроттық рәсімі бойынша кредитор болып табылса, қолданылмайды.

7-бап. Борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдеріндегі өкілеттіктері

1. Борышкер:

1) осы Заңның 5-бабында көзделген негіздер бойынша соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызбен уәкілетті органға жүгінуге;

2) Осы Заңның 6-бабында көзделген негіздер бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызбен сотқа жүгінуге;

3) осы Заңда көзделген тәртіп сақталған жағдайда өз мүлкін иеліктен шығару бойынша мәмілелер жасасуға;

4) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімінде өзі және өзінің асырауындағы отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелері үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс шамасы мөлшеріндегі ақшаны ай сайын өз иелігінде қалдыруға құқылы.

Борышкер ай сайын өз иелігінде қалдыратын ақша мөлшерін кредиторлар ұлғайта алады;

5) осы Заңда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2. Борышкер:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолдану туралы арыз берілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, кредиторларды осындай арызбен жүгінгені туралы хабардар етуге;

2) егер соттан тыс банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде өзінің меншігіне мүлік түсіп немесе өзінің мүліктік жағдайы өзгеше түрде өзгеріп, мұның өзі оның кредиторлар алдындағы өз міндеттемелерін толық немесе отыз пайыздан асырып орындауына мүмкіндік беретін не кредитормен кредитордың алдындағы берешекті реттеу туралы келісім жасасқан жағдайда, уәкілетті органға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы мұндай рәсімді тоқтату туралы жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысандағы арызбен жүгінуге;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын әзірлеуге қатысуға;

4) уәкілетті органның, қаржы басқарушысының, сондай-ақ кредиторлардың жазбаша сұрау салуы негізінде, оны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, оларға өзінің қаржылық жағдайы, мүлкі және міндеттемелері туралы анық ақпаратты беруге;

5) қаржы басқарушысына өзінің қаржылық жағдайы, мүлкі және міндеттемелері туралы ақпарат алуда жәрдем көрсетуге;

6) қаржы басқарушысының осы Заңда көрсетілген талаптарын орындауға және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі келтірмеуге;

7) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының іс-шараларын орындауға;

8) осы Заңның 32-бабының 1-тармағына сәйкес кредиторға (кредиторларға) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат беруге;

9) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген мәмілелерді қоспағанда, өзіне жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелерді қабылдамауға;

10) оқиға басталған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде кредиторларды еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, әскери қимылдар, төтенше жағдай және басқалар) салдарынан не үшінші тұлғалардың кінәсінен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындаудың мүмкін болмағаны туралы хабардар етуге;

11) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау мерзімі аяқталғаннан кейін немесе ол мерзімінен бұрын орындалған кезде сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін аяқтау туралы өтінішхатпен жүгінуге;

12) соттың мынадай:

сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы;

төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімдерінің бірі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мүліктік массаны қаржы басқарушысының басқаруына беруге;

13) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

8-бап. Кредиторлардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдеріндегі өкілеттіктері

1. Кредитор:

1) борышкерге өз талаптарын осы Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мәлімдеуге;

2) борышкерден, қаржы басқарушысынан осы Заңда көзделген рәсімдерге қатысты ақпаратты, сондай-ақ борышкердің қаржылық жағдайы, оның мүлкі мен міндеттемелері туралы анық ақпаратты алуға;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімінде борышкердің ай сайын өз иелігінде қалдыратын ақша мөлшерін ұлғайту туралы мәселені қарауға;

4) банкроттың міндеттемелерін тоқтатудан бас тартуға негіз болып табылатын, белгілі болған мән-жайлар туралы қаржы басқарушысына және сотқа хабарлауға;

5) борышкерді әдейі банкроттық тұрғысынан тексеру мақсатында уәкілетті органға арыз беруге;

6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2. Кредитор:

1) борышкерге өз талаптарын мәлімдеген кезде, өз талаптарының негізі мен мөлшерін растайтын құжаттарды қаржы басқарушысына ұсынуға;

2) қаржы басқарушысының сұрау салуы бойынша борышкердің төлемге қабілетсіз болуының туындау себептері, оның қаржылық жағдайы, мүлкі мен міндеттемелері туралы қолда бар ақпаратты сұрау салу алынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей беруге;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын қарауға және өзінің ұсыныстарын және (немесе) ескертулерін (олар болған кезде) осы Заңда белгіленген мерзімде енгізуге;

4) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын қарау кезінде осы Заңның 29-бабының 2-тармағында көзделген берешекті қайта құрылымдау құралдарының бірін ұсынуға міндетті.

Осы тармақшаның күші алименттер төлеу, өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу бойынша кредиторларға қолданылмайды;

5) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген міндетті орындамаған кредитордың талаптары осы Заңның 40-бабының 6-тармағында көзделген тәртіппен қанағаттандырылуға жатады.

9-бап. Уәкілетті органның өкілеттіктері

Уәкілетті орган:

1) борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызының нысанын бекітеді;

2) қаржы басқарушысының қорытындысының нысанын бекітеді;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің үлгілік жоспарының нысанын бекітеді;

4) қаржы басқарушысының банкроттың міндеттемелерін тоқтатуға негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы қорытындысының нысанын бекітеді;

5) қаржы басқарушысының қорытынды есебінің нысанын бекітеді;

6) қаржы басқарушының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерін бұзу бойынша әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды;

7) тұлғалардың қаржы басқарушылары қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалары бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді;

8) тұлғалар жіберген қаржы басқарушылары қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар, осындай хабарламаларды жіберу шарттары туралы мәліметтерді уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады;

9) өздеріне қатысты осы Заңда көзделген рәсімдер қолданылған, тоқтатылған және аяқталған азаматтардың тізімін уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген заңмен қорғалатын құпияны беру тәртібіне қойылатын талаптарды ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімдерінің шеңберінде мемлекеттік органдардан олардың құзыреті шегінде, жеке және заңды тұлғалардан борышкер, оның мүлкі мен міндеттемелері туралы ақпаратты сұратады;

11) қаржы басқарушысына борышкердің қаржылық жағдайы, оның мүлкі мен міндеттемелері туралы ақпаратты береді;

12) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерінде қаржы басқарушысының қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

13) борышкердің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14) қаржы басқарушысын тағайындайды;

15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдеріндегі қаржы басқарушысының қызметін мемлекеттік бақылау

1. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерінде қаржы басқарушысының қызметін мемлекеттік бақылау тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Тексеруді және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалады.

Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

11-бап. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау

1. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу, оларға жол бермеу және бақылау субъектісіне уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын беру бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

Қаржы басқарушысы бақылау субъектісі болып табылады.

2. Бақылау субъектісі ұсынған есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтерді және бақылау субъектісінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде алынған деректерді салыстыру бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылауды жүргізу тәсілі болып табылады.

3. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған кезде бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, бақылау субъектісіне оларды жою тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып, уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша хабарлама жіберіледі.

Хабарлама бақылау субъектісіне жеке қолын қойғызып немесе оны жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген хабарлама мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол тәсілмен – хабарламада алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) электрондық тәсілмен:

қаржы басқарушысының уәкілетті органда қызметінің басталғаны немесе деректерінің өзгергені туралы хабарламада көрсетілген электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап;

уәкілетті орган хабарламаны уәкілетті органның интернет-ресурсының веб-қосымшасына және (немесе) арнаулы мобильдік қосымшаға жеткізген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Аталған тәсіл Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес уәкілетті органмен электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасайтын және (немесе) арнаулы мобильдік қосымшаны пайдаланатын бақылау субъектілеріне қолданылады.

4. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

5. Бақылау субъектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген кезде хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қарсылықты жіберуге құқылы.

6. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындауға алып келеді.

7. Бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау тоқсан сайын жүзеге асырылады.

12-бап. Құпиялылық

1. Уәкілетті орган мен қаржы басқарушысы борышкердің келісімін алмай, осы Заңда көзделген рәсімдерді қолданудың алдындағы үш жылға дейінгі кезең үшін борышкердің қаржылық жағдайы, оның мүлкі мен міндеттемелері туралы мәліметтерді сұратуға және алуға құқылы.

2. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, қаржы басқарушысының не уәкілетті органның лауазымды адамының борышкер туралы өздеріне сеніп тапсырылған немесе қызметі немесе жұмысы бойынша белгілі болған, Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын мәліметтерді жария етуі, сол сияқты осындай мәліметтерді қамтитын құжаттарды жоғалтуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

3. Уәкілетті органның немесе қаржы басқарушысының өздеріне берілген ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мемлекеттік органдарға беруі құпия ақпаратты жария ету болып табылмайды.

4. Осы Заңда көзделген рәсімдерді жүргізу кезінде мынадай:

1) қаржы басқарушысы;

2) кредиторлар;

3) кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген талаптардың сомасы және кезектер бөлінісінде оларды қанағаттандыру мөлшері;

4) рәсімдерді жүргізу мерзімдері;

5) кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру графигінің орындалуы;

6) қаржы басқарушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдардың болуы және оларды қарау нәтижелері;

7) қаржы басқарушысын анықталған құқық бұзушылық фактілері бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту;

8) осы Заңда көзделген рәсімдерді тоқтату негіздері;

9) осы Заңда белгіленген құқықтарды іске асыру шеңберінде уәкілеттік берілген адамдар бастамашылық жасаған сот талқылаулары туралы ақпарат құпия болып табылмайды.

13-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдеріне қатысушылардың өзара іс-қимылы

Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдеріне қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға құқылы.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсіміне қатысушылар электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасаған кезде уәкілетті органның интернет-ресурсының веб-қосымшасын пайдаланады.

14-бап. Борышкердің мәмілелерін жарамсыз деп тану және мүлікті қайтару

1. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер болған кезде, егер мәмілелерді борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалғанға дейін үш жыл ішінде жасаса, олар жарамсыз деп танылады.

2. Осы бапта көзделген мәмілелер анықталған кезде қаржы басқарушысы, оның ішінде мәмілені анықтаған кредитордың өтінішхаты бойынша, осындай мәмілелер анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды жарамсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

3. Мәміле жарамсыз деп танылған кезде жауапкер мәміле бойынша алынғанның бәрін қайтаруға, заттай қайтару мүмкін болмаған кезде, егер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде немесе өзге заңдарда мәміленің жарамсыз болуының өзге салдары көзделмесе, қайтарылуға жататын мүліктің құнын, мүлікті пайдаланудың, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтердің құнын ақшамен өтеуге міндетті.

Бұл ретте жауапкер борышкерге талап қою құқығына ие болады, ол осы Заңның 40-бабының 4-тармағына сәйкес қанағаттандырылуға жатады.

4. Мүліктің жоғалуына, бүлінуіне не кейіннен үшінші тұлғалардың адал жолмен сатып алуына байланысты оны қайтару мүмкін болмаған кезде немесе мүлік өтеусіз берілген кезде, талап етілетін мүлікті бастапқы сатып алушылар борышкердің алдында жоғарыда санамаланған әрекеттерге байланысты туындаған залалдарды өтеу бойынша жоғалған, бүлінген, берілген не үшінші тұлғалар адал жолмен сатып алған мүліктің құны шегінде жауапты болады.

15-бап. Қаржы басқарушысы

1. Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламасы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізілген Қазақстан Республикасының азаматы қаржы басқарушысы болып әрекет ете алады.

2. Қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаны:

1) «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметті жүзеге асыратын әкімші;

2) кәсіби бухгалтер;

3) аудитор;

4) заң консультанты беруге құқылы.

3. Қаржы басқарушысының қызметі кәсіпкерлік қызметке жатпайды, сондай-ақ аудиторлық қызмет болып табылмайды.

4. Егер арыз беруші осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адам болып табылған жағдайда, қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаға кәсіби бухгалтердің сертификаты қоса беріледі.

5. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген адамдар қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаны мынадай мән-жайлар:

1) психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда психикасының, мінез-құлқының бұзылуларына (ауруларына), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты есепте тұратыны туралы мәліметтер болмаған;

2) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы болмаған;

3) соттың әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танығаны туралы мәліметтер болмаған кезде береді.

6. Қаржы басқарушысы мынадай:

1) борышкерге немесе оның кредиторларына талаптары немесе міндеттемелері болған;

2) егер ол борышкердің немесе кредитордың жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы болған жағдайларда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға құқылы емес.

7. Қызметтің басталғаны туралы хабарламада көрсетілген деректер өзгерген кезде қаржы басқарушысы деректер өзгерген күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға көрсетілген өзгерістер туралы хабарлама жіберуге міндетті.

8. Қызметі тоқтатылған кезде қаржы басқарушысы қызметі тоқтатылған кезден бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға тиісті хабарлама жіберуге міндетті.

9. Уәкілетті орган мынадай:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

2) осы баптың 5-тармағында көзделген құжат ұсынылмаған;

(Жалғасы 17-бетте)

(Жалғасы. Басы 1,16-беттерде)

3) уәкілетті орган осы баптың 6-тармағында көзделген мән-жайларды анықтаған;

4) тексерудің нәтижелері бойынша осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптарды бұзушылықтар анықталған;

5) қылмыстық іс тоқтатылған не қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9) және 12) тармақтарында немесе 36-бабының бірінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша босатылған;

6) осы тұлғаға қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген;

7) психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсету ұйымдарында психикасының, мінез-құлқының бұзылуларына (ауруларына), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты есепке қойылған;

8) сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

9) қаржы басқарушысы қызметін тоқтату туралы хабарлама берген;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшінің, кәсіби бухгалтердің, аудитордың, заң консультантының қызметі тоқтатылған немесе қызметімен айналысу құқығынан айырылған;

11) қайтыс болған немесе сот қайтыс болды деп жариялаған не хабарсыз кетті деп таныған жағдайларда, қаржы басқарушысының хабарламасын рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алып тастайды.

10. Уәкілетті орган осы баптың 9-тармағында белгіленген жағдайлар анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысының хабарламасын рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алып тастауды жүзеге асырады.

11. Уәкілетті орган хабарламаны рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алып тастаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде борышкер мен кредиторға қаржы басқарушысының осындай тізілімнен алып тасталғаны туралы және жаңа қаржы басқарушысының тағайындалуы туралы ақпарат жібереді.

12. Уәкілетті орган хабарламасын рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алып тастаған адам алып тастау себептері жойылған жағдайда, бірақ алып тасталған күннен бастап үш жыл өткен соң қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламаны қайтадан беруге құқылы.

2-тарау. СОТТАН ТЫС БАНКРОТТЫҚ РӘСІМІ

16-бап. Борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызы

1. Борышкер белгіленген нысан бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз береді.

2. Борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызына:

1) кредиторлардың атауы, берешек сомасы, тұрған жері көрсетілген тізімі;

2) борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алуды жүргізу жөнінде шаралар қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның және (немесе) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы оның себептерінің уәжді негіздемесі көрсетілген жауаптары осы тармақшада көрсетілген рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжаттар болып табылады.

Екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым және (немесе) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым борышкердің арызына жауап бермеген жағдайда, борышкер арызының көшірмесі немесе арыздың электрондық форматта жіберілгені туралы растама осы тармақшада көзделген рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжат болып табылады.

3. Борышкер осы Заңның 5-бабында көзделген мән-жайларға сәйкес келген кезде, уәкілетті орган борышкер туралы мәліметтерді он бес жұмыс күні ішінде «электрондық үкімет» веб-порталында орналастырады.

4. Борышкер осы Заңның 5-бабында көзделген мән-жайларға сәйкес келмеген кезде уәкілетті орган он бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган белгілеген нысанда соттан тыс банкроттық рәсімін қолданудан бас тарту туралы хабарлама береді.

5. Борышкер соттан тыс банкроттық рәсімін қолданудан бас тартуға себеп болған негіздерді жойғаннан кейін, бірақ бас тартуды алған күннен кейін үш ай өткен соң соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды қайтадан беруге құқылы.

17-бап. Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану

1. Уәкілетті органның соттан тыс банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі борышкер туралы мәліметтер «электрондық үкімет» веб-порталында орналастырылған күннен бастап алты айды құрайды.

2. Борышкер туралы мәліметтер «электрондық үкімет» веб-порталында орналастырылған күннен бастап мынадай салдар басталады:

1) борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өткен болып есептеледі;

2) соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлардың борышкерден міндеттемелерді орындауды талап етуіне тыйым салынады;

3) борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) және сыйақыны есепке жазу тоқтатылады;

4) борышкердің жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелерді қабылдауына (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) тыйым салынады;

5) уәкілетті органның мемлекеттік органдар мен өзге де органдардан және ұйымдардан борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану алдындағы үш жылға дейінгі кезеңдегі жалпы ортақ мүлкін қоса алғанда, мүлкі туралы ақпарат алуына борышкердің келісімі берілген деп есептеледі;

6) борышкердің банктік шоттарынан кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне ақша өндіріп алуға жол берілмейді;

7) соттардың борышты өндіріп алу туралы шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады.

18-бап. Соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату

1. Соттан тыс банкроттық рәсімі, егер мұндай рәсімді жүргізу мерзімі ішінде:

1) борышкер уәкілетті органға өзінің меншігіне мүлік түсіп немесе өзінің қаржылық және (немесе) мүліктік жағдайы өзгеріп, бұл оның кредиторлар алдындағы өз міндеттемелерін толық немесе отыз пайыздан асырып орындауына мүмкіндік беретініне не кредитормен кредитордың алдындағы берешекті реттеу туралы келісім жасасқанына байланысты соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату туралы жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысандағы арызды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы берсе;

2) мүлікті немесе мүліктік міндеттемелерді, мүлік, оның мөлшері, тұрған жері туралы мәліметтерді не мүлік туралы өзге де ақпаратты жасыру, мүлікті өзгенің иеленуіне беру, мүлікті иеліктен шығару немесе жою, сондай-ақ мүлік туралы мәліметтерді көрсететін құжаттарды жасыру, жою, бұрмалау фактілері анықталса;

3) борышкер қайтыс болса, соттың оны хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енсе;

4) осы Заңның 1-бабы 11) тармақшасында көрсетілген басқа кредиторлардың болу фактілері анықталып, соның салдарынан берешектің жалпы сомасы осы Заңның 5-бабы 1-тармағының бірінші абзацында көрсетілген сомадан асып түсетін болса, тоқтатылады.

2. Уәкілетті орган соттан тыс банкроттық рәсімінің тоқтатылғаны туралы хабарландыруды «электрондық үкімет» веб-порталында орналастыру арқылы осындай рәсімді тоқтатуды жүзеге асырады.

3. Соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату борышкердің кредиторлар алдындағы міндеттемелерін тоқтатуға алып келмейді.

Соттан тыс банкроттық рәсімі тоқтатылған күннен бастап осы Заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген салдардың қолданылуы тоқтатылады.

19-бап. Соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді міндеттемелерден босату

1. Осы Заңның 18-бабына сәйкес соттан тыс рәсімді тоқтату үшін негіздер болмаған кезде, борышкер соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз берген күннен бастап алты ай өткен соң уәкілетті орган соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарады. Шешім уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша шығарылады және «электрондық үкімет» веб-порталында орналастырылуға жатады.

2. Соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы хабарландыру «электрондық үкімет» веб-порталында орналастырылған күннен бастап борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсеткен міндеттемелері тоқтатылады.

3. Соттан тыс банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жыл бойы банкротқа қарыздар (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) берілмейді, сондай-ақ одан банктік қарыз және микрокредит беру шарттары бойынша кепіл, кепілдік және кепілгерлік түріндегі қамтамасыз ету қабылданбайды.

3-тарау. ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ НЕМЕСЕ СОТ АРҚЫЛЫ БАНКРОТТЫҚ РӘСІМІ

20-бап. Борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызы

1. Борышкер осы Заңның 6-бабында көзделген негіздер болған кезде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызбен сотқа жүгінеді.

2. Борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында береді.

Борышкердің арызында:

1) арыз берілетін соттың атауы;

2) кредиторлардың талаптарын қанағаттандыра алмаудың негіздемесі;

3) қоса берілетін құжаттардың тізбесі қамтылуға тиіс.

Борышкердің арызында, егер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы істі қарау үшін қажет болса, өзге де мәліметтер, сондай-ақ арыз берушіде бар өтінішхаттар көрсетілуі мүмкін.

3. Борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызына:

1) барлық кредиторлар мен дебиторлардың тізбесі (берешектердің сомасын және олардың қалыптасқан күнін, оларды кейіннен хабардар ету үшін тұрғылықты жерінің немесе тұрған жерінің мекенжайын, электрондық мекенжайларын және байланыс телефондарының нөмірлерін (осындай ақпарат болған кезде) көрсете отырып);

2) банкрот деп тану туралы арызбен жүгінгенге дейін кемінде алты ай бұрын жасалған бағалау туралы есепті (ол болған кезде) қоса бере отырып, борышкер мүлкінің тізімдемесі;

3) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз бергенге дейінгі соңғы үш жыл ішіндегі азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де, оның ішінде талаптары борышкердің мүлік кепілімен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша міндеттемелердің тізбесі;

4) борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеуді жүргізу жөнінде шаралар қабылданғанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі;

Екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның және (немесе) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның себептерінің уәжді негіздемесі көрсетілген банктік қарыз шартының және (немесе) микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы жауаптары осы тармақшада көрсетілген рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжаттар болып табылады.

Екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым және (немесе) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым борышкердің арызына жауап бермеген жағдайда, борышкер арызының көшірмесі немесе арыздың электрондық форматта жіберілгені туралы растама осы тармақшада көзделген рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжат болып табылады.

4. Борышкердің осы бапта белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызын сот оны қарамастан кері қайтарады.

21-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау

1. Арыз осы Заңның 20-бабында белгіленген шарттарға сәйкес келген жағдайда сот арыз келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарым шығарады.

2. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарымда уәкілетті органның осындай ұйғарым шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысын тағайындау міндеті, сондай-ақ борышкердің, мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және өзге де органдардың, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының осы Заңның 22-бабының 1-тармағында көзделген салдарды орындау жөніндегі міндеттері көрсетіледі.

Сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарымда борышкердің мүліктік массасына түгендеу жүргізу үшін оған қаржы басқарушысының қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша борышкердің міндеті де көрсетіледі.

3. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы сот ұйғарымының көшірмелерін борышкерге, уәкілетті органға және борышкердің тұрғылықты жері бойынша аумақтық әділет органына және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жолдайды, олар мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асырады.

22-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғаудың салдары

1. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап мынадай салдар басталады:

1) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өткен болып есептеледі;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлардың борышкерден міндеттемелерді орындауды талап етуіне тыйым салынады;

3) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) және сыйақыны есепке жазу тоқтатылады;

4) борышкердің өзіне жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелерді қабылдауына (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) тыйым салынады;

5) кредиторлардың мемлекеттік органдардан және өзге де органдар мен ұйымдардан борышкердің мүлкі туралы ақпарат алуына борышкердің келісімі берілген деп есептеледі;

6) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде емделу, жақын туысын емдеуге алып жүру, жақын туысын жерлеу қажет болған жағдайларды қоспағанда, борышкердің Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығуына тыйым салынады;

7) борышкердің банктік шоттарынан кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне ақшаны өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді;

8) осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, борышкерге талаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің шеңберінде ғана қойылуы мүмкін;

9) борышкердің мүлкіне қатысты соттардың бұрын қабылданған шешімдерінің орындалуы тоқтатыла тұрады;

10) мемлекеттік органдардың, өзге де органдар мен ұйымдардың борышкер мүлікті беруге, мүліктік міндеттемелерді төлеуге немесе өзге де тәсілмен орындауға міндетті болатын шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1), 2), 3), 7), 8) және 9) тармақшаларының ережелері алименттер туралы және өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарға қолданылмайды.

2. Борышкер үшінші тұлғалардың кепілдігімен, кепілгерлігімен немесе кепілімен қамтамасыз етілген өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау кредитордың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы істің шеңберінен тыс борышкердің орындалмаған міндеттемелері бойынша кепілдік етушілерге, кепілгерлерге және кепіл берушілерге талаптар қою жөніндегі әрекеттерді жүзеге асыруына кедергі болмайды.

23-бап. Қаржы басқарушысының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін жүргізу кезіндегі өкілеттіктері

1. Уәкілетті орган соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қозғау туралы ұйғарымы шығарылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны туралы хабарламалары Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізілген адамдар ішінен қаржы басқарушысын тағайындайды.

2. Осы Заңда қаржы басқарушысына жүктелген өкілеттіктерді өзге тұлғаларға беруге болмайды.

3. Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімінде қаржы басқарушысының сыйақысы борышкердің қаражаты есебінен төленеді.

Қаржы басқарушысы ай сайынғы сыйақысының мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ең төмен жалақының мөлшерін құрайды.

4. Борышкердің ақшасын есепке жатқызу, ағымдағы шығыстарды өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қаржы басқарушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындаған тәртіппен екінші деңгейдегі банкте (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда) өзінің атына ағымдағы шот ашады.

Борышкердің ақшасын есепке жатқызу, ағымдағы шығыстарды өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотында жатқан ақша оның меншігі және (немесе) кірісі болып табылмайды және оның мұрасына қосылмайды.

Борышкердің ақшасын есепке жатқызу, ағымдағы шығыстарды өтеу және сот арқылы банкроттық рәсімінде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотына қаржы басқарушысының міндеттемелері бойынша тыйым салуға, өндіріп алуды қолдануға және шығыс операцияларын тоқтата тұруға жол берілмейді.

24-бап. Қаржы басқарушысының қорытындысы

1. Борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтер жинауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша қаржы басқарушысы белгіленген нысан бойынша төменде санамаланған тұжырымдардың бірін:

1) борышкер төлемге қабілетсіз және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдануға негіздердің бар болуын;

2) борышкер төлемге қабілетсіз және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға негіздердің бар болуын;

3) борышкер төлемге қабілетті және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға негіздердің жоқ екенін қамтитын қорытынды жасайды.

Қорытынды сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде сотқа ұсынылады.

2. Борышкер төлемге қабілетті және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға негіздер жоқ деген тұжырымдарды қамтитын қорытындыны қаржы басқарушысы осы Заңның 6-бабында көзделген бір немесе бірнеше мән-жай болмаған кезде жасайды.

25-бап. Борышкердің мүлкін түгендеу

1. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысы борышкердің мүлкіне түгендеу жүргізеді.

2. Мүлікті түгендеу борышкердің қатысуымен жүргізіледі.

Мүлікті түгендеу кезінде борышкердің жақын туыстары немесе оның өкілеттік беруі бойынша өзге адамдар да қатыса алады.

3. Борышкердің мүлкін түгендеу актісінде:

1) актінің жасалған уақыты мен орны;

2) акт жасаған қаржы басқарушысының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

3) борышкердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

4) әрбір заттың атауы, оның ерекше белгілері;

5) жеке-жеке әрбір заттың және барлық мүліктің нарықтық құны көрсетіледі.

Борышкердің мүлкін түгендеу актісіне қаржы басқарушысы мен борышкер (ол уәкілеттік берген адам) қол қояды.

4. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған жағдайда, түгендеу актісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

26-бап. Борышкердің мүлкін бағалау

1. Қаржы басқарушысы осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімдерде бағалаушыны тарта отырып, борышкердің мүлкіне бағалау жүргізуге міндетті.

2. Қаржы басқарушысы бағалаушыны өзі дербес айқындайды.

Бағалаушының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу ағымдағы шығыстарға жатады.

Мүлікті бағалау туралы есеп бағалау жүргізу туралы шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

Бағалаушы бағалау туралы есепті ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысы оны борышкер мен кредиторға жібереді.

3. Бағалау туралы есеппен келіспейтінін білдірген борышкер немесе кредитор бағалау туралы есеппен танысқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде оған сотқа шағым жасауға құқылы.

Қайталап бағалау бойынша көрсетілетін қызметке ақы төлеу шағым берген тұлғаға жүктеледі.

27-бап. Кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру

1. Қаржы басқарушысы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс бойынша іс жүргізуді қозғау және кредиторлардың талаптарын мәлімдеу тәртібі туралы қазақ және орыс тілдеріндегі хабарландыруды интернет-ресурста орналастыру үшін уәкілетті органға жібереді.

Хабарландыру уәкілетті орган қаржы басқарушысын тағайындаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Уәкілетті орган хабарландыруды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

2. Кредиторлар өздерінің борышкерге қойылатын талаптарын төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану жөнінде іс бойынша іс жүргізуді қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыру уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде мәлімдеуге тиіс. Кредиторлардың талаптарын қабылдауды қаржы басқарушысы осы Заңның 13-бабына сәйкес хабарландыруда көрсетілген тәсілмен жүзеге асырады.

Кредиторлардың талаптарында кредитордың ұялы байланысының абоненттік нөмірі және электрондық мекенжайы (егер олар бар болса) туралы мәліметтер; салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары бір мезгілде ұсынылып, талаптың негізі мен сомасын растайтын құжаттардың (соттардың заңды күшіне енген шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің борышты тануы және басқалары) көшірмелері қоса беріле отырып, талап сомасы (негізгі борыштың, сыйақының (мүдденің), тұрақсыздық айыбының және өзге де айыппұл санкцияларының, залалдардың сомасы туралы жеке-жеке) туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Талап сомасы көрсетілген талап мәлімделген күнге айқындалады.

Егер осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген сыйақы (мүдде), тұрақсыздық айыбы және өзге де айыппұл санкциялары, залалдар бойынша талап сомасы соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімі қабылданған күнге өзгертілсе, онда кредитор соттың осындай шешімі қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде көрсетілген өзгерісті ескере отырып, өз талаптарын қайтадан мәлімдейді.

Кредиторлардың шетел валютасымен көрсетілген талаптары соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімі қабылданған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңгемен есепке алынады.

3. Қаржы басқарушысы кредитор мәлімдеген талап келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде талапты негізді (негізсіз) деп тану және танылған талапты кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізу туралы шешім қабылдайды.

4. Қаржы басқарушысы осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті органға кредиторлар талаптарының тізілімін интернет-ресурста орналастыру үшін жібереді.

Уәкілетті орган қаржы басқарушысынан кредиторлар талаптарының тізілімін алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Негіздер болған кезде кредитор және (немесе) борышкер уәкілетті органның интернет-ресурсында кредиторлар талаптарының тізілімі орналастырылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысының талаптарды толық көлемде немесе оның бір бөлігін кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізбегеніне уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасауға құқылы.

Шағым жасау сот арқылы банкроттық рәсімін тоқтата тұруға негіз болып табылмайды.

5. Өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі, алименттер төлеу жөніндегі талаптарды қоспағанда, кредитордың осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімнен кеш мәлімделген талабы кредиторлардың өз мерзімінде мәлімделген талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылуға жатады.

Кредиторлардың осы Заңда белгіленген мерзімнен кеш мәлімделген өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі, алименттер төлеу жөніндегі талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне бірінші кезекте қанағаттандырылуға жататын талаптар ретінде енгізіледі.

6. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешім қабылдаған жағдайда, кредиторлар талаптарының қалыптастырылған тізіліміне уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

28-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешім

1. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешімді осы Заңның 24-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қаржы басқарушысының қорытындысын ескере отырып қабылдайды.

2. Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешімінде:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде қаржы басқарушысының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын ұсынатыны;

2) осы Заңның 22-бабының 1-тармағында көзделген салдардың сақталатыны туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

29-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары

1. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында алынатын кірістер мен ағымдағы шығыстар, сондай-ақ кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру графигі мен борышкердің ай сайын өз иелігінде қалдыратын ақшасы ескеріле отырып, борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған кез келген қаржылық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-шаралар қамтылады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау мерзімі осы Заңның 32-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, бес жылдан аспауға тиіс.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары мерзімінен бұрын орындалуы мүмкін.

2. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында мынадай бір немесе бірнеше құрал:

1) міндеттемені орындау мерзімін өзгерту (борышты төлеуді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу);

2) борышты немесе оның бір бөлігін, оның ішінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлды) кешіру;

3) қарызды пайдаланғаны үшін сыйақының пайыздық мөлшерлемесін төмендету;

4) қарыз шартын орындаудың жалпы мерзімін бір мезгілде ұлғайта отырып, тұрақты ағымдағы төлемдердің мөлшерін азайту;

5) міндеттемені орындау тәсілін өзгерту;

6) кепілді кредитор қарыз шарты бойынша міндеттемелерді кешірген жағдайда, оған кепіл нысанасын беру арқылы кепілді кредитордың талаптарын қанағаттандыру;

7) осы тармақта көзделмеген өзге де құралдар көзделеді.

3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында мынадай:

1) мүліктің бір бөлігін сату;

2) мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) беру;

3) дебиторлық берешекті өндіріп алу;

4) тұрғын үйді (автокөлікті) құны төмен тұрғын үйге (автокөлікке) айырбастау;

5) кейіннен құны төмен тұрғын үй (автокөлік) сатып ала отырып, тұрғын үйді (автокөлікті) сату;

6) борышкерді жұмысқа орналастыру шаралары;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шаралар көзделуі мүмкін.

4. Қаржы басқарушысы соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде борышкердің қатысуымен үлгілік жоспардың нысаны негізінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын әзірлеуге міндетті.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасы талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторларға қарау үшін жіберіледі. Кредиторлар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оған ұсыныстар мен ескертулер енгізеді.

Ұсыныстарды және (немесе) ескертулерді көрсетілген мерзімнен кеш енгізу кредитордың ұсыныстары мен ескертулерінің болмауына теңестіріледі.

5. Осы баптың 4-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаржы басқарушысы төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарын жасауға және оны сотқа, сондай-ақ талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторларға жіберуге міндетті.

Кредиторлардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасына енгізілген ұсыныстары және (немесе) ескертулері сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарымен бір мезгілде жіберіледі.

Егер төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарын жасау кезінде кредитордың (кредиторлардың) ұсыныстары және (немесе) ескертулері ішінара немесе толық көлемде ескерілмесе, онда қаржы басқарушысы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату кезінде барлық кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін болжамды сома көрсетілетін есеп-қисаптарды төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарына қоса беруге міндетті.

30-бап. Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын қарау нәтижелері

1. Сот қаржы басқарушысы ұсынған төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын қарау нәтижелері бойынша мынадай сот актілерінің бірін:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы ұйғарымды;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімді шығарады.

2. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы ұйғарымды сот мынадай:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасына кредиторлардың ұсыныстары және (немесе) ескертулері болмаған;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарын жасау кезінде кредиторлардың барлық ұсыныстары және (немесе) ескертулері ескерілген;

3) егер қаржы басқарушысы төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарына қоса берген есеп-қисаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау барлық кредиторлардың талаптарын төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі тоқтатылған жағдайдағыдан кем емес мөлшерде қанағаттандыруға алып келетінін куәландырған жағдайларда шығарады.

3. Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы ұйғарымында:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау, кредиторларды осындай жоспардың орындалғаны туралы хабардар ету және борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін аяқтау туралы өтінішхатпен сотқа жүгіну мерзімдері туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

4. Егер қаржы басқарушысы төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарына қоса берген есеп-қисаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау барлық кредиторлардың талаптарын төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі тоқтатылған және кредитордың өтінішхаты бойынша сот арқылы банкроттық рәсімі қолданылған жағдайға қарағанда неғұрлым аз көлемде қанағаттандыруға алып келетінін куәландыратын болса, сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімді қабылдайды.

5. Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы нұсқаулар, сондай-ақ осы Заңның 36-бабының 2-тармағында көзделген нұсқаулар қамтылуға тиіс.

31-бап. Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекітуінің салдары

Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енген күннен бастап мынадай салдар басталады:

1) борышкердің міндеттемелері төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген тәртіппен және шарттарда орындалуға жатады;

2) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделмеген өз мүлкін иеліктен шығару немесе жаңа міндеттемелерді өзіне қабылдау бойынша мәмілелер жасасуына тыйым салынады;

3) борышкердің арызы, соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы ұйғарымының ұсынылған көшірмесі негізінде борышкердің мүлкіне қойылған шектеулер алынады;

4) алынған қарыздар бойынша сыйақыны есепке жазу тоқтатылады;

5) борышкердің қарыздар (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру бойынша мәмілелер жасасуына тыйым салынады.

32-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау

1. Борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын өзі дербес орындайды.

Кредиторлар өздеріне борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының орындалу барысы туралы тұрақты негізде ақпарат беру міндетін борышкер үшін белгілеу не бақылау жөніндегі функцияларды кредиторлардың біріне жүктеу арқылы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау мерзімі аяқталғаннан кейін борышкер мерзім аяқталған күннен кейінгі күні кредиторларға төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының орындалғаны туралы хабарлама жібереді және рәсімді аяқтау туралы өтінішхатпен сотқа жүгінеді.

2. Сот борышкердің өтінішхаты келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін аяқтау туралы шешім шығарады, онда:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін аяқтау;

2) борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру;

3) борышкердің осы баптың 3-тармағында көзделген міндеттемелерді орындау жөніндегі міндетін сақтау туралы нұсқаулар қамтылуға тиіс.

3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі аяқталғаннан кейін борышкердің:

1) осы Заңның 46-бабында көрсетілген міндеттемелерді;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындау мерзіміне қарағанда неғұрлым ұзақ мерзімі бар міндеттемелерді осындай жоспарда көзделген шарттарда орындау жөніндегі міндеттері сақталады.

33-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын орындамаудың салдары

1. Егер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген іс-шараларды орындау мүмкін болмаса, борышкер жоспарланған іс-шараны орындау мерзімі өткеннен кейінгі күннен бастап бір айдан кешіктірмей, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге міндетті.

2. Борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген іс-шараларды екі айдан астам орындамаған жағдайда, кредитор төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге құқылы.

3. Борышкердің осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамауы соттың оның сот арқылы банкроттық рәсімі аяқталған күнге орындалмай қалған міндеттемелерін тоқтатудан бас тартуына негіз болып табылады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарында көзделген іс-шараны орындау еңсерілмейтін күш мән-жайларының, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, әскери қимылдар, төтенше жағдай және басқалар) салдарынан не үшінші тұлғалардың кінәсінен мүмкін болмаған жағдайларға осы тармақтың күші қолданылмайды.

34-бап. Борышкердің немесе кредитордың өтінішхатын сотта қарау

1. Сот борышкердің немесе кредитордың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішхаты келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, борышкерге, кредиторларға, уәкілетті органға сот отырысының күні, уақыты мен орны туралы хабарлай отырып, сот отырысын тағайындайды.

2. Өтінішхатты сот отырысында қарау нәтижелері бойынша сот азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы қағидалары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешім қабылдайды не өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартады.

3. Соттың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тоқтату және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы нұсқаулар, сондай-ақ осы Заңның 36-бабының 2-тармағында көзделген нұсқаулар қамтылуға тиіс.

35-бап. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін тоқтату

1. Кредитор немесе уәкілетті орган:

1) борышкер қайтыс болған, соттың оны хабарсыз кетті деп тану немесе қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген;

2) борышкер осы Заңның 7-бабында көзделген міндеттерді орындамаған жағдайларда, сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін тоқтату туралы өтінішхат жасайды.

2. Сот кредитордың немесе уәкілетті органның өтінішхатын қарау нәтижелері бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін тоқтату туралы шешім шығарады.

3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін тоқтату борышкердің кредиторлар алдындағы міндеттемелерін тоқтатуға алып келмейді.

36-бап. Сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешім

1. Сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімді сот қаржы басқарушысының қорытындысын ескере отырып қабылдайды.

2. Сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы сот шешімінде:

1) қаржы басқарушысының сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы хабарландыруды уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін уәкілетті органға жіберуі;

2) қаржы басқарушысының борышкердің мүлкін сатуы және оның кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыруы;

3) борышкердің мүлкін басқару құқығының қаржы басқарушысына ауысуы;

4) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде борышкердің мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды борышкердің қаржы басқарушысына беруі;

5) борышкердің ақшаны есепке жатқызу, ағымдағы шығыстарды өтеу және кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін ақшаны банктік шоттардан қаржы басқарушының ағымдағы шотына аударуы;

6) борышкердің мүлкіне салынған барлық шектеулер мен ауыртпалықтарды (оның шоттарына қойылған инкассолық өкімдерді, мүлікке тыйым салуларды және басқаларды) қаржы басқарушысының арызы негізінде, оларды салған органдардың тиісті шешімдерін қабылдамай, алып тастау;

7) борышкердің өзіне жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелер қабылдауына (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) тыйым салу;

(Соңы 18-бетте)

(Соңы. Басы 1,18-беттерде)

қалдықтары туралы, сондай-ақ төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғалғанға дейінгі үш жыл ішіндегі кезеңде осындай шоттар бойынша ақша қозғалысы туралы мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салу негізінде қаржы басқарушысына прокурордың санкциясымен беріледі. Өкілеттіктерді растау мақсатында сұрау салуға соттың рәсімді қолдану туралы іс қозғау жөніндегі ұйғарымы қоса беріледі.

к) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдерді қолдану туралы арыз берген азаматқа қатысты банктік шоттардың бар-жоғы және нөмірлері, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы, сондай-ақ сұрау салу берілгенге дейінгі үш жыл ішіндегі кезеңде осындай шоттар бойынша ақша қозғалысы туралы мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салу негізінде Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органға беріледі.»;

4) 51-баптың 1-тармағының екінші бөлігі 9) тармақшасындағы «ақшаға тыйым салуға жол берілмейді.» деген сөздер «ақшаға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

«10) өзіне қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рәсімді қолдану туралы іс қозғалған немесе рәсім қолданылған азаматтың банктік шоттарындағы ақшаға;

11) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот арқылы банкроттық рәсімінде ақшаны есепке жатқызу үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотындағы ақшаға тыйым салуды қолдануға жол берілмейді.».

7. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

43-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі 14) тармақшасындағы «қатысты ұсынылады.» деген сөздер «қатысты;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

«15) өзіне қатысты төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғалған Қазақстан Республикасының азаматы бойынша сұрау салу негізінде, соттың рәсімді қолдану туралы іс қозғау жөніндегі ұйғарымы негізінде және прокурордың санкциясымен қаржы басқарушысына;

16) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдерді қолдану туралы арыз берген азаматқа қатысты сұрау салу берілгенге дейінгі үш жыл ішіндегі кезең үшін осындай сұрау салу негізінде Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.».

8. «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 13-2) тармақшасы «болуы туралы» деген сөздерден кейін «немесе кредиттік тарих субъектісінің «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банкрот деп танылғаны туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 18-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

«3-2) Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті орган;»;

3) 20-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 4-3) тармақшамен толықтырылсын:

«4-3) Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті орган, қаржы басқарушысы;»;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4-3) тармақшасында көрсетілген кредиттік есепті алушылар өзіне қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғалған, сондай-ақ өзі соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз берген Қазақстан Республикасының азаматы туралы ғана кредиттік есепті алуға құқылы.».

4) 26-баптың 1-тармағындағы «3-1) тармақшасында» деген сөздер «3-1) және 3-2) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын.

9. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

17-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) Қазақстан Республикасы азаматының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттығы рәсімдерінің шеңберінде қаржы басқарушыларының;».

10. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 42-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) сот «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғаған, сондай-ақ соттан тыс банкроттық рәсімі басталған;»;

2) 44-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) осы Заңның 42-бабы бірінші бөлігінің 2-1) тармақшасында көзделген жағдайларда – «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рәсімдерді қолдану туралы шешім қабылданғанға дейін;»;

3) 47-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) соттың сот арқылы банкроттық рәсімін аяқтау және банкроттың кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторға қатысты сот арқылы банкроттық рәсімі барысында орындалмаған міндеттемелерін тоқтату туралы шешімі немесе соттың төлем қабілеттілікті қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енсе;»;

4) 58-баптың 2-тармағының екінші бөлігі 11) тармақшасындағы «ақшаға өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.» деген сөздер «ақшаға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот арқылы банкроттық рәсімінде ақшаны есепке жатқызу үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотындағы ақшаға өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.»;

5) 62-баптың 3-тармағының екінші бөлігі 12) тармақшасындағы «ақшаға тыйым салуға жол берілмейді.» деген сөздер «ақшаға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

«13) өзіне қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рәсімді қолдану туралы іс қозғалған немесе рәсім қолданылған азаматтың банктік шоттарындағы ақшаға;

14) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот арқылы банкроттық рәсімінде ақшаны есепке жатқызу үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотындағы ақшаға тыйым салуды қолдануға жол берілмейді.»;

6) 98-баптың бірінші бөлігі 25) тармақшасындағы «ақшадан өндіріп алуға болмайды.» деген сөздер «ақшадан;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 26) және 27) тармақшалармен толықтырылсын:

«26) өзіне қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рәсімді қолдану туралы іс қозғалған немесе рәсім қолданылған азаматтың банктік шоттарындағы ақшадан;

27) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот арқылы банкроттық рәсімінде ақшаны есепке жатқызу үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотындағы ақшадан өндіріп алуды қолдануға болмайды.».

11. «Микроқаржылық қызмет туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-бап мынадай мазмұндағы 1-5-тармақпен толықтырылсын:

«1-5. Микроқаржы ұйымы «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен соттан тыс банкроттық рәсімінің немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жыл бойы Қазақстан Республикасының азаматына микрокредиттер беруге, сондай-ақ мұндай адамдардан микрокредит беру туралы шарттар бойынша кепіл, кепілдік және кепілгерлік түріндегі қамтамасыз етуді қабылдауға құқылы емес.

Осы тармақтың талаптары ломбардтардың мемлекеттік тіркелуге жатпайтын жылжымалы мүлікті кепілге қойып беретін микрокредиттеріне қолданылмайды.»;

2) 21-баптың 4-тармағы 7) тармақшасындағы «санкциясымен беріледі.» деген сөздер «санкциясымен;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«8) Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органға: «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдерді қолдану туралы арыз берген азаматқа қатысты сұрау салу негізінде осындай сұрау салу берілгенге дейінгі үш жыл ішіндегі кезең үшін;

9) қаржы басқарушысына: төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғалған азаматқа қатысты сұрау салу негізінде прокурордың санкциясымен беріледі. Өкілеттіктерді растау мақсатында сұрау салуға соттың рәсімді қолдану туралы іс қозғау жөніндегі ұйғарымы қоса беріледі.».

12. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

9-бап мынадай мазмұндағы 9-4) тармақшамен толықтырылсын:

«9-4) Қазақстан Республикасы азаматының дербес деректері «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз берілген күннен бастап, сондай-ақ соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолданудың алдындағы үш жылға дейінгі кезеңде пайдаланылған;».

13. «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 11-баптың 2-тармағының 2), 6) және 11) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сотқа және әкімшіге – сот банкроттық немесе оңалту туралы іс қозғау жөнінде ұйғарым шығарған күннен бастап, ал осы Заңда көзделген жағдайларда әкімші тағайындалған күннен бастап қаржылық-шаруашылық қызмет туралы ақпаратты, оның ішінде борышкерде бар мүлік, оның ішінде кепіл ауыртпалығы салынған, мүліктік жалдаудағы (жалға алудағы) және (немесе) лизингтегі мүлік туралы, банктік шоттардағы ақша, шоттардың нөмірлері және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың тұрған жері туралы, дебиторлық берешек сомасы туралы мәліметтерді үш жұмыс күні ішінде беруге;»;

«6) оңалтуды басқарушыға – тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, он бес жұмыс күні ішінде – есепке алу құжаттамасын, борышкердің мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, екі ай ішінде материалдық және өзге де құндылықтарды беруге;»;

«11) құпия болып табылатын мәліметтерді қоспағанда, оңалту рәсімін жүргізу кезінде кез келген кредиторға оның жазбаша нысандағы және (немесе) электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы негізінде, сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, өз қызметінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпарат беруге;»;

2) мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:

«16-1-бап. Оңалту және банкроттық рәсіміне қатысушылардың өзара іс-қимылы

Оңалту және банкроттық рәсіміне қатысушылар өзара іс-қимылды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен электрондық тәсіл арқылы жүзеге асыруға құқылы.

Оңалту және банкроттық рәсімдеріне қатысушылар электрондық тәсіл арқылы өзара іс-қимыл жасау кезінде уәкілетті органның интернет-ресурсының веб-қосымшасын пайдаланады.»;

3) 18-бапта:

3-тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) электрондық тәсілмен – уәкілетті органның интернет-ресурсының веб-қосымшасы арқылы жөнелткен күннен бастап табыс етілген болып есептеледі.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бақылау субъектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген кезде хабарлама жіберген уәкілетті органға хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында қарсылық жіберуге құқылы.»;

4) 25-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік 3) тармақшасындағы «жіберу хабар беру тәсілдерінің бірі кредиторларды, сондай-ақ кредиторлар жиналысына қатысуға құқығы бар өзге де адамдарды тиісінше хабардар ету болып танылады.» деген сөздер «жіберу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) кредиторлар жиналысы өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей, хабарды уәкілетті органның интернет-ресурсының веб-қосымшасы арқылы электрондық құжат нысанында жөнелту хабар беру тәсілдерінің бірі кредиторларды, сондай-ақ кредиторлар жиналысына қатысуға құқығы бар өзге де адамдарды тиісінше хабардар ету деп танылады.»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Кредиторды осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген тәсілмен хабардар ету мүмкін болмаған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 4) тармақшаларында белгіленген тәсілдер мұндай кредиторды тиісінше хабардар ету деп танылады.»;

5) 26-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жиналыстың күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру кезінде кредиторлар өз дауыстарын «жақтаймын» немесе «қарсымын» деген сөздермен білдіреді.»;

6) 28-4-баптың 8-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8-1. Келісім бұзылған жағдайда берешекті қайта құрылымдау рәсімі аяқталды деп есептеледі, ал осы Заңның 28-5-бабына сәйкес басталған салдардың күші соттың берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бұзу туралы шешімі не талап қоюшының талап қоюдан бас тартуына немесе тараптардың бітімгершілік келісімінің, тараптардың дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімінің, дауды дау нысанасы бойынша партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімінің бекітілуіне байланысты соттың іс бойынша іс жүргізуді тоқтату жөніндегі ұйғарымы заңды күшіне енген, оның ішінде берешекті жаңа шарттарда қайта құрылымдау туралы келісім жасалған күннен бастап тоқтатылады.»;

7) 72-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

«Оңалту туралы іс дара кәсіпкерге қатысты қозғалған жағдайда, кредиторлардың оның кәсіпкерлік қызметінен туындамайтын талаптары да, егер осындай міндеттемелер бойынша орындау мерзімі басталса, мәлімделуі мүмкін.»;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Уақытша әкімші соттың оңалту туралы іс қозғау жөнінде ұйғарымы шығарылған күннен бастап екі айдан кешіктірілмейтін мерзімде кредиторлар талаптарының тізілімін, сондай-ақ талаптары танылмаған кредиторлардың тізбесін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысан бойынша қалыптастыруға және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті органға жіберуге міндетті.»;

8) 73-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Борышкердің мүлкін сату кезінде электрондық аукционды өткізу тәртібі мен оны ұйымдастырушы осы Заңның 99-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен айқындалады.»;

9) 88-баптың 3-тармағының 8) тармақшасы алып тасталсын;

10) 90-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Банкроттық туралы іс дара кәсіпкерге қатысты қозғалған жағдайда, кредиторлардың оның кәсіпкерлік қызметінен туындамайтын талаптары да мәлімделуге тиіс.»;

11) 97-баптың 3-тармағының үшінші абзацындағы «уақытша» деген сөз «банкроттықты» деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 98-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кредиторлардың бірінші жиналысы:

уақытша басқарушының түгендеу туралы есебінде көрсетілген мүлікке бағалау жүргізу;

кепілге салынған мүлікті бағалаушыны осындай мүлікке бағалау жүргізуге баға ұсыныстарын берген тұлғалар қатарынан таңдау туралы шешім қабылдайды.»;

13) 104-1-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сот банкроттық туралы іс қозғау жөнінде ұйғарым шығарған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, уақытша басқарушы уәкілетті органға кепілге салынған мүлікке бағалау жүргізуге баға ұсыныстарын қабылдау туралы ақпараттық хабарды уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру үшін жібереді.

Уәкілетті орган ақпараттық хабарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

Банкроттықты басқарушы өзі тағайындалған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде кредиторлардың бірінші жиналысы таңдаған бағалаушының кепілге салынған мүлікке бағалау жүргізуін қамтамасыз етеді.

2. Банкроттықты басқарушы кепілге салынған мүлікті бағалау нәтижелерін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды кепілді кредиторға осы баптың 4-тармағына сәйкес кепілді кредитордың өтеуіне жататын соманы көрсете отырып, кепілге салынған мүлікті заттай қабылдау туралы ұсынысы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жібереді.»;

7-тармақтың 2) тармақшасында «уақытша» деген сөз «банкроттықты» деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 109-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«109-бап. Банкроттың міндеттемелерін тоқтату және оның міндеттемелерін үшінші тұлғалардың орындауы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде өзгеше көзделмесе, кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан кейін банкрот-заңды тұлғаның міндеттемелері тоқтатылады.

Кредиторлармен есеп айырысу аяқталғаннан кейін банкрот-дара кәсіпкердің міндеттемелері, сондай-ақ оның кредиторларының кәсіпкерлік қызметке байланысты емес міндеттемелер бойынша осы Заңда белгіленген тәртіппен қойылған талаптары тоқтатылады. Аталған кредиторлардың осындай тәртіппен мәлімдемеген талаптары, сондай-ақ мүліктік массадан толық көлемде қанағаттандырылмаған талаптар күшін сақтайды және банкроттық рәсімдері аяқталғаннан кейін борышкерге жеке тұлға ретінде өндіріп алу үшін қойылуы мүмкін. Бұл талаптардың мөлшері борышкердің банкроттығы процесінде алынған қанағаттандыру сомасына азайтылады.».

14. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

3-қосымша мынадай мазмұндағы 52-1-тармақпен толықтырылсын:

«52-1. Қаржы басқарушысы қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама.».

15. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 27-баптың 10-тармағының үшінші бөлігі 10) тармақшасындағы «ақшаға өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.» деген сөздер «ақшаға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

«11) өзіне қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рәсімді қолдану туралы іс қозғалған немесе рәсім қолданылған азаматтың банктік шоттарындағы ақшаға;

12) «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот арқылы банкроттық рәсімінде ақшаны есепке жатқызу үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотындағы ақшаға өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.»;

2) 46-баптың 7-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

«5-2) өзіне қатысты «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен банкроттық туралы іс қозғалған немесе өзіне қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен рәсімді қолдану туралы іс қозғалған немесе рәсім қолданылған борышкердің банктік шотына банктік шоттан ақша өндіріп алу туралы талап қойылған жағдайларда;».

16. «Коллекторлық қызмет туралы» 2017 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Коллекторлық агенттіктің атауында «ұлттық» немесе «республикалық» немесе «орталық» деген сөздер кез келген тілде толық немесе қысқартылған түрде болмауға тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Коллекторлық агенттік «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабына сәйкес басқа коллекторлық агенттікке үлестес болып табылмауға тиіс.»;

3-тармақ 3) тармақшасындағы «болып табылса, коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің он немесе одан да көп пайызын өзі дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп тікелей немесе жанама түрде иелене және (немесе) пайдалана және (немесе) оларға билік ете немесе бақылау жасай алмайды.» деген сөздер «болып табылса;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелсе, тұрғылықты жері немесе орналасқан жері болса, коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он немесе одан көп пайызын дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп тікелей немесе жанама түрде иелене және (немесе) пайдалана және (немесе) оларға билік ете немесе бақылау жасай алмайды.»;

2) 4-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес коллекторлық агенттіктің үлестес тұлғалары болып табылатын кредиторлармен коллекторлық агенттіктің берешекті өндіріп алу туралы шарт жасасуына тыйым салынады.»;

3) 5-бапта:

5-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) коллекторлық агенттік жұмыскерінің анық емес тегін және (немесе) атын және (немесе) әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы анық емес мәліметтерді хабарлауға;»;

мынадай мазмұндағы 9 және 10-тармақтармен толықтырылсын:

«9. Осы баптың 1-тармағының, 2-тармағы 1) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарының, 2), 3), 4) және 6) тармақшаларының, 5-тармағы 4) және 5) тармақшаларының талаптары банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша кредитордың мүдделерін білдірген кезде коллекторлық агенттіктің жұмыскерлеріне қолданылады.

10. Коллекторлық қызметті жүзеге асыру кезінде коллекторлық агенттіктің жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуына тыйым салынады.»;

4) 9-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

1) тармақшада:

«5),» деген цифрдан кейін «6-1),» деген цифрлармен толықтырылсын;

«алты ай ішінде үштен» деген сөздер «он екі ай ішінде үш және одан» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) есептік тіркеуден өту үшін ұсынылған құжаттарда анық емес мәліметтер мен ақпараттар анықталған;

1-2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жарғылық капиталдың ең төмен мөлшері жөніндегі талаптар сақталмаған;»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ұсынылуы талап етілетін есептілік белгіленген мерзімде бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) ұсынылмаған немесе уақтылы ұсынылмаған;»;

5) тармақшадағы «коллекторлық агенттіктердің тізіліміне енгізілген күннен бастап» деген сөздер алып тасталсын;

5) 11-баптың 3-тармағы 8) тармақшасындағы «бойынша беріледі.» деген сөздер «бойынша;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

«9) Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органға: «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдерді қолдану туралы арыз берген азаматқа қатысты сұрау салу негізінде осындай сұрау салу берілгенге дейінгі үш жыл ішіндегі кезең үшін;

10) қаржы басқарушысына: төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс қозғалған азаматқа қатысты сұрау салу негізінде прокурордың санкциясымен беріледі. Өкілеттіктерді растау мақсатында сұрау салуға соттың рәсімді қолдану туралы іс қозғау жөніндегі ұйғарымы қоса беріледі.»;

6) 12-бапта:

2-тармақта:

4) тармақшадағы «секцияларында» деген сөз «салаларында» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы «бір» деген сөз «үш» деген сөзбен ауыстырылсын;

12) тармақшадағы «босатылған жеке тұлға коллекторлық агенттіктің басшы жұмыскері бола алмайды.» деген сөздер «босатылған;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған жеке тұлға коллекторлық агенттіктің басшы қызметкері бола алмайды.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасайтын коллекторлық агенттіктің басшы қызметкерінің, жұмыскерінің бір мезгілде басқа коллекторлық агенттікпен еңбек және өзге де қатынастарда болуына тыйым салынады.»;

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі «және 12)» деген сөздер «, 12) және 13)» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 15-баптың 1-тармағының 14) тармақшасында:

«борышкермен өзара» деген сөздер «борышкермен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) үшінші тұлғамен өзара» деген сөздермен ауыстырылсын;

«өкілімен» деген сөзден кейін «және (немесе) үшінші тұлғамен» деген сөздермен толықтырылсын;

8) 18-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы «1),» деген цифрдан кейін «1-1), 1-2),» деген цифрлармен толықтырылсын.

17. «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

26-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі 34) тармақшасындағы «алуға міндетті.» деген сөздер «алуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 35) тармақшамен толықтырылсын:

«35) кредиттік бюроға коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтынушы туралы ақпарат беруге міндетті.».

2-бап.

1. Осы Заң, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 14-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі..

2. Осы Заңның 1-бабы 16-тармағы 2) тармақшасының, 3) тармақшасы алтыншы абзацының күші бұрын жасалған шарттардан туындаған қатынастарға қолданылады.

3. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін есептік тіркеуден өткен коллекторлық агенттіктер осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай ішінде өз қызметін осы Заңның 1-бабы 16-тармағы 1) тармақшасының, 6) тармақшасы төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтарының талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 30 желтоқсан
№ 179-VII ҚРЗ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

1) 62-бапта:

бірінші бөліктегі «басқа, тұлға – әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап екі ай өткеннен кейін, ал Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасын бұзғаны үшін оны жасаған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін» деген сөздер «басқа кезде, тұлға әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап екі ай өткеннен кейін» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы «Қаржы саласында» деген сөздерден кейін «, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, оңалту және банкроттық кезінде» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 14-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«14-тарау. Кәсіпкерлік қызмет, сондай-ақ оңалту, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар»;

3) 176-баптың тақырыбындағы «Оңалту және банкроттық» деген сөздер «Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді оңалту және олардың бакроттығы» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 176-1 және 181-1-баптармен толықтырылсын:

«176-1-бап. Дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы кезіндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттер

1. Мүлікті немесе мүліктік міндеттемелерді, мүлік, оның мөлшері, тұрған жері туралы мәліметтерді не мүлік туралы өзге де ақпаратты жасыру, мүлікті өзгенің иелігіне беру, мүлікті иеліктен шығару немесе жою, сол сияқты құқық белгілейтін құжаттарды жасыру, жою, бұрмалау, егер бұл әрекеттерді дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген Қазақстан Республикасының азаматы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімінде жасаса, –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген Қазақстан Республикасы азаматының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімінде басқа кредиторларға көрінеу залал келтіре отырып, жекелеген кредиторлардың мүліктік талаптарын құқыққа сыйымсыз қанағаттандыруы –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

«181-1-бап. Қазақстан Республикасының азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы заңнамасын қаржы басқарушысының бұзуы

1. Қаржы басқарушысының Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті органға оның интернет-ресурсында орналастыру үшін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау және кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі туралы хабарландыруды, белгіленген тәртіппен қалыптастырылған кредиторлар талаптарының тізілімін жіберу жөніндегі міндеттерді орындамауы не тиісінше орындамауы, сол сияқты кредиторлардың мәлімделген талаптарын қарау нәтижелері бойынша шешімді уақтылы қабылдамау –

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Қаржы басқарушысының мүлікке түгендеу, бағалау жүргізу, борышкерден оның мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, оның мүлкін өз басқаруына қабылдау жөніндегі міндеттерді орындамауы, сондай-ақ төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалғанға дейін борышкердің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген талаптарды бұза отырып жасаған мәмілелері анықталған кезде мүлікті борышкердің мүліктік массасына қайтару жөнінде шаралар қабылдамауы –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Сотқа қаржы басқарушысының қорытындысын, банкроттық міндеттемелерін тоқтату үшін негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы қорытындыны, қорытынды есепті, сол сияқты сотқа және талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторларға борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің түпкілікті жоспарын ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау –

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Кредитордың жазбаша сұрау салуы негізінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын әзірлеу барысы туралы ақпаратты беру жөніндегі міндетті орындамау –

ескерту жасауға алып келеді.

5. Қаржы басқарушысының «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген, белгіленген тәртіпті, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы бойынша мемлекеттік басқару саласындағы уәкілетті орган айқындаған борышкердің мүлкін сату бойынша электрондық аукцион өткізу тәртібін бұза отырып, борышкердің мүліктік массасын иеліктен шығаруы, кредиторлармен есеп айырысулар жүргізуі –

отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

6. Қаржы басқарушысының басқа кредиторларға көрінеу залал келтіре отырып, жекелеген кредиторлардың мүліктік талаптарын құқыққа сыйымсыз қанағаттандыруы, егер бұл әрекеттер сот арқылы банкроттық кезінде жасалса және оларда қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

7. Осы баптың бірінші және төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

8. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

9. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) –

алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

10. Осы баптың бесінші және алтыншы бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

5) 182-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«182-бап. Әдейі банкроттық

1. Заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің әдейі банкроттығы, яғни заңды тұлға немесе дара кәсіпкер банкрот деп танылғанға дейін үш жыл ішінде құрылтайшының (қатысушының), лауазымды адамның, заңды тұлғаны басқару функциясын жүзеге асыратын тұлғаның, сол сияқты дара кәсіпкердің кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындаудан жалтару мақсатында жеке мүддесі немесе өзге тұлғалардың мүдделері үшін мүлікті иеліктен шығару немесе жасыру арқылы жасаған әрекеттері, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

жеке тұлғаға – екі жүз айлық есептік көрсеткіш, заңды тұлғаға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Азаматтың әдейі банкроттығы, яғни азаматтың өзі банкрот деп танылған күнге дейін үш жыл ішінде орындалмауы банкроттық үшін негіз деп танылған міндеттемелер туындаған күннен кейін кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындаудан жалтару мақсатында мүлікті иеліктен шығару немесе жасыру арқылы жасаған әрекеттері –

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

6) 684-баптың бірінші бөлігі «176,» деген цифрлардан кейін «176-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

7) 720-баптың бірінші бөлігі «181,» деген цифрлардан кейін «181-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

8) 804-баптың бірінші бөлігінің 31) тармақшасы «176,» деген цифрлардан кейін «176-1,» деген цифрлармен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті**
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 30 желтоқсан
№ 180-VII ҚРЗ